

ҚҰДИЯРБЕК АҒЫБАЕВ
АЙНАЛАЙЫН

ҚҰДИЯРБЕК АҒЫБАЕВ

Құдиярбек
АҒЫБАЕВ



АЙНАЛАЙЫН

Құдиярбек АҒЫБАЕВ

АЙНАЛАЙЫН

Балаларға арналған:

- өлеңдер,
- жұмбақтар,
- әңгімелер,
- ертегілер және анимациялық фильмнің сценарийлері

«Баспалар үйі» АҚ
Алматы – 2015

ӘОЖ 821.512.122-93-3

КБЖ 84 (5 Қаз) - 7

А 23

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін
басып шығару» бағдарламасы бойынша жарық көрді

Ағыбаев Құдиярбек.

А23 Айналайын / Құдиярбек Ағыбаев. – Алматы: «Баспалар үйі», АҚ,
2015. – 192 бет.

ISBN 978-601-7565-09-1

Құдиярбек Ағыбаев – парасатты педагог, көп жылдардан бері балаларға арнап алуан тақырыпта өлең, әңгіме жазумен шұғылданады. Қолдарыңыздағы «Айналайын» деп аталатын кітаптың «Жануарлар мен жәндіктер әлемі», «Қуыршақ-ау, қуыршақ», «Мен де сарбаз боламын», «Балапанға базарлық» деп аталатын бөлімдерінде оның өлең топтамалары, жұмбақтары мен әңгімелері, ертегілер мен анимациялық фильмдерге жазған киносценарийлері енгізілген.

Кітаптың тілі оқуға жеңіл, тартымды, берер тағылымы да мол. Жас бүлдіршіндерге, мектеп оқушыларына, сонымен қатар, мұғалімдер мен ата-аналардың кәдесіне жарайды деген ойдамыз.

ӘОЖ 821.512.122-9-3

КБЖ 84 (5 Қаз) – 4

ISBN 978-601-7565-09-1

© Құдиярбек Ағыбаев, 2015

© «Баспалар үйі» АҚ, 2015

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Ата-аналарға!

Сөздің іздеп сарасын,
Көздің ақ пен қарасын,
«А й н а л а й ы н !..» – дейді екен,
Қазақ қана, баласын.

Отқа түскен – бала үшін,
Суға түскен – бала үшін,
Бар өмірін арнаған,
Қазағым, сен, данасың!..

Балаларға!

А й н а л а й ы н, өренім,
Аса берсін өнерің.
Болашағы елімнің,
Сендерсіңдер, сенемін.

Дүкенге де барасың,
Көп ойыншық аласың.
Ең керекті білімді,
Тек, кітаптан табасың!..

БІРІНШІ БӨЛІМ



ЖАНУАРЛАР МЕН ЖӘНДІКТЕР ӘЛЕМІ



КӨБЕЛЕКТЕР

Көбелектер,
Қос қанат көбелектер,
Жүрегі бар кішкене самолеттер,
Ілестіріп келдің бе, ақ жауынды,
Жер көгерсін,
Құй жауын, себелеп бер.

Достарыммен мен де бір танысайын,
Жалаңаяқ жаңбырда жарысайын.
Қанатыңа көп гүлді тағып алған
Сенен неге мен енді қалысайын.

Ілестіріп әкетші өзіңменен,
Қиындыққа шыдайын төзімменен,
Сәлем беріп қайтайын
Көкешіме,
Шекараны күзетіп көз ілмеген.

Көбелектер,
Сені ұстап ала алмадым,
Ұшып кетсең,
Мен тағат таба алмадым.
Бантик етіп жүрейін, қорықпашы,
Қонақтасы қолыма,
Ақ арманым!

АҚ БАЛЫҚ

– Бір құлаштай ақ балық,
Қармағымды қапқаны, –
Деп, Әліпбек мақтанып,
Өтірікті соққаны.

Тауысып бар тағатты,
Келсек, тығып қойыпты.
Кіп-кішкентай шабақты,
Мысығы жеп қойыпты.

ТҮЛКІНІҢ ТҮЙСІГІ

Жортаңдаған түлкімін,
Ештеңеден саспаймын.
Тікенегін кірпінің
Аяғыммен баспаймын.

Әрбір істі алдағы
Айтпай біліп қоямын.
Алдаймын да қарғаны,
Ірімшікке тоямын.

Мен айлакер түлкімін,
Алдау – менің өнерім.
Таба алмаймын бір тыным,
Күнде түнде желемін.

Қияпатым тамаша,
Көрген емен шағынып.
Қасқырың да қаласам,
Кетер маған жағынып.

Алдауыма ергенде,
Қиын нәрсе жоқ маған.
Арыстан да кей-кейде,
Айтқаныма тоқтаған.

Жүргенімде қыдырып,
Жолықтырсам тауықты,
Сілекейім шұбырып,
Ұмытамын қауыпті.

Бұл сөзіме күлмегін,
Аң еркесі түлкіні,
Танымай қап жүрмегін,
Кезіктірсең бір күні.

КІРПІ

– Ешкім маған тимесін,
Тиіп кетсе түйресін!..-
Дейді, Кірпі, тікірейтіп,
Жонындағы инесін.

Жапыраққа жамылған,
Жемін іздеп сабылған,
Жылан менен тышқанның
Маңайынан табылған,

Кірпі деген жануар,
Оныңдағы жауы бар.
Аң біткенге, сонда да,
Мінезі жоқ жағынар.

Ұйықтап жатқан Кірпіге,
Тікенекті түрпіге,
Қасқыр түгілі айлакер,
Бата алмайды Түлкі де!..

АҚ ТИІН

Қарағайды көрдің бе,
Жаңғақтарын тердің бе?
Ақ тиінді үйретіп,
Қолыңнан жем бердің бе?

– Ақ Тиінім, кел! – дегін,
Қолымнан кеп жем жегін,
Шаға бермей жаңғақты,
Билеп, маған, бер! – дегін!..

ҚАСҚЫР МЕН КІРПІ

(халық ертегісінен)

Кірпі келе жағыр ед домаландап,
Аш қасқыр көріп қалды оны аңдап.
Оңай олжа таптым деп бас салғанда,
Тұмсығы қан жоса боп, қалды зарлап.

«Ұялған тек тұрмас» деп, қасқыр айтты:
– Кірпіжан, көңілге алма болған жайтты.
Бетіңнен сүйейін деп, құшақтап ем,
Қырынбаған екенсің, қатты батты.

– Ұят болды-ау, Қасеке, – деді Кірпі,
Сақал-мұртым болғандай саған түрпі.
Азуларың қағылып, біткен кезде,
Қырынамын сол кезде, болмай күлкі.

ТҮЛКІ МЕН ҚҰМЫРА

(халық ертегісінен)

Егіндікке шыққан әйел асығып,
Шаршағанда ішемін деп, ашығып,
Сүтке толы құмыраны қояды,
Қалың шөптің арасына жасырып.

Бұны көріп, Түлкі келді ұрланып,
Сүтке тойып алайын деп, бір қанып.
Басын сұғып, кептелгенде құмыра,
Әлек болды, шығара алмай жынданып.

– Ау, құмыра, жіберші! – деп, өтінді,
Өлердегі сөзін айтты не түрлі.
Тіл алмаған құмырадан өш алып,
Тұншықтырмақ болып оны бекінді.

Құмыраға, басын қысқан кептеліп,
Ыза буып, ашуланып, кектеніп:
– Сені суға батырамын! – деп, Түлкі,
Секіргенде өзі суға, кетті өліп.

ТАСБАҚА МЕН ҚҰРБАҚА

(халық ертегісінен)

«Тасбақаға татымды,
Айтайын бір нақылды»,
Деп, бір күні құрбақа
Көлшігіне шақырды.

Қонағына шаттанып,
Қуанышын ақтарып,
– Бұл көлшікте талай жыл,
Тұрам, – деді мақтанып.

Жауап қатты Тасбақа:
– Менің ойым – басқада,
Асау толқын тербеген,
Мұхит маған баспана!..

Бақа айтты:
– Досым-ай,
Сөздеріңнің тосыны-ай!
Мұхит, сонда, үлкен бе,
Көлшігімнен осынау?!.

ҚОЛТЫРАУЫН

Зоопаркте жатыр жұлып,
Ағаштардың жапырағын,
Жұмыртқаны жарып шығып,
Құртақандай қолтырауын.

Балапан деп, ойлап едім,
Жасыл екен. Түсін көріп,
Қасына кеп, ойнап едім,
Қорқып кеттім тісін көріп.

Қолтырауын – кішкентай, бұл,
Жыртқыш екен, қауып қылған.

Бөренеге ұксап-ақ тұр,
Су бетінде қалқып тұрған.

ӘТЕШ

– Неткен маубас баласың,
Күнде ұйықтап қаласың,
Ертеңгісін кешігіп,
Сабағыңа барасың!..

Саған сөзім өтпеді,
Адам болсаң, тек, мейлі,
Будильниктің үні де
Құлағыңа жетпеді!..-

Деп, ағасы, Батырды,
Әңгімеге шақырды.
Батыр енді ойланып,
Жауап қатты татымды:

– Күнде ұрыс есітпей,
Будильникпен өшікпей,
Әтеш сатып әперсең,
Жүрер едім кешікпей.

Қанаттарын таратып,
Қояр едім боятып.
«Ку-ка-ре-ку!» – деп,
Әтешім,
Тұрар еді оятып!..

МАҚТАНШАҚ МАСА

Маса айнаға қонады,
Айналаны шолады.
Тұмсығына көз салып,
Көркіне көңілі толады.
«Ер мұрынды екем» деп,

«Кім бар маған жетер» деп,
Тұрған кезде –
Жапсырды,
Айнаға, оны, Шекербек.

ИНЕЛІК

Жұпарына жас құрақтың
Неге сонша құмарсың?
Сыбдырын да бал-бұлақтың
Түсінетін шығарсың?

Мөлдіреген су бетіне
Қызығумен жүрмісің?
Сұлу бейне суретіне
Көзің тоймай тұрмысың?

Су бетінде таппай тыным,
Жерге қонбай заулайсың.
Ұшқан кезде ұқсап түрің,
Тікұшақтан аумайсың.

Әлде, бұлақ суын тұнық,
Лайлап біреу кетті ме?
Жас құрақтың бәрін жығып,
Сені өкпелетті ме?!

Теледидар антеніндей,
Мұрттарың да қызық-ақ,
Кемелердің желкеніндей,
Қанаттарың ұзын-ақ.

Тілегіме құлақ асып,
Тыңдашы сен, Инелік,
Жалаңаяқ қуаласып,
Көк майсада билелік!

ТЫРНАЛАР

Тырналарым, туған жерге жеттіңдер,
Қаншама мың шақырымнан өттіңдер,
Ұмыта алмай қанат қаққан ұяңды,
Қаншама ай, өтсе-дағы көп күндер.

Көк майсалы жеріңе жер жетер ме,
Айдын шалқар көліңе көл жетер ме?
Тырналарым, сені біз де сағындық,
Туған елге оралмапсың бекерге.

ШЕГІРТКЕ

Секеңдеп ән салып,
Шегіртке көңілді.
Қуана жар салып,
Жырлайды өмірді.

Көкорай – мекені,
Көк шалғын – көрпесі.
Сайрандап кетеді
Тоғайдың еркесі.

Асыр сап ойнауда,
Қарыны тоқ оның.
Ертеңін ойлауға
Уақыты жоқ оның.

Байқатпай тез келер,
Күз барын, қыс барын,
Тек, уақыт сездірер,
Өмірдің ызғарын.

ТОТЫҚҰС

Тотықұсым, кел бері,
Сұлу құссың жердегі.
Өлең айтып, ән айтып,
Көңілдендір, сен, мені.

Құбыласың түрленіп,
Түрлі-түсті түрге еніп,
Адамдарша сөйлейсің
Сол сырынды білмедік!..

АСАУ ТАЙ

Ала жаздай ұстамай,
Кең жайлауға босаттым.
Әдейі кеп ұстаға,
Айдай таға жасаттым.

Үркек бопсың шапқылап,
Келмейді ме түсінгің.
Әзер жүріп қақпалап,
Қолға сені түсірдім.

Брық бермей сен кейде,
“Асау тай” деп атандың,
Біле белсең мен де үйде
Тентегімін атамның.

Ешбір тайға тең көрмей,
Атам сені мақтайды.
Тайбурылдан кем көрмей,
Шаң жуытпай баптайды.

– Осы өңірге белгілі,
Мұның тегін жай деме,
Мақсатым да ендігі,
Қоссам деймін бәйгеге.

Мүмкін, мұны жаратып,
Шабатұғын боларсың.
Елді аузыңа қаратып,
Бас бәйгені аларсың, –

Дейді ағам, күлімдеп,
Қияқ мұртын сипап бір.
Осы сұрақ бүгін, тек,
Мені ойлантып қинап тұр.

* * *

...Екі тентек табысты,
Ерік алар ма екенбіз.
Қолымыздан намысты
Беріп алар ма екенбіз!?.

АҚ ЛАҒЫМ

Көк майсада қап-қалың,
Секеңдеген, ақ лағым,
Қозылардан бөлініп,
Ешбір тыным таппадың?

Жүр екен деп: «Бақта, кім?..»
Барсам, тағы, ақ лағым.
Сенің сотқарлығыңды
Құпия ғып сақтадым.

Сені қорғап, ақтағым,
Келіп-ақ тұр мақтағым.
Ұнамайды, бірақ та,
Сүзгілесіп жатқаның?..

ҚОШАҚАНЫМ

Қошақаным – ермегім,
Шақырғанда келмедің.
Енесіне жабысқақ,
Ерке қозы, сен бе едің?..

Айтқаным көнбедің,
Сендей «бұзық» көрмедім.
Үлкен тілін алмайтын
Тентек бола бермегін.

«Қошақаным!..» дегенге,
Қызғанады енең де.
Ойнамасаң менімен –
Байлап қоям көгенге.

КЕРІК

Әдейі арнап, осы жолы, ініме,
Не сыйласам екен, туған күніне?..
Жаратпады дүкендегі не түрлі,
Мен ұсынған сыйлықтардың бірін де.

Құлағыма сыбырлап ол, тіл қатып,
Деді: «маған, керек емес, сыйға түк,
Зоопарктен Керік сатып әперсең,
Қояр едім, алма, алмұрт жинатып!..».

БӨРІБАСАР

Ит сырттаны – Бөрібасар,
Қырағы жоқ сенен асар.
Қажет кезде айбат шегіп,
Қасқырлардың жолын тосар.

Бөрібасар – сақ құлағым,
Түні бойы шапқыладың.
Ит-құс малды жемесін деп
Отар шетін қақпаладың.

Бөрібасар – көмекшім
Із кесуге зерексің,
Шекарасын Отанымның
Қорғауға да керексің!

МОЙНАҚ

Күшік алдым – ерек,
Тұқымы да бөлек.
Құртақандай болса да,
Ақылы бар зерек.

Аты оның – Мойнақ,
Асыр салып ойнап,
Біреу маған тиіссе,
Алады оны шайнап.

Қыр соңымнан қалмай,
Жүгіретін талмай,
Көрдің бе, сен, күшікті,
Қылығы бар, сондай?

МЫСЫҒЫМ

Мышым, мышым, мысығым,
Көз қысатын қысығым.
Тамақ исін сезгенде
Жағалайтын пысығым.

Мышым, мышым, марғауым,
Жетер, енді, алдауың.
Түсінбей-ақ қойдым мен,
Ұйқыңның бір қанбауын.

Мышым, мышым, мияуым,
Тәтті-ау сенің, қиялың.

Ұйықтаған боп жатасың,
Қашан көрсен – ояуым.

Мышым, мышым, мысығым,
Иіс сезгіш пұшығым.
Қамбадағы тышқанның
Аңдып жатқан тысырын.

Мышым, мышым, мұрыным,
Пыр-пыр еткен пырылың.
Бұлғаңдайды құйрығың,
Құйрығыңдай ұрының!..

БОТАҚАНЫМ

Ботақаным – бүлкілдек,
Үрпек жүнің үлпілдеп,
Кетпесін деп алысқа
Қасымда тек, жүрсін деп,

Мойнын созып анашың,
Тұр ма саған, зіркілдеп.
Ботақаным – бөкешім,
Алшаң басып өтесің.

Ажырамай анаңнан,
Тастап мені кетесің.
Сағынатын болды ғой,
Енді сені, көкешің.

Ботақаным – боташым,
Ұзын сирақ – қопашым.
Жақындасам қасыңа
Жатырқайсың қашасың.
Қашан маған бауыр басып,
Құшағыңды ашасың!..

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ ҮНІ

Өрістен келгенде,
Қой-ешкі **маңырайды.**
Енесін көргенде
Төлдері жамырайды.
Сиыр – **мөңірейді.**
Түйе – **бақырады,**
Жылқы – **кісінейді,**
Есек – **ақырады.**
Ит – **үріп,** өзі сақ,
Отарды қорып жүр.
Ізіне түсіп ап,
Ит-құсты торып жүр.

Пештің түбін көргенде,
Пырылдайды – пұшығым.
Тамақ сұрап келгенде,
Мияулайды – мысығым.

ҚҰСТАР ҮНІ

Қаз-үйрек – **қаңқылдайды,**
Сұңқар – **саңқылдайды.**
Аққу қонып, айдын көлге,
Сыңарына – **сұңқылдайды.**

Қара қарға – **қарқылдайды,**
Қыран бүркіт – **шаңқылдайды.**
Көк жүзінен жемін көрсе,
Көзі оттай жарқылдайды.

Тұмсығымен жемін тауып,
Тоқылдақтар – **тоқылдайды.**
Қулығымен ебін тауып,
Сауысқандар – **шақылдайды.**
Шырылдайды – бозторғай,

Үні саған жете ме?
Үілдейді – көгершін,
«*Бытпылдық*» – дер, бөдене.

Көкек отыр өз атын,
«*Көкек*»-деумен, жар салып,
Бұлбұл құсым – *сайрайды*,
Шаттанады ән салып.

Қарлығаш *құйқылжытып* ән салады,
Табиғаттың көркіне тамсанады.
Жауын жауса қуанып, елмен бірге
Қанатымен себелеп қарсы алады.

Кекілік – тобын бастап,
Суатқа жақындайды.
Секіріп тастан-тасқа,
«*Қыт-қыттап*» қақылдайды.

БАЛАПАН

(әні бар)

Қанаттарың қатайып,
аяқтарың бекініп,
Менің балапандарым,
өстіңдер ме жетіліп.
Ұзап кетпей алысқа,
жүріңдерші жанымда,
Жоғалтып ап сендерді,
қалмайыншы өкініп.

Қайырмасы:

Әппақ, әппақ балапан,
Сары қанат балапан.
Ақ қанатты балапан,
Қоңыр қанат балапан.

Шақырғанда жаным,
Келіңдерші, балапан!
Қалып қоймай соңымнан
Еріңдерші, балапан!

“Тө-те-леген!” кезімде,
маңайыма келесің,
Алдарыңа тастаған,
жемдерінді тересің.
Таласушы болмаңдар,
бәріңе де жетеді,
Тыңдамайтын үлкенді,
“тентек екен!” демесің.

Қайырмасы.

Болмашыға таласып,
арлы-берлі сабылып,
Шуламаңдар беталды,
маған келіп шағынып.
Өздеріңдей сүйкімді,
балапанға қауіп көп,
Іздегенде жанымнан,
жүріңдерші табылып.

Қайырмасы.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ҚУЫРШАҚ-АУ, ҚУЫРШАҚ

(Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған өлеңдер мен жұмбақтар)



ҚУЫРШАҚ-АУ, ҚУЫРШАҚ

Қуыршақ-ау, Қуыршақ,
Қандай жақсы жуынсақ.
Мамам саған ас үйде,
Пісіреді бауырсақ.

Күні бойы тостың ба,
Үндемейсің тоқсың ба?
Ұрысты деп, сен маған,
Өкпелеген жоқсың ба?

Бантик тағып берейін,
Тентексің-ау демейін.
Мамама ұқсап, әлдилеп,
Айтқаныңа көнейін!..

ТЕРЕЗЕ

Күннің көзі бөлмеге,
Терезеден тарайды.
Самолетпен жерге де
Терезеден карайды.

Жауында да, қарда да,
Пана болып тұрады.
Ойнайын деп сәл ғана
Тиіп кетсең сынады.

Емес сірә, таусылар,
Сыртта нөсер құйып тұр,
Терезені тамшылар
Демілдете жуып тұр!..

МЕРУЕРТ

Ақылды біздің қыз, Меруерт,
Хор қызындай болып көрінед.

Қырық жігіт биге кеп шақырса
Аяғын басуға ерінеді!..

ӘЖЕСІНІҢ ЖАНАТЫ

“Саясында жүретін,
Садағасы болатын...”,
Кім бар екен білетін,
Әжесінің Жанатын.

Жанат үйде бір бұзық,
Осынысы дұрыс па?
Қоя алмайды тұрғызып,
Ешкім оны бұрышқа.

Әжесіне жабысқақ,
Ажырамас бір елі,
Өзгелермен ұрысқақ,
Тек, әжесі тірегі.

Бір балаға қосылмай,
Тасасында перденің,
Отыратын осындай,
Бар ма қызды көргенің?!

ОРАЗҒА

Қалам алып, Оразға,
Сурет салдым қағазға.
Ұқсап шықты суретім
Қыт-қыттаған қоразға.

АМИНАҒА

Саусақтарың – томпақ,
Екі бетің – балпақ,
Жүзің айдай толды,
Кигізіп ем қалпақ.

Қолың созып, ботам:
«Ата!» дейсің маған.
Ойыншықпен ойнаған,
Кіп-кішкентай адам.

Жүргенің де қызық,
Күлгенің де қызық.
Кірген сайын ақылың,
Боп барасың бұзық.

Дүкен жаққа бардым,
Көйлек сатып алдым.
Киіп едің – ұнатып,
Маңғаздана қалдың.

Айна алдында тұрып,
Мойыныңды бұрып,
Кірпіктерің төгіліп,
Нені тұрсың, ұғып?..

Тәй-тәй басып жүріп,
Мәз боласың күліп.
Өсе берші, ботам,
Дүние сырын біліп!..

«БАНАН АПА» МЕН «МҰРТ АТА»

Келген сайын банан әкеп беретін,
Апайды ол сондай жақсы көреді.
Ертеке айтып, ойнататын мұртымен,
Атайды да сондай жақсы көреді.

«Банан апа» үйге келсе қуанып,
«Мұрт атамен» ойнайды ол жұбанып.
– «Банан апа», «Мұрт атаның» үйіне,
Барайықшы, – дейді, кейде сұранып.

Банан әкеп тұратұғын апайды,
Мұртыменен ойнататын атайды,

«Банан апа», «Мұрт ата» деп, бүгінде ел,
Немереміз қойған атпен атайды.

ӘЖЕ МЕН БАЛА

*Америка Құрама Штаттарында дүниеге келіп, бес жасында
туған елге оралған немерем Тоғжанды Астанадағы қазақ балалар
бақшасына берген едік. Бірінші күні балабақшадан келген Тоғжан
әжесіне өзінің ренішін былай білдірді:*

– Бакшадағы досыма,
Жақын келіп қасына,
Тіл қатып ем қазақша,
Қарап қалды тосыла.

Ағылшынша қақпайды,
Қазақша тіл қатпайды.
Апай ғана менімен,
Сөйлеп, ауыз жаппайды.

Бір-бірімен орысша,
Сөйлеседі жосыла.
Өзің, жиі айтатын,
Қазақстан – осы ма?!

...Әже сөзден бөгелді,
Жауап тауып көр, енді.
Алдай алмас ешкім де,
Кіп-кішкентай өренді!

ӘЖЕ МЕН НЕМЕРЕ

– Күлімдеші, әже, – дейді Әнуар,
Күлімдейді көңілденіп әжесі.
– «Күнім!» деші, әже, – дейді Әнуар,
– «Күнім!» дейді, мейірленіп әжесі.

– «Айым!» деші, әже, – дейді, Өнуар,
– «Шамшырағым, айым!» дейді, әжесі.
– «Жаным!» деші, әже, – дейді Өнуар,
– «Жан шуағым, жаным!» дейді, әжесі.

– «Қошақаным, деші!» – дейді, Өнуар,
– «Қошақаным, қозым!» дейді, әжесі.
– Ботақаным, деші! – дейді, Өнуар,
– «Ботақаным, өзің!» дейді, әжесі.

...Мына сөзге таң қалады атасы,
Әсіресе, шамданады папасы:
– Бізді жақсы көресің бе?! – деп еді,
– Мүмкін! – деді, түсіндірмей себебін.

...Үш жастағы немересін айналып,
Әжесі отыр тебіреніп, толғанып.
Әжесі оның ермегі де, досы да,
Күні бойы бірге жүрген қасында!

ТОҒЖАН

– Төсегіңнен тұршы, Токаш! – деп еді,
Мамасының сөзін Токаш бөгеді:
– Жеп қоятын тәтті тоқаш болғанша,
Бақшадағы Тоғжан болғым келеді!..

АЙША

– Ата, қашан келесің!? – деп, төбеден,
Түскендей ғып сұрақ қойды немерем.
Телефонда үш жастағы Айшаның,
Үн қатқаны шуағына бөлеген.

– Ойыншық та, керегі жоқ, түгің де,
Сатып алма, – деді, маған, – бірін де.
Домбыра әкеп берші, Ата, одан да,
Күй тартамын, сенің туған күнінде!..

ӘНУАР

Әнуар інім ақылды,
Өнерге өзі жақын-ды.
Кітап түгілі оқиды,
Кейде, жазған хатыңды.

Атасынан бір елі,
Ажырамай жүреді.
Мақал менен мәтелдің
Көбін жатқа біледі.

Бірақ, сенбе, сен мейлі,
«Ф»-ға тілі келмейді.
«Футбол» десең, қашанда,
«Хутбол» дейді, көнбейді.

Атам да әзер шыдайды,
«Ф» әріпін сынайды.
«Фабрика» десең, ұнатпай,
«Пәбірік» десең, ұнайды!..

КЕТІК

Інісіне Әліпбек,
Былай деді, жетіп кеп:
– Енді, сенің, атыңды,
Қоямыз, біз, «кетік!» деп.

– Кетік, – деді, мазақтап,
Жылатуға аз-ақ қап.
Тұрғанын ол сезбейді,
Өз інісін мазақтап!

«P»-ҒА ТІЛІ КЕЛМЕСЕ

Рахия – апасы,
Разия – мамасы,

Рахима әпкесі,
Раушан да әпкесі,
Рыскелді – көкесі!..

Осы, «*Р*-дың» кесірі,
Айдаға сор болды.
Біреуінің есімін,
Атай алмай қор болды.

«*Р*-ға» тілі келмесе,
Неге, қинап сұрайды?
Атын атап бер десе,
Оған қалай шыдайды?

Үлкендер де бір қызық,
Түсінбейді, мұны, түк.
– Айт!.. – десе, қазір,
тұрғызып,
– Қалдым, – дейді, – ұмытып!..

ТҮЗЕЛБЕК

Осы, біздің, Түзелбек,
Қашан енді түзелмек.
Ваннаға су толтырды,
Теңізші боп жүзем деп.
Әкесі айтса – тұрмайды,
Анасы айтса – қыңбайды.
Үй ішінде, тек қана,
Атасын ол, тыңдайды.
Атасы оның тірегі,
Ерліктерін біледі.
Ордендерін үйдегі,
Мақтаныш қып жүреді.

БӘЙШЕШЕК

Гүл шешегі ашылып,
Күнге қарай бас ұрып,

Аспандағы жұлдыздар
Жатыр жерде шашылып.

Сыйға тартсам – кәделі,
Заты қандай әдемі.
Бәйшешек деп атаған
Аты сондай әдемі.

Көктем шыға елеңдеп,
Бәйшешекті терем көп.
Қар астынан іздеймін,
Жұлдыздарды көрем деп.

ҮСТІНДЕМІН ӨЗІҢМЕН БІР КЕМЕҢІҢ

Бар әлемнің жауһары –
Тілім менің!..
Тарихымнан сыр шертер жырым менің.
Небір зұлмат басыңнан өткерсең де
Тізе бүгіп, алдында бүгілмедің.

Ана тілде халқымның ән-күйі бар,
Тағдыры бар, тарихы, жан-күйі бар.
Бесік жырын тербетіп, әнге салған,
Құлағымда анамның әлдиі бар.

Сөзден алтын сарайды салдырған – тіл,
Үміт отын алдымнан жандырған – тіл.
Абай, Шоқан, Ыбырай өсиетін
Ұрпағына мұра етіп қалдырған – тіл.

Бар байлығым, асылым тілде менің,
Тағдырымды өзіңмен бір көремін.
Қандай қиын кезеңді өткерсем де
Үстіндемін өзіңмен бір кемеңің!

ТІЛІМ МЕНІҢ

Тілім менің,
Көріп сенің туыңның тігілгенін,
Жүрегімде қан ойнап шыға келді,
Қайта оралып келгендей тірілгенім!

Тілім менің!
Өзіңменен бір дер ем – Дінім менің.
Бесігімнен сіңірген құлағыма
Әлдиіне анамның жүгінгемін.

Тілім менің!
Өзің барда жоғалмас – Ділім менің.
Әліппені қолыма ап, көзімді аштым,
Сен арқылы ақтардым білім кенін.

Тілім менің!
Қаламадым тілімнің бүлінгенін.
Өзіңменен батады – кеш шапағы,
Өзіңменен атады – күнім менің!

Тілім менің!
Сен деп қана соғады үнім – демім.
Ахмет атам өсиет еткеніндей,
Басқа тілдің алдында бүгілмедің.

Тілім менің!
Жүрегімде күй ойнап, күлімдедім.
Абай атам арманы орындалып,
Той боп жатыр елімде бүгін менің!

* * *

Ана тілім байлығым,
Қуат берер айбыным.
Жан шуағын төгеді,
Өзіңменен Ай-Күнім!

Көкірегіме құйып нұр,
Бүкіл әлем сыйып тұр.
Сол әлемнің төрінде,
Сенің атың биік тұр.

Абай атам жырлаған,
Ана тілмен нұрланым.
Сеніменен қуанып,
Сеніменен мұңданам!

МАТРЕШКА БИ
(Орыс өлеңінің ізімен)

Би билеген, Қуыршақ қыз,
Алақай, алақай!
Біз әдемі қуыршақпыз,
Алақай, алақай!

Кидік қызыл сарафанды,
Алақай, алақай!
Байлап алып орамалды,
Алақай, алақай!

Біріміздің – бірімізге,
Алақай, алақай!
Ұқсап-ақ тұр түріміз де,
Алақай, алақай!

Билеп берсек келген елге,
Алақай, алақай!
Аяғымыз тимес жерге,
Алақай, алақай!..

* * *

Жасадық та ұқсатып,
Биші қызды билеген.
Мүсіншіге ұқсадық
Саз балшықты илеген.

БІРІНШІ МАЙ

Көгершін қағып қанатын,
Аспанға өрнек салатын,
Көгілдір туым желбіреп,
Алаңға халық баратын,

Бірінші Майды білемін,
Ұмытпай оны жүремін!

Көшелер гүлге бөленген,
Тербеліп әнмен, өлеңмен,
Әкеммен бірге ілесіп,
Қосылып әнге келем мен.
Ынтымақ,
Достық – тілегі,
Бірінші Май, ол,
Білемін!
Отаным байтақ, кең өлкем,
Жігіт боп өсем мен ертең,
Білім ап туған жеріме,
Бау-бақша егіп көгертем.

Қазақстаным,
Кең өлкем,
Құтты болсын,
Мерекең!..

* * *

Жақсылықты тілеп мың,
Анашымды жыр еттім.
Саған ұқсап бақшаға
Мен де бүгін гүл ектім.
Өміріңді бала үшін,
Арнадың ғой, анашым.
Түн ұйқыңды төрт бөлген,
Арқа сүйер панасың.

Қысылғанда – кенестім,
Өзіңе тек, теңестім.
Бәрінен де артықсың,
Кеміте алмас сені ешкім.
Қасиетті бар асыл,
Сенен таптым, анашым.
“Жақсы-жаман – немене?”
Ажыраттым арасын.

Жалқау болмай, әрдайым,
Сабағымды қамдайын.
Тек, өзіңді анашым,
Ренжітіп алмайын.
Апатайым, мұңайып
Қала көрме,
шыдайық!..
Үмітінді ақтармын,
Сеніміңе лайық!..

Немерем Әминаға

ТҮРІҢНЕН, СЕНІҢ, АЙНАЛДЫМ!

(Әні бар)

Аңсаған көптен, жүректе – көктем,
Періштем, менің, келдің де,
Қыр гүлі болып, дүлдүлі болып,
Өсе бер, ботам, елдің де.
Бұлбұлы болып, жұлдызы болып,
Өсе бер, ботам, елдің де.

Қайырмасы:
Әлдиім, менің,
Ән-күйім, менің,
Үніңнен, айналдым!
Айым боп туған,
Күнім боп туған,
Түріңнен, айналдым!

Сен келіп – ботам, қуанды – атаң,
Жапырағын жайып – жүрегім.
Көңілім тасып, таулардан асып,
Мәз болып, бүгін жүремін.
Көңілім тасып, мерейім асып
Мәз болып бүгін күлемін.

Қайырмасы.

Қиянда туған, арманды қуған,
Гүлдей ек шыққан өртеңге.
Өзіңмен бірге, бой түзеп күнге
Қараймын енді ертеңге.
Өзіңмен бірге, бой түзеп күнге
Қараймын бүгін ертеңге.

Қайырмасы.

БАҒДАРШАМ

Бағдаршамның көшемізде,
Үш көзі бар,
тым қызық.
Сол көздерін, неге, бізге,
Кезекпенен тұр қысып?!.

Қызыл көзі жанса,
– *Тоқта!..*
– Сақ бол!..
Саған, жабық жол!
Сары көзі жанған шақта,
Өтуге, сен,
Дайын бол!

Жасыл көзі – болсын сабақ,
Жанса ғана,
«*Өт!*» дейді,
Бағдаршамға өтсе қарап,
Ешкім зардап шекпейді.

ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ

Т Р А М В А Й

Үш жастағы Өліпбек, өзі бұзық,
Үлкендердің кетеді сөзін бұзып.
Трамвайдың атын да білмейді екен,
Өңгіме айтты, ентігіп, бізге қызық:

– Атам мені ауылдан ертіп келді,
Желдей есіп, поезбен келдік, – деді,
Алматының ішінен сол поездың,
Ұқсайтұғын баласын көрдік, – деді.

Т Р А М В А Й Д А Ғ Ы К А Ф Е

Інім айтты:

– Тыңдашы, мені, көке,
Трамвайдың ішінен көрдім кафе.
Елдер отыр демалып, тамақтанып,
Бұл сөзімде жоқ енді, ешбір қате.

Інімнің айтқанынан шыға алмай, мен,
Тапсырыс беру үшін бардым жәймен.
Сол күні туған күнін атап өттік,
Алматыны аралап трамваймен.

П О Е З Д

Поезд тоқтап, абыр-сабыр жақын маң,
Диктордың да даусы естілді жақыннан.
– Мама, қашан мінеміз, – деп, поезға,
Әнуар жүр зыр жүгіріп, шақырған.

Жүкшілер жүр, арбаларын итерген,
Туристер жүр, алыс-жақын шет елден.

Орналасып жатыр бәрі купеге,
Қол жүктерін жайғастырып, көтерген.

Әнуарға бәрі қызық басқаның,
Әр купенің есігін бір ашқаны.
Бір вагонда қанша купе болса оған,
Соның бәрі үй сияқты шап-шағын.

Жүгіріп жүр, вагон ішін аралап,
Әр купені санап шығар жағалап.
Көргендерін мамасына айтады,
Жіпке тізген моншақтай ғып жаңалап.

Қылығына шыдамаған, не түрлі,
– Ұйықтағын! – деп, мамасы жекірді.
Ал Әнуар:
– Астанаға жеткенде,
Мені, ұмытып кетпеңдер! – деп өтінді.

М Е Т Р О

Жер астында ертегідей қала бар,
«Метро» деп атайды оны балалар.
Алматыдан кетпес үшін адасып,
Бекеттерді көңіліңде санап ал.

Ертегі – әлем, соған сүңгіп кетесің,
Ұзақ жолды жылдам басып өтесің.
Бір сағатта барам деген жеріңе,
Метромен он минутта жетесің.

Т Р О Л Л Е Й Б У С

Электрдің сымдарына байланып,
Бағытпенен қатынайды айналып,
Жанармайды қолданбайтын, тап-таза,
Жолаушының көлігі, бұл, жайлы анық.

ТАКСИ

«Арзан такси» пайда болып тұрағы,
Қаламызда үлкендерге ұнады.
Асыққанда телефонмен шақырсаң,
Есігіңнің алдына кеп тұрады.

Тар көшемен емін-еркін жүреді,
Мекенжайдың бәрін жатқа біледі.
Отбасыңмен алыс жолдан келгенде,
Әуежайдан күтіп алар үнемі.

ҰШАҚ

Қыран құстай қанаттарын қомдаған,
Ұшақ ұшар көктің жүзін самғаған.
Әуедегі алып кеме секілді,
Құрылықты бір-бірімен жалғаған.

Әуежайдан көтерілер көкке өрлей,
Бұлттан асып, жұлдыздарға жеткендей.
Айшылық жер баратұғын жерінді,
Сезінесің аттап басып өткендей.

ТІКҰШАҚ

– Біздің қырға тікұшақ кеп қонды! – деп,
Айқайлады бәрімізге Жолдыбек.
Барлық бала құстай ұшып зуладық,
«Алғаш рет, қандай қызық болды» деп.

Ұшқышпенен тілдесіп те көрістік,
Кезекпенен жеке сәлем берістік.
Ең соңында ұшқыш болып шығуға,
Ағайменен қол алысып келістік.

КЕМЕ

Әкем, анам, әпкем – біз,
Отбасында төртеуміз.
Саяхатқа теңізге,
Аттанамыз, ертең, біз.

Желкені бар кемемен,
Жүзіп өтсем, егер, мен,
Асау толқын тулаған,
Көк теңізді көрер ем.

Желмен бірге жарысып,
Желкендермен алысып,
Теңізші боп шығамын,
Капитанмен танысып!

А В Т О Б У С

– Орын керек, аяғы ауыр анаға!..
– Орын керек кішкентай жас балаға!..
Деп, кондуктор автобустың ішінде,
Хабарлайды сағат салып араға.

Сол орынға отыр десем, отырмай,
Әнуарым қарап қалды тосырқай.
– Ата, – дейді, – сен тұрғанда мен қалай,
Отырамын орындыққа, осындай!..

БОРАНБЕК

1. Кеше

Тентек еді Боранбек,
Әжесінің баласы.
Тиісіп көр оған тек,
Жұғып кетер жаласы.

Кітап көрсе егерде,
– Менікі! – деп бермейді.
– Бірге оқиық! – дегенге,
Әсте бірақ, көнбейді.

Қалам, сызғыш, дәптер де,
Соныкі боп шығады.
Ол көз жасын төккенде,
Бәрі дайын тұрады.

Үш жас кіші болса да,
Тыңдамайды ағасын.
Бәрін тартып алса да
Шатағына қаласың.

Болмашыға ызыңдап,
Кітапты алып мақтанып,
Отырады пысылдап,
Суреттерін ақтарып.

Қарап көргін сенбесең,
Әріптерді білмейді.
– Үйретейін, кел! – десең,
Үйренгісі келмейді.

Бүгін билет циркке,
Алып кепті мамасы.
Боранбектің билетке
Ұмтылғанын қарашы!..

Цирк деген тамаша,
Орын екен кірмеген.
Енді байқап қараса,
Бұрын қалай білмеген?

Ала күшік, о несі?..
Маңғаздана қалыпты.

Көрсетті оған иесі,
Жерде жатқан әріпті.

– Көп әріптің ішінен,
“Т”-ны қане, тап! – деді,
Ала күшік тісімен
Тістеп оны ап келді.

Ақылды екен ол, аса,
Иесіне ұнады.
Қай әріпті қаласа,
Соны алып шығады.

Қолын соғып ел енді,
Мадақтады күшікті.
Боранбектің көр енді,
Басы төмен түсіпті.

“Әріптерді бола ма,
Күшік құрлы білмеуге?
Мен секілді баланы,
Болады енді, кім деуге?!”

Деп ол басын қатырды,
Жылауға да аз-ақ қап,
Ала күшік ақылды,
Тұрғандай-ақ мазактап...

2. БҮГІН

Мамасына сүйікті,
Жақсы бала болам деп,
Еркелігін тыйыпты,
Бұл күндері Боранбек.

Тұра алатын сөзінде,
Жігерлі ол бала екен.

Тұтанатын көзінде
Намысы да бар екен.

Шатастырып жүрмегін,
Тентектермен кез-келген.
Таба алмайсың бір де мін,
Мінезі де өзгерген.

Кеткенге де, өткенге,
Бұрынғыдай санасып,
Кітап, сызғыш, дәптерге,
Отырмайды таласып.

Әріптерді оңай-ақ,
Біліп алды бір өзі.
Сандарды да санай ап,
Шығара алып жүр өзі.

Бұл күндері Боранбек,
Кемшілігін түзеткен,
Көре қалсаң саған, тек,
Сәлем берер ізетпен.

ЖҰМБАҚ-ӨЛЕҢДЕР

БАҚШАДАҒЫ ДАҚЫЛДАР



* * *

Күннің көзін бағатын,
Содан нәрін табатын,
Кеш батқанда сап-сары
Кірпіктерін жабатын,
Дөп-дөңгелек «сағатым» –
Ол не?

(Күнбағыс).

* * *

Жазда оны орады,
Қамбаға дән толады.
Жапырағын тураса,
Малға азық болады.

Құшағында кекілді,
Сәби жатқан секілді.
Жаздай жатып толысып,
Жөргегінде жетілді.
Ол не?

(Жүгері).

* * *

Бақшадағы қорегі,
Суды жақсы көреді.
Қызанақтың алдында
Гүлдеп өнім береді.
Көктей үздім дейсің,
Көптеп үздім дейсің,
Тұздап алсаң бөшкеге
Қыстай оны жейсің –
Ол не?

(Қияр).

* * *

Сиятындай ақылға,
Бір сөз айтсам, мақұл ма?..

Адамдардың семізін
Теңеп айтқан дақылға.

Күзде әкеліп «соямыз»,
Ішкі бетін оямыз.
Қамырға орап, сонымен,
Ас мәзірін қоямыз.
Ол не?

(Асқабақ)

* * *

Ашуы – бір атар,
Жеп көрсең – жылатар.
Кез-келген аурудың
Емі ол жұбатар.

Қайда ол жүрмейді,
Кім оны білмейді?..
Онсыз еш тамақтың
Дәм-тұзы кірмейді –
Ол не?

(Пияз).

* * *

Шаймен ішсе – дәрумен,
Артық кейде – дәріңнен.
Тосап жасап алар ем,
Теру қиын бәрінен.
Сөздің айтсам кесімін,
Таба аларсың шешімін.
Бұл жемістің атымен –
Қыздың қойған есімін.
Ол не?

(Қарақат).

* * *

Арабия елдерінде өседі,
Бал шырыны тілді ойып теседі.

Оразада ауыз ашар онымен,
Жұмақтағы жеміс екен деседі –
Ол не?

(Құрма).

* * *

Қарықта жатыр дөңгелеп,
Кішкентай ғана дөңгелек.
Сарғайып әбден піскенде
Исі де бөлек, дәм бөлек.
Қауын да емес, қарбыз да,
Маған тәтті, сол керек.
Ол не?

(Әңгелек).

* * *

Жаз кезінде базар барсаң табылар,
Сарысы бар, торламасы, бәрі бар.
Қазан айы қазан болып кеткенде,
Хош иісін, шырын дәмін сағынар.
Ол не?

(Қауын).

* * *

Сырты қатты, іші тәтті, домалақ,
Доп секілді кетер кейде домалап.
Шертіп көріп, пісті екен деп жатамыз
Ішін жарып, қып-қызылын бағалап.
Жарылғанша жей бересің қарының,
Осыдан-ақ, таба аларсың жобалап.
Ол не?

(Қарбыз).

* * *

Күн нұрында қабағы,
Жерден нәрін табады.
Өнімдерін жасырып,

Тамырына салады.
Піскен шақта сабағы,
Жерден қазып алады.
Адамзаттың қазір ол –
Нан секілді тамағы.
Ол не?

(Картон).

* * *

Жер үстінде көгеріп,
Жер астында семіреді.
Қоян көрсе бөгеліп,
Тойғанынша кеміреді.

Шығарасың тереңнен,
Тартып жүріп бұрымынан.
Қыста оны көрем мен
Аққаланың мұрынынан.
Ол не?

(Сәбіз)

* * *

Қабат-қабат киініп,
Домаланып кетеді.
Піскен кезде қиылып,
Дастарханға жетеді.
Ол не?

(Қырыққабат).

* * *

Қиярменен қатар,
Салат жасап қоямыз.
Қыста дәмін татар,
Томат жасап қоямыз.
Ол не?

(Қызанақ).

* * *

Бала болсаң ұғымды,
Сөз айтайын – бұрынғы,

Аузыңа сап жіберсең,
Айтқызады шыныңды.

Аздау сепсең – дәмі бар,
Көптеу сепсең – мәні бар.
Ас ішерде іздейтін
«Әдетімді» тауып ал.
Ол не?

(Бұрыш).

* * *

Өзен-көлдің жағасын,
Іздеп жүріп табасың.
Магнитше тартады
Ауылдың бар баласын.
Шыдап қалай тұрасың,
Дәмін жесең ұғасың.
Аузы-мұрның қып-қызыл –
«Клоун» боп шығасың.
Ол не?

(Бүлдірген).

* * *

Саяжайдан көресің,
Қурай десе сенесің.
Таңмен бірге таласып,
«Бүлдіргенін» тересің.
Ол не?

(Таңқурай).

* * *

Бар ма сенің көргенің,
Көп ноқатты тергенің.
Төгіп алып тостақтан,
Жинап алып бергенің.

Анама осы дақылдан –
Тамақ істеп бер дедім.
Ол не?

(Асбұршақ).

* * *

Жұпар исі – тамақтың
Дәмін білгізеді.
Сепкен кезде салаттың
Сәнін кіргізеді.
Ол не?

(Аскөк).

* * *

Көктемде танапқа себеміз,
Өнімін зауытқа береміз.
Домалақ дақылдың ағарып,
Қант боп шыққанын көреміз.
Ол не?

(Қызылша).

* * *

«Алдыменен үзіп жеймін,
Бірте-бірте жүзін жеймін».
Тойғанымды сезінбеймін,
Тағы бер деп безілдеймін.

Шекер ме екен, бал ма екен,
Салбыраған, талда екен.
Атын тауып, дәл айтатын,
Бала, сірә, бар ма екен.
Ол не?

(Жүзім).

ҮШІНШІ БӨЛІМ

МЕН ДЕ САРБАЗ БОЛАМЫН! *(Мектеп оқушыларына арналған)*



ЖЕР ШАРЫ

Әр неге ауып ансары,
Білсем дейтін дер шағы,
Деп сұрады, бірде інім:
– Қандай осы, Жер шары?..

– Жер дегенің дөңгелек,
Тұрады ол дөңгелеп.
Орман, тауы сыңсыған
Онда мұхит, көл де көп.

– Жер дөңгелеп тұрады,
Қайда, сонда, тұрағы?..
Жауап бермей көр енді,
Түсіндір, деп жылады.

Туған жердің тау-тасын,
Қалалардың баршасын,
Доптың сызып бетіне
Түсірдім Жер картасын.

Үлкен ноқат астына,
Қаламыммен бастыра
– Күн сәулетті бас қала –
Деп мен жаздым: “Астана!”

– Міне, Бетпақдаламыз,
Мұнда да көп қаламыз.
Осы тұсқа біз енді
Байқоңырды саламыз!

Мынау біздің – жолымыз,
Арал, Балқаш – көліміз.
Болып шықты – Глобус,
Өзіміздің добымыз.

Інім айтты:
– Жер деген,
Көрмеген соң сенбеп ем,

Ғажап екен шынында,
Көз жіберсек зердемен...

Содан бері ол, мейлі,
Доп сұрасаң бермейді.
– Жермен адам ойнауға,
Болмайды!.. – деп көнбейді.

Осы қазір сайланып,
Ұшатындай Айға анық,
Жер шарына қарап тұр,
Үлкендерше ойланып...

ОРЫНДЫҚ

Алма, алмұрт терем деп,
Орындықтан құладым.
Там төбесін көрем деп,
Тағы да бір жыладым.

Атам айтты:
– Құласаң,
Тайға мініп құлағын!..
Бас үйретіп шығарсаң,
Мақтанамын, шырағым!

Атқа мінсе – шаба алар,
Бала тұрсын жарасып.
Орындыққа – ағалар,
Жүре берсін таласып!..

«БӨРІЛІ БАЙРАҚ» ДЕГЕН НЕ?

– Даласында Тұранның,
Жігерін жанып ұланның,
Ақындар, неге, арнаған,
Бөрілі Байраққа ұранын?..

Азуы алты қарыстан,
Бар емес пе еді, Арыстан?
Бабаларымыз тайсалмай,
Жолбарыспенен де алысқан.

Солардың бәрін ер дедік,
Дұшпанға ерік бермедік.
Орнына, неге, Бөрінің,
Арыстанды тең көрмедік?.. –

Деп, інім, он бір жастағы,
Бір қызық сауал тастады.
...Бір кітап оқып бітірсе,
Бір әлемді оның ашқаны.

– Тарих сыр шертсе көнеден,
Көк Түрік бабам – көреген.
Рухын көкке тіреген,
Көкбөріге өзін теңеген.

Айласыменен де, мықты адам,
Бар ма, аң, одан бұқпаған.
Көкбөрі, – дедім, – адамның,
Айбынынан да ықпаған!..

«Бөрі – арығын білдірмес...»,
Деген де бар бір тіркес.
Басқа аңдардай, ол, мойнына,
Арқан, бұғау ілдірмес.

Айдауына ермеген,
Айтқанына көнбеген.
Бодауында жүргеннен,
Өліп кеткенім жөн деген.

Бөріге – бөрі астамдық,
Жасамаған қастандық.

Бөрілі Байрақ, сондықтан,
Қанымыздағы – бостандық!

ОРИГАМИ

Қасқыр мен Керік, Пілдерді,
Алуан түрлі гүлдерді,
Қағазды бүктеп отырып,
Жасағанды кім көрді?!

Алдында мен де сенбедім,
Көрдім де ағам еңбегін,
Осыны ойлап шығарған,
Жапондар қандай, ел дедім?..

Оригамиге анықтап,
Қарап тұрмын, танып қап –
Сиқыр ма дерсің, бір кезде,
Аққулар шықты қалықтап.

* * *

Аспанды бұлт тасалап,
Күркірейді найзағай.
Жуды жаңбыр тазалап,
Шатырларды айнадай.

Көше жым-жырт.
Бәрі үйде.
Сыртта нөсер тұр құйып,
Жаңа туған сәбидей,
Көк те шықты қылтиып...

КҮНТІЗБЕ

Екі түрлі күнтізбе,
Сатып алдым, бір күнде.

Екі түрлі болуы,
Жыл басының мүмкін бе?!.

Мүмкін емес,
Бұл анық,
Аспанда – Ай,
Күн – анық.
Екі мәрте жыл басын,
Керек емес, шығарып.

Наурыз – елдің тынысы,
Наурыз – жердің ырысы.
Күн менен Ай теңескен,
Мерекенің ұлысы!..

Ұлыс күнге асығып,
Мәртебесін асырып,
Күнтізбеге қояйық,
Жылымыздың басы ғып!..

ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ

НАУРЫЗ АЙЫ

Құмырысқалар іннен шығып зырлайды,
Кесірткелер бір орнында тұрмайды.
Жабайы қаз солтүстікті бетке алып,
Қаңқылдайды, көктем әнін жырлайды.

Көктембіл қар еріп жатыр түздегі,
Сағынғандай дене қарып қыс лебін.
Алтын арай, қызғылт күнді көресің,
Бұлт емес ол, аққулардың тізбегі.

Наурыз келді, жылдың басы, жаңа күн,
Жан бітіріп, жер-дүние алабын.
Диқан біткен қарбалас күй кешуде,
Қырға шығып, өңдеп егіс танабын.

КӨКЕК АЙЫ

Көкек келді, көгеретін кез келді,
Жан-жануар көктем лебін сезді енді.
Найзағайдың шартылынан оянып,
Гүлдер қаулап, жер-дүние өзгерді.

Көкек айын атайды ел сәуір деп,
«Сәуір келсе – жағдайымыз тәуір» деп.
Әрбір күні жылға азық болғандай,
Сәуірімде жер көгертер жауын көп.

МАМЫР АЙЫ

Ағаш бүрлеп, жасыл желек жамылды,
Алмұрт гүлдеп, шешегіне малынды.
Қарлығаш пен қараторғай күнұзақ,
Балапанға жемін тасып сабылды.

Көкек үні сұңқылдайды алыстан,
Шағала, үйрек ұшып шықты қамыстан.
Көл жағасы құс біткеннің базары,
Қиқулаған құлақ тұнар дауыстан.

МАУСЫМ АЙЫ

Мамыражай маусым келді төріме,
Нұрын төгіп таң шапағы көгіме.
Аң балалап, құс балапан шығарып,
Бие байлап, құлын тұрар желіде.

Ең ұзақ күн осы айда – күткенге,
Балаларға жаз қызығы біткен бе?
Қаулаған гүл көздің жауын алады,
Нөсерлетіп жауын жауып өткенде.

ШІЛДЕ АЙЫ

Таудың түрі қоңырқай бір түрге еніп,
Тау бөктері күндіз тұрар түрленіп.

Қыз-келіншек бүлдіргенді моншақтай,
Қою шөптің арасынан жүр теріп.

Пішен шауып, шөмелелер үйілген,
Жеміс-жидек сабағынан иілген.
Балапандар ұшып шығып ұядан,
Төлдер жүріп, бөлінеді үйірден.

Бала-шаға өзен-көлге түседі,
Шаттанады, шомылады, жүзеді.
Ескен желдің иісі де жұпардай,
Тау мен ойда жеміс-жидек піседі.

ТАМЫЗ АЙЫ

Сары бидай сықырлайды қырдағы,
Масақ басы дөнге толып, ырғалып.
Қызыл алма көзге оттай басылып,
Қызыл рең, түске еніп, тұр қанық.

Шегірткелер шырылдайды, тынбайды,
Жан-жануар қыс азығын қамдайды.
Шөже торғай үшінші рет ұялап,
Балапанға жем тасудан танбайды.

Ыңсыз-шыңсыз құстар қайтып барады,
Қия да алмай туған жердің алабын.
Тоғайдағы ермен менен жалбыздың,
Хош иісі мұрыныңды жарады.

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ

Жазықта жел дөңгелетіп қаңбақты,
Күн салқындап, күз келгенін аңдатты.
Ертеңгісін шөптің басын шық жауып,
Астық дәні бола түсті салмақты.

Егістікте егін орып комбайн,
Дән тасыған машиналар дап-дайын.
Шоқ-шоқ орман көз тартады алыстан,
Зер шапанға оранады ақ қайың.

Жапырақтар желмен сыбдыр қағады,
Бірте-бірте үзіледі сабағы.
Қайтқан құстар ұзақ жолға аттанып,
Көк жүзінен тобын іздеп табады.

Қыркүйекте – күздің басын қарсы алған,
Асқарлардың басын қырау, қар шалған.
Күн мен түннің теңелетін сәтін де,
Күтеміз біз дәл осы бір қарсаңнан.

ҚАЗАН АЙЫ

Жапырағынан айырылып ну орман,
Бұтақтары сыйдиып тұр, қуарған.
Жерде жатыр қызыл сары жапырақ,
Көзді арбап, алуан түске боялған.

Қуаң тартып, сарғаяды атырап,
Күзгі жаңбыр тоңдырады құтын ап.
Үйір жылқы, табын сыйыр, қора қой,
Жайылады алыс қырда бытырап.

ҚАРАША АЙЫ

Қарашада күн қысқарып қалады,
Күн суытса қалың тұман жабады.
Ең соңынан жылы ұйықты бетке алып,
Аққу көкке көтеріліп барады.

ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ

Желтоқсанда қиыршық қар соғады,
Ұйтқып кейде азынайды бораны.
Қарағайлар ақ мамыққа оранып,
Қора-қопсы қар астында қалады.

Түні ұзақ, күні қысқа бұл айды,
Дейді халық: «шаруаны сынайды».
Қарлы боран өткеннен соң жер беті,
Қансонарға шығатындай шырайлы.

ҚАҢТАР АЙЫ

Қыс ортасы – қаңтар келді жеріме,
Қар сыбдырсыз себелейді сөгіле.
Күн қарға адым қысқарады бұл кезде,
Мұз бекініп қалыңдайды көліме.

Қыстың ұзақ, суық түні құбылып,
Сақылдаған ақ бораны тұр ұлып.
Қалың қарға сүңгіп кетіп құр мен шіл,
Жатады екен жылы жерде тығылып.

АҚПАН АЙЫ

Дала ақ қармен құрсауланып жатады,
Қайта қоймас қыстың әлі қаһары.
Ай соңында қылтияды бәйшешек,
Қыздырғанда күннің алтын шапағы.

Қоян түлеп, ескі жүнін тастайды,
Қайтқан құстың алды келе бастайды.
Шөже торғай күн шуағын паналап,
Топтасып ап, үркітсең де қашпайды.

МҰҒАЛІМ

Әнелге

Мұғалімдік мамандықты әр адам,
Біздің елде құрметтеген, қалаған.
Кенші, ғалым, дәрігер де, бәрі оны
Өмір бойы ұстазым деп санаған.

Өнер-білім қазынасын қатталған,
Мұғалімдер шәкіртіне ақтарған.
Шаршағанда қуат алып бойына
Шәкіртінің күлкісінен шаттанған.

Ғарыш кезіп, таңқалдырған талайды,
Ғарышкерге ел қызығып қарайды.

Ол да бірақ, өзі шыққан биігін
Ұстазының арқасы деп санайды.

Ғарыштарда ешкім аяқ баспаған,
Ғарышкерлер қорықпаған, саспаған.
Сендер құсап мұғалімнен олар да,
Өз оқуын Әліппеден бастаған.

Ұлы істердің жалғастырар жалғасын,
Сендерсіңдер, канаттарың талмасын,
Туған елдің аспаны да ашық боп,
Бейбітшілік көгершіні самғасын!

ӨТІРІКТІҢ ҚҰЙРЫҒЫ

Боранбектен сұрап еді,
Күнделігін әкесі.
Үш сабақтан алған – «екі»,
Ұшты-ау, оның, зәресі.

– Апай жинап алып қалды,
Тексерем деп, өзіне, –
Деп, өтірік соғып қалды,
Қарай алмай көзіне.

Әкесі оның, жаңа ғана,
Мектебінен келген-ді.
Апайы оның сабағының,
Жайын айтып берген-ді.

Білмеді ол – «сыйлығының»,
Орға жығып кетерін.
Өтіріктің құйрығының,
Бір-ақ тұтам екенін.

«Н» -ДЫ ТАНИЫҚ ӘРІП ДЕП

Балаларға мұғалім,
Қойған еді сұрағын:
– «**Н**» әріпінен келетін,
Сөзді тауып құрағын!

Қол көтеріп, Нұрбақыт,
Былай деді, тіл қатып:
– Се**Н** жүреді көктемде,
Өзендерде мұз қатып.

Сөзі қызық Мәліктің,
Деді: «Аңғармай қалыппын,
Күресем деп, Серіктің,
Же**Н**ін жұлып алыппын».

– «**Н**»-ды жеке дәріптеп,
Таниықшы әріп деп.
Мағынасын бұзбайық, –
Деді, тұрып Әліпбек.

Ағылшында, Қытайда,
«**Н**» әріпі құтайған.
Біздер ғана шеттетіп,
Арылтпадық құкайдан.

«**Н**»-ды – «Н» деп, білетін,
Қате айтып жүретін,
Аға-апалар көбейді,
Сөзіне жұрт күлетін.

Жөн айтқанды доғарып,
Салдық «**Н**»-ға бұғалық.
Қанша сөзі қазақтың,
Кеткен жоқ па жоғалып?

Ескі әдетті жоятын,
Жаксылыққа саятын,

«**Н**» әріпін – орнына,
Кезі келді қоятын!..

ОТАН-АНА
(әні бар)

Туған елдің атырабы,
Ерлік іске шақырады,
Алынбаған талай асу
Алдымызда жатыр әлі.

Қайырмасы:
Жастық – сәніміз,
Айтар әніміз.
Қане, шырқайық,
Бірге бәріміз!

Отан-ана ұланыңбыз,
Түлеп ұшқан қыраныңбыз.
Бейбітшілік, Ерлік, Еңбек,
Біздің айтар ұранымыз.

Қайырмасы:
Жастық – сәніміз,
Айтар әніміз.
Қане, шырқайық,
Бірге бәріміз!

Бәріміз де бас иетін,
Сенің ұлы қасиетің.
Қастерлейміз ту ғып ұстап,
Әкелердің өсиетін.

Қайырмасы:
Жастық – сәніміз,
Айтар әніміз.
Қане, шырқайық,
Бірге бәріміз!

ҚОБЫЗ

Көл бетінде аққу жүзіп барады,
Қанатымен суға өрнек салады.
Ұшқан құс пен жүгірген аң тоқтай ғап,
Сұлулықтан көзін алмай қарады...

Сол аққуды кие тұтып, әз бабам,
Жүрегінде муза оты маздаған.
Ойлап тауып, аққу мойын қобызды,
Қорқыт бабам өлмейтін күй, жазған ән.

Қобыз үні естілгенде тым асқақ,
Тарихымнан суыртпақтап сыр ашпақ.
Сондықтан да, Скрипка... бәрінің –
Атасы боп саналады, бұл, аспап.

ДОМБЫРА

Анашымның ақ сүтінен нәр алдым,
Әкешімнің рухынан жаралдым.
Домбыраның үніменен ұйықтап,
Домбыраның үніменен ояндым.

Тауларым бар көкпен иық тірескен,
Сайын далам жазиралы гүл өскен,
Сол екеуі екі шек боп тартылып,
Домбыраның шанағынан күй ескен.

Домбырада – ата-бабам үні бар,
Домбырада – тарихымның сыры бар.
Домбырада – қазағымның қаны бар,
Домбырада – жастығымның жыры бар.

МЕН ДЕ, САРБАЗ БОЛАМЫН!

(баллада)

Дала бүгін ақ мамық,
Көздің жауын алады.
Ала төбет мақтанып,
Үй алдында шабады.

Сықырлатып ақ қарды,
Пошташы шал өтеді.
Күнде газет, хаттарды,
Жәшікке сап кетеді.

Қар күреуін доғарып,
Атам бір сәт сергіді.
Сосын мені ап-анық,
Іздейтіні белгілі.

– Оқы!, – дейді ұстатып,
Келген хатты қолыма.
Күбірлейді тіл қатып,
Көкешімнің жолына.

Суретін хат ішіне,
Ағам қоса салыпты.
Форма киген мүсіні
Жарасып-ақ қалыпты.

Атам ұзақ қарайды,
Немересін ойға алып.
Қыранға оны балайды,
Талай мәрте айналып.

– Бойы өсіпті түзеліп,
Көрдің бе, әне, ағанды,
Шекараны күзетіп,
Жігіт болды табанды.

Дәл осындай жасымда,
Мен де сарбаз болғанмын.
Қызыл әскер сапында
Қолға қылыш алғанмын, –

Дейді атам:
– Бірақ та,
Сен, әлі де тентексің,
“Су әкеп бер бұлақтан”,
Десе, әжең, көнбепсің!?

Тәуір оқып жүр едің,
Қазір жайың мәз емес.
Жалқау бопсың, білемін,
Үштігің де аз емес.

Есіл-дертің далада,
Ойнағың кеп тұрады.
Сендей жалқау баладан,
Қандай сарбаз шығады?!

* * *

Бұдан былай тіл алғыш,
Болсам деймін өзім де.
Алармын-ау мың алғыс,
Үлкендерден кезінде.

Атам айтса дұрысын,
Айтатынын білемін.
Әр күн сайын тырысып,
Төрт-бес алып жүремін.

Өзгермекпін осылай,
Алды болып баланың.
Дәл ағамша, досым-ай,
Мен де сарбаз боламын!..

АНАШЫМ, МЕНІҢ

Анашым менің!
Күніме сені теңедім,
Қиналып жүрсем қолтықтап мені жебедің.
Сырымды айтып, мұңымды жалғыз бөлісер,
Жаһанда жалғыз өзіңсің ғана дер едім.

Әлпештеп өткен, аялап өткен баласын,
Теңедім сені аспанда күнге, анашым.
Өзіммен бірге жанымнан мәңгі табылар,
Әнім де сен боп, жырым да сен боп қаласың.

Анашым менің!
Сүйемін сені елжіреп,
Алып та сенсің, батыл да сенсің ержүрек,
Сәбиің болып еркелеп саған жүрейін,
Құшағыңды ашып, қасымда аман жүрші тек!

ІНІМНІҢ ЖАУАБЫ

Бір күні інім өтінді,
Деді маған: “Сен, аға,
Қалдырып мені, не түрлі,
Барасың өзің, киноға!

Кішкентай болсам мен бұрын,
Жұмсауға енді жараймын.
Күле алар маған енді кім,
Малға да өзім қараймын.

Үйге де көмек беремін,
Ертемен күнде тұрамын.
Қозы-лақ бағып келемін,
Еденді өзім жуамын.

Киноға бүгін – тілегім,
Апаршы бірге, қалайда.

Тіліңді алып жүремін,
Келістік соған, жарай ма?!”

...Кинода сұлу қаланы,
Фашистер жатты қиратып.
Кемпір-шал, жап-жас баланы,
Күшпенен әкеп жинатып.

– Партизан кім?! – деп сұрады,
Бір фриц келіп баладан.
Білмеген соң ол жылады,
Фашистен қалды жаладан.

Жасырып тұрсың деді де,
Аямай оны ұрды, тек.
Етті ме әсер ініме,
Орнынан ытқып тұрды кеп.

Деді інім, зор дауыспен:
– Жігіт боп ертең шығармын,
Күресіп, сендей жауызбен,
Қорған боп елге тұрармын!..

ЖҰЛДЫЗ АТТАРЫ

ҚҰС ЖОЛЫ

Құстар ұшып жылы жаққа кеткенде,
Жыл құстары келген кезде көктемде,
Солтүстіктен оңтүстікке созылған,
Ақ жолақты алып ұшар бөктерге.

Сансыз жұлдыз сол жолаққа қамалған,
Жол жатады көк жүзінде ағарған.
Сол жолақтың бағытымен ұшқан құс,
Ерте кезден Құс жолы деп аталған.

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Көк күмбезі тұрған кезде айналып,
Темірқазық көрінеді көзге анық.
Тапжылмайтын сол жұлдызға түнімен,
Барлық жұлдыз қалғандай-ақ байланып.

ЖЕТІҚАРАҚШЫ

Жарық сеуіп молынан,
Жердің бетін торыған.
Айсыз түнде жолаушы,
Адаспаған жолынан.

Жеті жұлдыз аспанда,
Жерге сәуле шашқанда,
Іліп қойған секілді,
Дәу шөмішті аспанға.

ҮРКЕР

Қысырақтың үйіріндей бөлінген,
Көктем шыға батыс жақтан көрінген.
Қыс айында дәл төбеде тұрып ап,
Жаз айында жоғалады көгімнен.

Үркер жұлдыз көрінгенде тым анық,
Шаруаға салады ол бұғалық.
Үркер жерге түсерде қой қырқылып,
Жер қызады, дейді халық, қуанып.

ШОЛПАН

Таң алдында Шолпан жұлдыз туатын,
Түйе қомдап, керуен жолға шығатын.
«Керуен жұлдыз» деп те оны атаған,
Сондықтан да, халық оның бір атын.

КЕМПІРҚОСАҚ

(Ә. Авакяннан)

Жауын тоқтап, бұлт жөңкіліп барады,
Айналаға жылы ауа тарады.
Биік таудың шыңдарынан сығалап,
Күн астынан кемпірқосақ қарады.

Самал тұрып, егін басын тербетті,
Өмірінде мұндай ғажап көрмепті.
– Кім салған, – деп, сұрады ол, бәрінен, –
Аспандағы түрлі-түсті өрнекті?

– Біз! – деп, аспан жауап қатты ойлана,
– Мен!.. – деп, оған таласты шық паңдана.
Алыстағы орман басын шайқады...
Ал Күн болса, бұлтқа кірді жай ғана.

Кемпірқосақ сәлден соң-ақ жоғалды,
Қалың орман арудайын таранды.
Самал желпіп, табиғатты сергітті,
Аспан мен шық айтысқанын доғарды.

БҰЛТ БЕРШІ, КӨК АСПАН

(Ә. Авакяннан)

Аспан, аспан,
Бұлт жасап бер,
Бір шөкім!..
Бір шөкім бұлт –
Жаңбыр берсін бүркетін.
Сол жаңбырмен
Көтерілсін көк майса,
Көк майсаны
Сыйыр жесін тойғанша.

Сыйырдың біз
Сүтін сауып аламыз.

Сол сүтті ішіп,
Сото деген баламыз,
Сұңғақ бойлы,
Шымыр болып өседі.
...Танымайсың,
Сотоны, енді, кешегі!

ХАЙУАНАТТАР ПАРКІНДЕ

(Э. Авакяннан)

Ақ аю оянғанда көзін ашып,
Өз көзіне сенбестен қалды сасып.
Темір тордың ішінде жатыр екен,
Қоңыр аю ұйықтап, қара басып.

–Қарап тұрып, Ақ аю былай деді:
– Үсті-басы қап-қара, лай ма, өзі?..
Жуынуды білмейтін кір-қожалақ, –
Деп, құрбысын сыртынан сынап берді.

Қоңыр аю оянды осы кезде,
Дәл өзіндей аюды көрді өзге.
– Аппақ аю!.. Түсім бе?!. – деді іштей. –
Кезікпеген еді ғой мұндай кезбе.

– Жуынуды ұмытып қалған шығар,
Қыдырыстап бір жаққа барған шығар.
Байқаусызда дуалға сүйкенем деп,
Үсті-басын әк қылып алған шығар!..

КӨШЕДЕГІ МҮЙІЗТҰМСЫҚ

(Э. Авакяннан)

Бақ ішінен айқайлады адамдар:
– Мүйізтұмсық келе жатыр!.. Қараңдар!..
– Расында, келе жатқан, сол ма екен?!
– Көшеде ол, қайдан пайда болды екен?!

Аузын ашып, әдетімен күндегі,
Дәу қара тас жылжып келед ілгері.
Трамвай да жүрісінен кідірді,
Бала-шаға тым-тырақай жүгірді.

Үй ішінде сықырлады ыдыстар,
Иттер үріп, у-шу болған дыбыстар.
Дәу қара тас суда жүзген кемедей,
Жүріп келед, еш нәрсені елемей.

...Тек, мысықтар, отыр мәңгіп, қорғанбай,
Зоопарктен тамашалап тұрғандай.

ҰЛУ-ӘЖЕ

(Э. Авакяннан)

Әжелердің жүрісіндей жүрісі,
Жол үстінде дем алысы, тұрысы.
Сәлем берсең назарын да салмайды,
Әйтеуір бір, бітпейді оның жұмысы.

Қытымырлау әжелердей маңына,
Жолатпайтын мінезі бар тағы да.
«Ойнайық!..» деп, жолдан оны тоқтатсаң,
Бұл қылығың тиіп кетер шамына.

Ұлу-әже, әрекет қып тырбандай,
Міне, қазір, басын саған бұрғандай.
Мүйізімен домаланып алдыңда,
«Сүземін!..» деп, сес көрсетіп тұрғандай.

АҚҚҰТАН

(Э. Авакяннан)

Бұтақтардан құрастырған тұрағы,
Неткен берік дейсің оның шыдамы.
Жіп-жіңішке аяғымен қозғалмай,
Күні бойы ұясында тұрады.

Сол ұясын бұзамын деп, қорқа ма,
Балапанын мыжамын деп, қорқа ма?..
Жақын келіп, қарап едім, қызығып,
Киелі құс тапжылмай тұр ортада.

* * *

(Лара Иванова)

– Қарттар үйі тап-таза, әрі ыңғайлы,
Әкемізге тұруға болар жайлы, –
Деп айтқан, әйелінің өтінішін,
Күйеуі екі етпестен орындайды...

Жұбатады атасын немересі:
– Аташым, қиындықты елемеші!
Көңілсіздеу, дәл қазір, білем, саған,
Мен өскенде бақытқа кенелесің.

Бұл өмірдің қызығын татқызармын,
Папам менен мамама баққызармын.
Өзіңе көңілдірек болуы үшін,
Қасыңа әкеп, екеуін жатқызармын!..

ӘЖЕ ТУРАЛЫ ЖЫР

(М. Яснoв)

Папам, менің, күні бойы жұмыста,
Мамашым да, кетіп қалды жұмысқа.
Әпкем болса күні бойы мектепте,
Сонда, маған, уақыт босқа өтпек пе!?

Әжетайым, мені тастап кетпейді,
Жер бетінде оған ешкім жетпейді.
Асыл әжем, аман болшы, тек қана,
Жүрейн мен, сеніменен мақтана!

ЕКІ ӘЖЕ

(А. Барто)

Үй алдында әңгімесі жарасып,
Екі әже отыр, бір нәрсеге таласып.
– Күнделікте, кілең, бестік баға!.. – деп,
Екеуі де мақтайды кеп баласын.

Қызық екен, екі әженің сөздері,
Қуаныштан күлімдейді көздері.
Қол қысысып, құттықтайды бір-бірін,
Емтиханды тапсырғандай өздері.

СОҚЫРТЕКЕ

– «Айтатұғын сөзім жоқ,
Тиіп кетсем, көзім жоқ!»
Түсіргенше қолыма,
Біреуіңді, төзім жоқ.

Ән айтқызып, біріңе,
Би билетем, ініме.
Папа, мама, сендердің,
Қарамаймын түріңе! –

Деп, Әнуар, – «дойырым»,
Бастады бір қойылым.
Үйреніп кеп бақшадан,
«Соқыртеке» ойынын.

Би биледік, ән салдық,
Қызығына тамсандық.
«Соқыртеке» ойнап, біз,
Науырызды қарсы алдық!

ИТЖЫҒЫС

Бір жас үлкен ағасына ілесіп,
Әліпбек жүр спорт залда күресіп.
Бүгін тағы боз кілемнің үстінде,
Ағасымен қалды екеуі тіресіп.

Атасы кеп, сұрап еді, күлімдеп:
– Екеуіңнің қайсың жеңдің, бүгін, – деп.
Жығылғанын жасырам деп Әліпбек:
– Итжығыс боп қалдым, – деді күбірлеп.

БАТЫР ПИОНЕР

(Баллада)

Ұлан біздің сондай зерек,
Жақсы оқитын бала еді.
Қуанса ол елден ерек,
Себебі оның бар еді.

Бүгінгі күн орындалар,
Оның арман-тілегі,
Пионерге қабылданар
Ең бақытты күні еді.

Мектебінің алыстығын,
Ойлап ерте қамданды.
Кеше кеште-ақ галстугін,
Үтіктеп ол қойғанды.

Болса-дағы көңілі шат,
Толқиды Ұлан кей сәтте.
Қатысуға тиіс ән сап
Бүгін және концертте.

Қуанышы қойынына,
Сыймай тыным тапқанша,

Галстугін мойынына
Шыдай алмай таққанша,

Автобусты күткен де жоқ,
Кітаптарын асынып.
Келе жатты көңілі тоқ,
Көшеменен асығып.

Кенет... өртті көзі шалып,
Дірілдеді денесі.
Көз алдында жатыр жанып,
Көрші үйдің төбесі.

Тез түсінді болған жайды,
Терезені жағалап,
Жалын тілі сумаңдайды,
Қалайша оған жоламақ?..

Үй-ішінің ата-анасы,
Жұмысында болатын.
Күндіз үйде жас баласы,
Жалғыз ойнап қалатын.

Ұлан бір сәт қорқып кетті,
Ойлағанда осыны,
Құлағына талып жетті,
Шырылдаған жас үні.

– Құтқарыңдар, мені!.. – деген,
Дауысты анық естіді.
Көз алдында көрінбеген,
Таныс бала кескіні.

Бекітілген есік іштен,
Ашылатын түрі жоқ,
Ала алмасын білді күшпен,
Итеріп ед, ұрып ед.

Өршеленіп жалын орап,
Өрт – тілсіз жау жұлқынды.
Уақыт қайда тұрар карап,
Терезеге ол ұмтылды.

Құстай ұшып жетіп келді,
Терезеге үн шыққан.
Сәбиді ол анық көрді,
Көк түтінге тұншыққан.

Сынған көзден сыртқа теуіп,
Түтін бетті шарпыды.
Қорқынышты Ұлан жеңіп,
Батыл ішке қарғыды.

Сезінбеді іште жүріп,
Жанына ауыр тигенін.
Қол-аяғын шыны тіліп,
Табанының күйгенін.

Сәби үшін күшін салып,
Құтқарарын білді енді.
Шыққан кезде баланы алып,
Ел де жетіп үлгерді.

От ішінен шыққан зорға,
Жұрт та көрді өренді.
Көтеріп ап қолдан-қолға,
Бұл екеуін жөнелді.

Тез арада өрт сөндіргіш,
Машина да келіпті.
Қойсын ба осы жабылған күш
Өрт те лезде сөніпті...

Аурухана төсегінде,
Жатты Ұлан емделіп.
Денсаулығы кешегіден
Қалғандай-ақ жөнделіп.

Сағынады ойына алса,
Балаларды, мектепті.
Ерік беріп, бұған салса,
Қазір тұрып кетпек-ті.

“Жататұғын бүгін кез бе?!
Жазылғандай жарасы.
Пионерге өтер кезде
Кезіккенін қарашы!?”

Осыны айтып үлгермеді,
Көп адам кеп еніпті.
Ол бүйтерін білген бе еді,
Барлық досы келіпті.

Мұғалімі құшақ жайып,
Жанына кеп отырды.
– Пионерге нағыз лайық,
Көрейік, – деп, – Батырды!..

Ауылдағы Ұлан ерді,
Бәріміз де білеміз.
Ең үлгілі пионерді
Мақтан етіп жүреміз!

СӘЛІМЖАННЫҢ ЕРЛІГІ

“Қостанай облысы, Обаған ауданының “Новоалексеевка” совхозында он бір жасар балақан өзі құралпы үш қызды өлімнен құтқарып қалды. Оған “Суға кеткендерді құтқарып қалғаны үшін” медалі тапсырылды. Сәлімжан пионер қатарына қабылданды”.

“Сәлімжан қорыққан жоқ”.
“Лениншіл жас” газеті. 1987 ж. 17 қаңтар.

1

Жалқаулармен жанасып,
Көрген емес адасып.
Күнде ертемен тұрады,
Таңмен бірге таласып.

Шаруаның иесі,
Қамдайтұғын бір өзі.
Атасынан аумаған,
Бойындағы мінезі.

Күтіп малдың жайын да,
От жағу да мойнында.
Бар жұмысты бітірмей
Шықпайды ол ойынға.

Оқуда да үлгілі,
Спорттың ол дүлдүлі,
Үлгерді бәріне,
Бос өтпейді бір күні.

2

Қыс мамығын үйіпті,
Қаһарына мініпті.
Қарағайлы ну орман,
Ақ сәукеле киіпті.

Сайлап алған шанасын,
Ауылдың бар баласын,
Жексенбіде тек қана,
Көл маңынан табасың.

Көл жағасы көрікті,
Ажарына еніпті.
Бүгін мұнда танитын,
Үш құрбы да келіпті.

Бүкіл мектеп біледі,
Бір кластың түлегі,

Жанна, Оля, Оксана,
Жұбын жазбай жүреді.

3

– Суы келер тобықтан,
Көлден мынау қорыққан,
Жігіт дейді-ау, сендерді,
Көк айдында жолыққан!..

Қане, қыздар тұрмайық,
Батыр деуге кім лайық.
Қоян жүрек жігіттер,
Қала берсін, зырайық!.. –

Деп, Оксана өнерлі,
Көк айдынга жөнелді.
Сондарынан таңырқап,
Сәлімжандар бөгелді.

“Қатер барын білмей ме,
Көздеріне ілмей ме?
Күзде толық су беті
Қатпайтынын көрмей ме?”

Жауап іздеп сұраққа,
Үлгермеді ол бірақ та.
– Құтқарыңд-а-р-р! – деген үн,
Талып жетті құлаққа.

Естіп таныс дауысты,
Ел үдеріп қалысты.
Көз ұшында үш құрбы
Ажалменен алысты.

Демін жұтып жұрт енді,
Мұндай сұмдық кім көрді?..
Қасындағы бір бала,
“Қаш!..” деп әзер үлгерді.

Сатыр-гүтір ізі айқын,
Шытынады мұз айдын.
Мұз құрсаудан үш құрбы
Шамасы жоқ ұзайтын.

Жағалауға ұмтылды,
Жан ұшырып бұлқынды.
Қолдан келер дәрмен жоқ,
Барар жол да қыркылды.

Күннің мынау ызғарын,
Ойлап және өз қамын,
Суға қайтіп жібермек,
Бір кластың қыздарын?!

“Үш бірдей қыз балаға.
Жәрдем бермей бола ма?..”
Деп, Сәлімжан бекінді
Шығаруға жағаға.

Осы ой ғана миында,
Бел буды ол қиынға.
Күн аязды демесең,
Суда жүзу, бұйым ба!

Толғандырар бас қамы,
Сәт пе қазір, саспады.
Шешінді тез курткасын
Ойламады басқаны...

3

Қайратты да жігерлі,
Оқуда да өрелі,
Спорттан да алдына
Жан салмайтын дара еді.

Суға кеткен балаға,
Қарап енді тұра ма.

Үш құрбыны бір-бірлеп
Сүйреп шықты жағаға.

Жас та болса жүректі,
Жарық еткен түнекті,
Сәлімжанның ерлігін,
Бүкіл ауыл жыр етті...

Кішкентай тек, ол әлі,
Он бір жаста небары.
Кеудесінде, әйтсе де,
Жарқырайды медалі!

Ө Н Е Р К Ү Ш І

(қазақ халық ертегілерінен)

Баяғыда халқым деп жаны күйген,
Қасен деген бір патша өмір сүрген.
Патшасының еңбегін ел бағалап,
Әділдігі алдында басын иген.

Ыдырыс сол патшаның баласы еді,
Көзінің ағы менен қарасы еді.
Ат жалын тартып мінген бозбаланың,
Он сегіз, он тоғыздар шамасы еді.

Ханзада аралады ой мен қырды,
Жастықпенен қыдырып, сауық құрды.
Бір күні Сәтбай деген диқаншының,
Дүриядай сұлу қызын жолықтырды.

Көрді де Дүрияға ғашық болды,
Тілегін жеткізуге асық болды.
Сөз салдырып, кісісін жібергенде,
Жүрегі қуаныштан тасып-толды.

Дүрия асып туған анасынан,
Қыз еді, тұратұғын жарасымнан.
Аңқылдап жетіп келген Ыдырысты,
Түсірді, бір-ақ сөзбен сабасынан.

Дүрия айтты:

– Ханзадам, көнсең егер,
Бір тілегім бар еді, желеп-жебер.
Жігітке жеті өнер де аздық етпес,
Бойыңызда бар, – деді, – қандай өнер?!

– Дүрияжан, өкпелеп қалар ма екен,
Бұл жауабым көңіліңе қонар ма екен?!
Күні ертең патша болар ханзадаға,
Сол өнердің керегі болар ма екен?! –

Деп, Ханзада қысылып жауап берді,
Дүрия Ыдырыстың сөзін бөлді:
– Бір тілегім қабыл ғып алмасаңыз,
Менен үміт үзсеңіз болар енді!

Өнерсіздің ойы – олақ, өресі – тар,
Сондықтан да, сізге айтар тілегім бар.
Бір өнерді жеткізіп үйренсеңіз,
Сонда ғана, мен, сізге, боламын жар!

Қыз тілегін Ыдырыс құп алады,
Тағдырдың бұл да шығар сынағаны.
Токтыбайдай шеберден қалмай жүріп,
Қалпақ басып киізден шығарады.

Дүрия риза болды...

Сөзде тұрды.

Екеуі көп ұзамай отау құрды.

– Осы өнерге қосайық жаңалық деп,
Беймәлімдеу өнерге көңілін бұрды.

Дүрия асқан шебер болып алды,
Түрлі-түсті жүндерді қолына алды.

Тек, екеуі түсініп окитындай,
Жиегіне қалпақтың өрнек салды.

...Жылдар өтті.
Ыдырыс патша болды.
Әке орнына ел билеп, атқа қонды.
Ортақ өнер екеуін табыстырып,
Оюдың қызығына бірге шомды.

Бір күні патша халқын аралайды,
Өтірік қайыршы боп жағалайды.
Шеткерірек бір үйден күдіктеніп,
Бір қылмыстың барлығын шамалайды.

Тәуекел ғып, тартынып, белді бекем,
Кіріп барса, төрт аспаз отыр екен.
Жанындағы қайнаған дәу қазанда,
Адам еті асылып жатыр екен.

Ыдырыс мына жайға шыдамады:
– Кімсіңдер?! – деп, сол еді, сұрағаны,
– Қайыршы семіз екен, – деп төртеуі, –
Бір тоятын болдық, – деп, қуанады.

Олардың естігенде сөзін тыңдап,
Қорқайын деді Ыдырыс, енді шындап.
«Патшамын» деген сөзге иланбады,
Құтылу үшін, енді, не іс қылмақ?

Патша айтты:
– Білемін мен өлерімді,
Маңдайыма жазғанды көрерімді.
Айтайын деп едім бір, пайдалы ақыл,
Аларсыңдар ішінен керегінді.

Төрт аспазға ұсыныс ұнай кетті,
Ыдырыстың сөзіне құлай кетті.
– Қане, айт, қандай пайда келтіресің? –
Дегенде, патша тұрып былай депті:

– Киіз қалпақ тігемін патшаға арнап,
Әйеліне патшаның кім апармақ?
Ханшайым көрген бойда бұл қалпақты,
Екі мың діллә беріп, сатып алмақ.

Төрт аспаз мұны естіп, «мақұл» деді,
Табылғандай мынау бір ақыл деді.
Тез арада таптырып, құрал-жабдық,
Көмекші де жанына шақырды енді.

Төрт күнде дайын болды киіз бөрік,
Аспазшылар мәз болды мұны көріп.
«Алтынға қарық болдық» десті олар,
Патшаның әйеліне сыйлық беріп.

Сарайға бас киімді алып келді,
Болған жайды Дүрия танып көрді.
Өрнектелген оюды оқығанда,
Алдындағы дұшпанды анық көрді.

Төрт аспаздың іске аспай сандырағы,
Болат кісен қолына салдырады.
Астына алып сұрақтың кинағанда,
Ыдырысты таптырып алдырады.

Дүрияның өнері асқан зерек,
Ыдырысқа осылай қонса керек.
...Патшаны да өлімнен алып қалған,
Өнердің құдыреті болса керек!

АЛТЫН БАЛТА

(қазақ халық ертегілерінен)

Баяғыда бір кедей байға барып,
Біrer күнге балтасын сұрап алып,
Отын шауып жатқанда сол балтаның,
Басы ұшып кетеді сабы қалып.

Диірменнің арығы жақын еді,
Айналдырып су тасын жатыр еді.
Отын кескен балтаның басы барып,
Ағып жатқан арыққа батып еді.

Қорлығы байдың талай өтіп еді,
Кедей байғұс бұл іске өкінеді.
Содан да диірменші шалға келіп,
Балтамды алып бер деп өтінеді.

Шал диірменін тоқтатып, суын жығып,
Қалдық суға жіберді қолын тығып.
– Мынау ма, балтаң? – дейді, шал, кедейге,
Алтын басты балтаны алып шығып.

– Бұл емес, – деп, тіл қатты кедей ғаріп,
Шал суға екінші рет қолын малып:
– Мынау шығар? – деп, тағы көрсетеді,
Күміс басты балтаны қолына алып.

– Бұл да емес, – деп, кедей қайталады,
Бұл жолы да балтаны қайтарады.
Кедейдің адалдығын байқаған соң,
Диірменшінің көңілі жай табады.

Шал суға қолын малып көріп еді,
Қолына темір балта ілігеді.
– Менің балтам, осы, – деп, кедей байғұс,
Қуанып көзінен жас төгіледі.

Шал айтты:
– Жан екенсің жүрегің ақ,
Адалдығың, пейілің бойыңа шақ.
Мынау алтын балтаны сыйға тартам,
Басыңа алып келер ырыс пен бақ!

Алтын балта қолыңда тұрған кезде,
Күнкөрісің түзеліп кетер лезде.

Оңға бассын істерің! – деді де шал,
Ғайып болып көрінбей кетті көзге.

Диірменшінің айтқаны рас болды,
Бақ пен дәулет кедейге келіп қонды.
Бұл қалай байып жатыр деген ойдан,
Көрші байдың көңілі шерге толды.

Байекең бұған әзер шыдағанды,
Байлығына көршінің шұбаланды.
Алтын балта жайында әңгімені,
Ақырында кедейден сұрап алды...

Мұны естіп байекең шаттанады,
Диірменшіге баруға оқталады.
Қара темір балтаны іліп алып,
Отын кесіп келуге аттанады.

Байекең отын кесіп жарытпады,
Лактырды ол, суға жатқан арықтағы.
– Балтамды суға кеткен алып бер, – деп,
Жалынды диірменшіге барып тағы.

Шал суға қолын малып іздеп еді,
Қолына ілінеді іздегені.
Алтын басты балтаны алып шығып,
– Иесі, осы заттың, сіз бе? – деді.

Бай көріп, алтын затты ынтығады,
– Менікі, осы еді, – деп ұмтылады.
– Тоқта!.. – деп, шал итеріп кеудесінен,
Жігерін байекеңнің құм қылады.

Шал айтты:
– Жақсы адамға теліп едім,
Сенімімді ақтар деп, сеніп едім.
Адал еңбек дегенді түсінбейтін,
Тоғышар жан екенсің жерінетін!

Шал сөйтіп, байекеңді танып-білді,
Тағы да суға қолды салып көрді.
– Міне, сенің балтаң, – деп, байекеңе,
Темір басты балтаны алып берді.

Байекең үйге қайтты, көңілі құлап,
Алдынан кезігеді ауыр сынақ.
Күндеймін деп кедейдің байығанын,
Сорлы бай азаптанды, эзер шыдап.

Күндіз-түні кедей боп аңдығаны,
Ішқұса боп ауруға шалдығады.
Байлығынан бір күндер айырылып,
Басына зор тауқымет артып алды.

...Жаман әдет – аурудан тез жұғады,
Бақытсыздық басыңа кез қылады.
Шаруасын біреудің күндеймін деп,
Байекең де бір күні көз жұмады.

ЖОЛБАРЫС ПЕН ТЫШҚАННЫҢ ДОСТЫҒЫ ЖАЙЫНДА *(қазақ халық ертегілерінен)*

Ерте-ерте замандарда болған іс,
Ну тоғайда ұйықтап жатты жолбарыс.
Құлағына жорғалаған тышқанды,
Ұстап алып білдірді ол таңданыс.

Сорлы тышқан жыларман боп зар қақты,
Арыз айтып, жолбарысқа сарнапты:
– Өлтірмеңіз, кешіріңіз күнамды,
Бір қызметке жарармын, – деп, – салмақты.

– Мен – жолбарыс,
Сен – тышқансың, жарқыным,
Белгілі ғой, сенің, мынау, қарқының.

Қалжыңның да білмейсің сен, мөлшерін,
Қайда апарып соғатынын артының.

Сенің маған тие қоймас көмегің,
Түрің мынау... бола қоймас керегің.
Қызметіме жарамайсың, – деді ол. –
Сен, пақырға, еркіндікті беремін!

Тышқан байғұс, жарылуға шақ қалды,
– Бір көмегім тиеді!.. – деп ақталды.
Аң біткеннің барлығына айқайлап,
Жолбарысты «жолдасым» деп мақтанды.

...Күндер зулап,
Айлар өтгі арада,
Жортып жүрген жолбарысқа далада,
Аспа тұзақ ілініп қап мойнына,
Өмір оны түсіреді сабаға.

Аспа тұзақ қылқындырып барады,
Аң біткеннен тиер көмек шамалы.
Түлкі келіп, ақыл айтты:
– Тек, қана,
Тышқан білер, жалғыз мұның амалын!

Көмек қолын созбақ болып досына,
Тышқан естіп, жетіп келді қасына.
– Лажың бар ма, бұған қылар? – деп еді,
Тышқан айтты:
– Болған іске жасыма!

Тышқан сөйтіп, кіріседі ісіне,
Аспа тұзақ шыдамады тісіне.
Қиылғанын көрген кезде тұзақтың,
Аңдар оның таң қалысты күшіне.

– Қиын күнде үлкен іске жарадың,
Сондықтан да, сені досқа санадым, –

Деп, жолбарыс тышқанға кеп сездірді,
Ризалығын, жылы лебіз қабағын.

...Болса-дағы бұл оқиға кешегі,
Мұндай жайтты әркім бастан кешеді.
Төмендегі мақалдарды сондықтан,
Аталарың айтып кеткен деседі:

«Ханның ісі – қараға түсер,
Батырдың – ісі балаға түсер,
Байдың ісі – кедейге түсер,
Жолбарыстың ісі – тышқанға түсер,
Ердің ісі – баз-базында келгенде,
Дұшпанға түсер!»

КӨКТЕМДЕ

Ауа тұнық, көк аспан,
Көк теңізге ұқсайды.
Ирек таулар ұласқан,
Қиялыңды ұштайды.

Күні кеше кең дала,
Ақ көрпеге оранған,
Аз-ақ күнде айналаң,
Жасыл желек боянған.

Күн қызуын сіңіріп,
Жердің беті бусанып.
Көктемде жылынып,
Құстар әнге тұр салып.

Балақандар алысып,
Көкмайсада ойнайды.
Құлын-тайлар жарысып,
Сәнге бөлер баурайды.

Асау өзен бүлініп,
Арнасына сыймайды.
Ескі көпір ілініп,
Жағалауды қимайды.

Таудан құлап кекілік,
Су іздейді еңістен.
Қозы мен лақ секіріп,
Ойнақтайды өрістен.

Көбелекті қуам деп,
Көп гүлдерді табасың.
Қыр басына шыға кеп,
Жадырап бір қаласың.

Диқан егін салуға,
Жер ананы баптайды.
Ырзық жинап алуға,
Күнде тыным таппайды.

ҰСТАЗЫМ

Темір қанат балапанды,
Талпынуға жеткізген,
Жайып жұмсақ алақанды
Ұшатындай еткізген.

Шәкірттерің сусындаған,
Өнер – білім бұлағы,
Төзіміңнен таусылмаған,
Бастау алып тұрады.

Бойға егіп білім дәнін,
Жалықпастан ұқтырдың.
Түсіндірдің өмір мәнін,
Бүгін міне, нық тұрмын.

Балалықпен жеке дара,
Өтті талай білместік.

Қиналғанда саған ғана,
Оңаша кеп тілдестік.

Басылса да тентектігім,
Өзіңе әлі баламын.
Өткен күнді екшеп бүгін,
Қимай еске аламын.

Сенен көріп, кітап жиып,
Қызығына бойладық.
Бір өзіңнен тұрған биік
Дана жоқ деп ойладық.

Жүрегіне сәуле құйып,
Келесің бар баланың.
Гүлін берсем саған жиып,
Артық болмас даламның.

Өзің артқан арман жүгін,
Арқалаумен келемін.
Азаматпын десем бүгін,
Сенің арқаң дер едім!

ЕЛТАҢБА

Тарихы бар онда қазақ халқымның,
Қазынасы игі дәстүр-салтымның.
Соның бәрін жас ұрпаққа жеткізіп,
Тұрады ол бізге сенім артып мың.

Халық өзі о бастан-ақ таңдаған,
Елтаңбамды ұлы ерлік сомдаған.
Көк түріктің бас имеген ұрпағы
Батырлықтың асқақ әнін жалғаған.

Жету үшін бүгінгідей мұратқа,
Ел басынан нелер өтті, сынақтар,
Ұлы ерлік күші бізді құтқарып,
Тура жолдан тайдырмаған бірақ та.

Ерлік,
Теңдік,
бейбіт күнге үндеген,
Мәңгілікке жырланатын жырменен.
Жазылған ол – Өмірдастан секілді,
Әр жүрекке түсінікті тілменен.

Аспанымда тұрса екен деп жарық Күн,
Түн ұйқымды төрт бөлетін халықпын.
Содан, бәлкім,
Елтаңбамнан, мен бүгін,
Ұқсастықты
Күннен ғана тауыппын!..

ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ

Әкең де емес, анаң да емес ол саған,
Қадірлеген бірақ, оны барша адам.
Түн ұйқысын адамдардың күзетіп,
Тыныштығын, амандығын аңсаған.

Біздің адал ісімізді қолдайтын,
Адасқанға көрсететін жолды айқын,
Өзге үшін қатерге де бас тігіп,
Қиын сәтте өмірімен қорғайтын,

Еңбек етпей, пайда іздеген өзгеден,
Өз басының рақатын көздеген,
Жатыпшішер жалқауларды көргенде
Арыменен, жаныменен төзбеген.

Сұрай қалсаң, кәрі мен жас баладан,
Бәрі де оны туысындай санаған.
Шақырмай-ақ құшақ жайып әрбір үй
Төрін оған ұсынатын бар адам,

Кемшілікке төзе алмайтын жаны шын,
Оған қарсы жұмсайтұғын бар күшін,

Полиция – қорғаның ол әрқашан,
Күресетін әділеттік заңы үшін!

АПА-АУ, СЕҢІҢ АРҚАҢ

(әні бар)

Анашым, деуші едің-ау:
«Күнім-қалқам,
Азамат боларыңа, сенің, сенім артам.»
Құрбы-дос, жолдастардың арасында
Жүргенім ойнап-күліп, апа-ау, сенің арқан.

Көтеріп ауырлығын өмір-жалған,
Ыстық пен суығына, апа-ау, болдың қалқан.
Өмірге тарыдай ғып әкелсең де,
Таудай боп жүргендігім, апа-ау, сенің арқан.

Емізіп ақ сүтінді, тосып – арқан,
Балдай ед, езіп берген, апа-ау, сүт пен талқан.
Жүректе күн дидарың тұрған кезде
Қиындық түк те емес, апа-ау, неден қорқам.

Әкенің жакқан шамын сөнбей қалған,
Дауылдан өшірмедің, апа-ау, болып қорған.
Ұямнан үш балапан ұшса бүгін,
Қызығын көрсетер деп, апа-ау, күтем алдан.
Ұямнан үш балапан ұзап ұшса,
Отымның сөнбегені, апа-ау, сенің арқан!

ЖАМАН ӘДЕТ

«Аурудан да әдет жаман»,
Көр, міне!..
Темекіні қыстырып ап ерніне,
Тентек қылық көрсетіп тұр, Боранбек,
Жаман әдет бойын билеп жеңді де.

Жөтеледі, тұншығады,
Түтінге,
Өкпесіне жетпей жатыр жұтым дем.
... Темекімен уланған соң, не шара,
Денсаулықты күтін мейлі, күтінбе.

ҚҰЛЫНДАРЫМ

(Сөзі мен әнін жазған С. Әлімқұлов пен Қ. Азғыбаев)

Шертеді әкең бүгін сырын-нәрін,
Біліңдер онда тілек, шырын барын.
Кетейін қиындықты мен арқалап
Болыңдар, сендер, аман, құлындарым.
Кетейін қиындықты мен арқалап,
Болыңдар, сендер, аман, құлындарым!

Қайырмасы:

Сендерсің, бірің – шекер, бірің – балым,
Өмірдің түсініңдер сырын қалың.
Көрмейін біреуіңнің жығылғаның,
Өмірдің сыры басқа, ұғын, жаным!..

Естігем бұл тағдырдың мұңын-зарын.
Шуақ жоқ қиындықсыз ұғын бәрін.
Берсінші, маған бата салмақты жүк
Көрмеңдер, сендер оны, құлындарым.
Берсінші маған бата салмақты жүк
Көрмеңдер сендер оны, құлындарым!

Қайырмасы.

Бақытым, балаларым, болашағым,
Өмірде қайта оралған бұла шағым.
Кетсе де жазым ұзап, күз жуықтап,
Басталсын, сендер үшін, тамаша күн.
Кетейін қиындықты мен арқалап,
Болыңдар сендер аман, құлындарым!..
Қайырмасы.

БІР ҮЗІМ НАН

Нан – құдырет,
Бар ма одан мықты, алып,
Нан бар жерде кеткен барлық құт дарып.
Бір үзім нан бөліп жеген аштықта
Өлімнен де алып қалған құтқарып.

«Нан бар жерде – әнге толы айналаң»,
Артық етпес, сан мәрте айтсаң қайтадан.
Халқым оны тәңіріндей қадірлеп,
Нан үстіне құранды да қоймаған.

Соғыс өрті қайғы төгіп,
Жылатқан,
Жас сәбиді бір үзім нан жұбатқан.
Қасиетті нанның күші қашанда,
Адамзатты құтқаратын сынақтан.

Ұмыт емес...
Өрт жайлаған егіннен,
Дән күйігі күлге айналып төгілген.
Өлімнен де аштық үрей басым боп,
Қара жердің қабырғасы сөгілген.

Анам менің айтушы еді өткенін,
Аштық жайлап, елдің жапа шеккенін.
Үйіндегі бар асылды, қымбатты
Айырбастап, үзім нанға кеткенін.

Алтын алқап – ел ырысы,
Мақтаным!..
Нан бар кезде атар менің ақ таңым.
Содан болар, шығармаймын есімнен,
Үзім нанда –
Бір өмірдің жатқанын!..

БАУЫРДЫҢ ЖӨНІ БІР БАСҚА

ағам Ақжолбекке

Жыраққа кеттім қасыңнан,
Кешіргін болса, қатемді.
Ағарған сенің шашыңнан,
Көргендей болам әкемді.

Арманды бірге қусақ та,
Арада қанша өтті күз.
Анадан бірге тусақ та,
Әртүрлі жолмен кеттік біз!..

Еске алам балғын кезімді,
Жан аға, сені сағынам.
Іздеймін кейде өзінді,
Балалық шақтың бағынан.

Жолыма менің елеңдеп,
Күтесің, білем, ініңді.
Ауылға қашан келер деп,
Соңыңнан ерген күніңді!..

Жыламай інің жүрсе егер,
Тілеушім сенсің, жан аға.
Құламай інің жүрсе егер,
Тіреуішім сенсің, жан аға.

Ұқсаттым, сені, көкеме,
Айналдың, кейде, сырласқа,
Өсірген мені жетелеп,
Бауырдың жөні бір басқа!..

МҰҚАҒАЛИҒА

Аға, мен келдім, Қарасазға құмартып,
Аспан таулар иығыма жүк артып.

Жапырағын жайған жас қайың болып сыр артып,
Шалкөде менен Қарасазға жыр артып.

Жас қайың болып, мұңымды саған жеткіздім,
Өлеңдерінді оқып, сәулелі күнімді өткіздім.
Қуаныштарыңмен бөлісіп бірге, бір демде,
Реніштеріңмен мені де жапа шеккіздің.

Қара өлеңменен оңаша бір сәт қалғанда,
Кең дүниені сыйдырған сендей жан бар ма.
Жан аға, мен де бүршігі болып жас талдың,
Бас идім бүгін өзіңе ұқсап тауларға.

Тауларым менің, бақытым деуші ең мұнайып,
Сол таулар бүгін мүсінің боп тұр зорайып.
Естеліктер де жазылып жатыр сен жайлы,
Тау мүсін тұлға, жан аға, саған, лайық!

* * *

Балам Алмасқа

Сөз айттың не, айтпадың, түйсігі жоқ наданға,
Көбейді деп ондайлар өкпелейміз заманға.
Бақыт үшін күресіп, қол жеткізу үшін де,
Қиындықты сезіну керек шығар адамға.

Өмір заңы – қатал-ақ. Ұрындырса суыққа,
Тағдырыңа өкпелеп, жүрегінді суытпа.
Бақшасында біреудің “алтын алма” өсті деп,
Қызғанышпен қарауға болмайтынын ұмытпа!

Ата-бабаң – білесің, бір Аллаға сыйынған.
“Мың тіріліп, мың өліп”, шыға білген қиыннан.
Оңай түскен олжаға қызықпаған жандармыз,
Біздің пешенемізге сондай тағдыр бұйырған.

Болмай тұр деп жолым бір ауырмасын жүрегің,
Тегін келген бақтың да баяны жоқ білемін.

Намысы бар әкенің баласысың сен-дағы
Ешқашан да, қарағым, жасымасын жүрегің!..

Ит те күнін көреді, шынжырында тұрып та,
Ез де күнін көреді ішке мойнын бұғып та.
Еңбекпенен тер төгіп, тапқаныңмен, қарағым,
Өмірінді көркейтіп, жатқаныңды ұмытпа!..

2000 ж.

БАТА

2000 жылы күзде Алмасым алғашқы 50 баланың бірі болып, “Болашақ” бағдарламасы бойынша Елбасының халықаралық стипендиясына ие болды. Американың Вашингтон қаласындағы Американ университетіне магистратураға оқуға кетіп бара жатқанда берген батам:

– Айналайын, Алмасым!
Жолыңды Алла оңдасын.
Қатарыңның алды боп,
Қызыр болсын жолдасың.

... Тірлік керек болғасын,
Өмір сүру – ол да сын!..
Бибі Фатима ана,
Домалақ ана,
Жебеп жүрсін, қорғасын.

Соңымнан ерген, жалғасым,
Самғап ұшып қанатың,
Сәтті болсын, жол басың.
Жаманат хабар болмасын,

Ата-бабаң әруағы
Демеп жүрсін, қолдасын,
Әумин!!!

* * *

Қиындық уақытша, шырағым,
Тезіне өмірдің шыдағын.

Күн демей, жыл демей үміт қып,
Сен жаққа елендеп тұрамын!..
(“Блокноттан”, 2000)

ҚЫЗЫМА

Өмірде өзің едің, көңіл қошым,
Қызым-ау, жолың болсын, жолың болсын!..
Еркелік үйдегідей қайда енді,
Жүрмендер жығып алып өмір көшін.

Кетесің туған үйден жыраққа, сен,
Үнің тұр : «Көке!..» деген, құлақта әсем.
Жарығын өз үйіңнің еске аларсың,
Жағылған жапан түзде шырақ көрсең.

Атансаң жақсы келін сол жетеді,
Көңілім сендерменен ер жетеді.
Бақытқа екеуіңнің кенелгенің,
Жаныма шуақ төгіп, тербетеді.

Ананды еске алып жүр мәпелеген,
Алдында қарызың көп өтелмеген.
Асылын бар әлемнің айырбастар
Шашыңа, сенің бір тал – әкең деген!..

Демеймін: «жатқа кеттің», сені балам,
Сені ойлап, бауырларың, көңлі алаң.
Мың жылдық құдай қосқан, құдаларым –
Олар да, енді, сенің, ата-анаң.

Өмір – айдын,
Адамдар – жүзген қайық,
Тағдырыңды кетпесін толқын шайып.
Ата-енеңнің жаралған топырағынан
Келіні екен, десін ел, сені лайық.

... Ойласам өмір жайлы жата алмадым,
Арайлап өздеріңмен атар таңым.

«Қосағыңмен, қоса ағар, құлыным!» – деп,
Сыйынып бір Аллаға,
Бата арнадым!..

БАҚЫТ ЖАЙЛЫ

Бақыт деген не, өзі?
Шалқу ма екен...
От болып, айналаңды шарпу ма екен?
Жоқ, әлде, сүйіктіңмен оңашада,
Ұмытып, дүние мұңын балқу ма екен!..

Бақыттың ұғымына түсінбедім,
Өнім, әлде, ғажайып түсім дедім.
Сағыныштан туатын сезімдерді,
Қиялымда тербетіп мүсіндедім.

Дей алмаспын, өмірге,
Еркелеттің,
Төрт айымда, анашым, ерте кеттің.
Әкеден де айырылдым жастайымнан,
Тағдыр, сөйтіп, есейтті ертерек тым.

«Жетім қозы – тас бауыр» болмасын деп,
Аида мен Әнелім, Алмасым боп,
Бақыт құсы қонды ма,
Иығыма,
Өмірімнің жаңа бір жалғасы боп?

Муза болып кейде ол, көрінеді,
Өлең болып жанымда өріледі.
Жүрегімнің түбінде жасырынған,
Сазым болып сырларым төгіледі.

Бақыт жайлы толғансам, ойға кетем,
Қалай, оны аялап, қорғап өтем.
Қабағымды күні-түн бағатұғын,

Әлде, бақыт –
Жарым боп келді ме екен!?

ТУҒАН ЕЛІМ

(Әні бар)

Арман еткен бостандықты,
Алашым!
Қазақ елі бүгін, міне, дарасың!
Ұлы жолдар жалғастырған мәңгіге,
Алматы мен Астананың арасын.

Қайырмасы:
Ғасырлардан үн қатып,
Тарихымнан тіл қатып,
Туған елім, өзіңді
Әнге қостым жырлатып,

Ғасырлардан үн қатып,
Тарихымнан тіл қатып,
Туған елім, өзіңді
Әнге қосу – бір бақыт!

Аман етіп талай қиын шақтардан,
Тәуелсіздік арай таңы атты алдан.
Данадайсың тарихымды сақтаған,
Баладайсың сыр ғып оны ақтарған.

Қайырмасы.

Ерлігіне бүкіл әлем қызығар,
Байтақ елдің ұланы мен қызы бар.
Бабалардың жүріп өткен жолында
Мақтан етіп айтатұғын ізі бар.

Қайырмасы.

ҚАЗАҚСТАН

Сүйем сені, Қазақстан,
 ұлан-ғайыр байтағым,
Сырымды да,
 жырымды да саған арнап айтамын!
Жүрегім де,
 тілегім де бір өзіңмен әрдайым,
Қажет десең,
 өмірімді бір өзіңе арнайын.

Алтай, Арқа, Атырауың, Алатаудың етегі,
Ынтымағы ұйып тұрған жүз бір ұлттың мекені.
Қазақ, орыс, ұйғыр, неміс, өзбек, қырғыз –
 бәрінің,
Отанысың,
 ошағысың,
 жасамысым,
 жарығым!

Сүйем, сені Қазақстан – қайта туған гүлстан,
Бейбітшілік ұранына үн қатқансың шығыстан.
Алып елдің қатарында жетерсің сен мұратқа,
Байқоңыр боп көз тігесің жұлдыздарға –
 жыраққа.

Қуаттырақ,
 шуақтырақ бүгіннен де ертеңі,
Мен білмеймін сендей ғажап,
 сендей жомарт өлкені!
Бір гүлің боп,
 бұлбұлың боп қалсам сенде жарайды,
Қазақстан – республикам,
 күн де сүйген арайлы!..

АЛМАТЫМ

Алатаудан сығалап ай қараған,
Алматымды жұмақ деп айтар адам.
“Жер жәннаты – Жетісу” деген сөзді,
Қазағыма сыйлаған Хақ-Тағалам!..

Алматым, ару қалам, кимасым да,
Сағынысып көрісер сыйласым да.
Ғашық қызбен танысып гүлзарыңда
Шақырып ем, ең алғаш биге осында.

Жүріп өтсем көшеңмен түсер еске,
Шуақ күндер қыдырған айлы кеште.
Жастықтың жалынына суарып ап,
Сыйлаушы едік қыздарға гүлден десте.

Алатаудың сылдырап мың бұлағы,
Жанарында арудың сыр тұнады.
Махаббаттың әуені үзілмейді
Құлағымда, бүгін де, бұлбұл әні!..

Туған жерім – жүректегі сыршыл күйім,
жыр-әнім,
Сен бар жерде баурай алмас мына мені, сірә, мұн.
Сапар шеккен толқындары тулаған көк теңізге
Мен бір сенің төсіңдегі бұлқына аққан бұлағың.

Сен де маған сәт тілейсің:
«Оң болсын, – деп, – сапартың!»
Тосқауылдар кезіксе алдан, мен шиыршық атамын.
Буырқанып бастау алғам сенің мөлдір тұмаңнан,
Арнамды ешбір лайламастан ағып бара жатамын.

Айдарымнан сипай ессе сенің салқын самалың,
Қас қағымда дертке дауа,
жанға рахат табамын.

О, туған жер,
саған деген перзенттік пәк үнімде
Сағыныш бар,
күмбірлеген күйлері бар даламның!..

ТУҒАН ЖЕРМЕН СЫРЛАСУ

(баллада)

1

Масатыдай құлпырған, көк шалғында төсегім,
Қой тастарды басыма құс жастық қып төседім.
Бал дәуренім орнап бір,
Балалық шақ базарлы
Тас қайнардан су ішіп, жан сарайым тазарды.

Жусан исі бойымнан айықтырып дертімді,
Сәуле сезім балқытып, билеп алды еркімді.
Сыршыл бұлақ сыбдырлап,
Өткен күнді есіне ап,
Дегендей-ақ:
Жарқыным, ер жетіпсің, өсіп-ақ,

Оң-солыңды танитын, көзге ұрынбас кемдігі,
Жігеріңді жанитын кезің екен ендігі.
Еске салсам өткенді бұйырмассың айыпқа,
Балалық шақ көктемді –
есіңе алшы байыптап.

Балақандар гүл көрсе, бәрің соған таласып,
Қырқа сәні сендермен, кетпеуші ме ед жарасып.
Ал қазір ше?..
Ауылға келуді де сиреттің,
Туған жердің ендігі, ыстығына күймек кім?!.

Қара жолға қырдағы жолың да бір түспеді,
Кең даланың ұлдары істейтұғын іс пе еді?
Осы жолмен өмірге қадам басқан жоқ па едің?
Айта берсем өзіңе, өкпе-назым көп менің!..

... Тамақ құрғап, демігіп, сөз таба алмай булығып,
Өн бойымнан әл құрып, тұра да алмай жығылып,
– Кеше гөр! – деп күбірлей, сөзін бөлдім бұлақтың, –
Ұланыңды сынап тым, астына алдың сұрақтың.

Саған менің көңілім – жаңа туған айдан ақ,
Сенсіз менің өмірім – өмір емес, тайғанақ,
Денемдегі қызуды топырағың сыйлаған,
Жүрегіме жылуды гүлдеріңнен жинағам.

Мұқағали ақынның жырларымен өрілген,
Бұлттан шәлі жамылған, мұзарт шыңдар көрінген,
Қолтығымнан демейтін, бастайтұғын сенімге,
Қиналғанда жебейтін,
Махаббатым менің де!..

2

Отан үшін от кешіп, өтіп талай өткелден,
Ата-бабам өмірін қиындықпен өткерген.
Пана болып жанына Украина орманы,
Зұлым жаудан Отанын көппен бірге қорғады.

Қанша боздақ даламның маңдайына сыймаған,
Алау гүлдер солардың ескерткіші сыйлаған.
Тілі басқа болса да тілегі бір барша адам,
Ұлы Отан, бір сенің, азаттығыңды аңсаған.

ГЭС-тер, мынау, орнаған...
Байқоңыры ғасырдың,
Күні кеше арманы Төлеген мен Қасымның.
Бейбітшілік, татулық әуеніне шырқаған
Қазағымның дауысын барша әлем тыңдаған.

Өзіңменен нәрленген, менің бүкіл ғұмырым,
Қымбат маған, сондықтан,
Отан деген – Ұлы ұғым!..

... Отырғанда осылай, ойға кетіп,
қасымнан,

Бұлбұл үні естілді, таныс маған жасымнан.
Бақыт жайлы ол-дағы әнге салды не түрлі,
Тыныштықтың ол қазір,
Дирижері секілді!..

ЖАЛҒЫЗ ТҮП ТҮТ

(баллада)

Біздің ауыл етегінде жалғыз түп тұт өсетін,
Мәуесінің бал шырыны көкейіңді тесетін.
Талай жылдың аптабы мен аязына шыдаған,
Бұл ағашты елдің бәрі қасиетті десетін.

Бала-шаға осында кеп сауық-сайран құратын,
Жапырағы жерге дейін жауып оны тұратын.
Тұт жемісі піскен кезде,
қанға малып алғандай,
Жесек болды,
бет-ауымыз қып-қызыл боп шығатын.

Ұзақты күн жемісінен құмарланып жейтінбіз,
Бұтағына шығып алсақ,
күндіз көрінбейтінбіз.
Әңгіме айтсақ,
тақырыбы тұттың дәмі болатын,
Мақтауға оны бар балаға біздер ерінбейтінбіз.

Иеленіп алып тұтты:
Мұнда енді, келме деп,
Балаларға ұрсағын да аулымызда пенде жоқ.
“Жасырынбақ”, “Қуаласпақ” –
ойнайтынбыз бәрін де,
Шаршамастан тұт басында күні бойы өрмелеп.
“Балақандар тіл үйірет тұттың дәмін білсін тек,
Бастарынан күн өтпесін,
көленкеде жүрсін, – деп,
Мейірімді қандай адам мұны келіп екті екен, –
Алып ағаш аулымызға көрік беріп тұрсын,” – деп.

Осы сұрақ бәрімізді мазалайтын үнемі,
Күз айының жайма-шуақ маужыраған күні еді,
Бір бала айтты:
Аулымызда жасы үлкен жалғыз-ақ,
Мұны білсе, тоғайдағы Дәу апамыз біледі!

– Табылған бұл ақыл екен! –
деп бәріміз шуладық,
Ойланатын не бар енді,
біздер қарап тұрмадық.
Дәу апаның үйін іздеп,
бір топ бала жарысып,
Қара жолды жалаң аяқ шаңға көміп зуладық.

Дәу апаның бәріміз де білмейтінбіз шын атын,
Тентектеу бір туысының қолында ол тұратын.
Ел айтатын күйеуі мен екі бірдей баласы
Оралмастан қалғандығын қан майданнан сұрапыл.

Сол туысы
(Есімі де қызық еді – Моторбай),
Бүгін тағы бізді көрсе,
қуа ма деп бата алмай,
Үйге кірдік.
Қап-қараңғы төрде дімкәс кейуана
Сырқаттанып жатыр екен,
қарға адым жер жете алмай.

Бізді көріп мәз боп қалды,
әдейі іздеп барғасын,
Алдымызға үйіп-төгіп қойып жатыр дәмді асын.
Жаулығымен көрсетпестен,
өз ұлдары келгендей,
Қайран ана, қуаныштан сығып алды көз жасын.

Толқындардың арасында қалған жалғыз аралдай,
Қиындықпен бетпе-бет кеп, кім бар жеңер адамдай?!
Дәу ана да ғұмыр бойы батыс жаққа қарайтын,
Қос құлыным кеп қалар деп жаны тағат таба алмай.

Жаны тағат таба алмайтын,
бар үміті, тірегі –
Қос құлынын әлі күнге ол күтуменен жүр еді.
Тұт жайында әңгіме де айтылмаған ешкімге,
Дәу ананың жүрегінде жасырынған сыр еді.

* * *

– Соғыс әлі басталмаған.
Тамылжыған жаз еді.
Қасыреттен біздің-дағы жүрегіміз таза еді.
Бірде менің қос құлыным тұт көшетін әкеліп,
Үйіміздің іргесіне қондырғанға мәз еді.

Пенде шіркін, қайдан білсін не күтерін алда әлі,
Лағнет атқыр, қанды қырғын, қанша адамды жалмады!
Бір-ақ күнде үйімізден жауға аттанып үш еркек,
Менің-дағы басыма кеп түсті тағдыр салмағы.

Таудай бакты үйіп-төгіп берсе-дағы жетерлік,
Қалың елден жырылып қап күн кешем деу бекерлік.
Ер-азамат кеткеннен соң бала-шаға,

кемпір-шал –
Бір кісідей қиындықты мойнымызбен көтердік.

Күйттейтіні өз қамы боп:
“Дүниеге малынсақ!..” –
Дейтіндер де жоқ емес-ау, тіршілікте жанын сап.
Жердің беті гүлге оранып кетер еді-ау мәңгілік,
Құлқынының құлы болып жүргендерден арылсақ!..

Қиын кезде арамыздан ондайлар да табылды,
Сендер қайдан білесіңдер, бригадир Сабырды!?

Бір күндері фермамыздың бастығы боп алған соң,
Атақ пенен шен қуалап,

ауданға ол сабылды.

Мүсіркеп ел кезінде оның қолтығынан демеді,
Майданға да жарамады,

оң аяғы кем еді.

Жақсылықты тез ұмытып,

шыға келді өзгеріп,

Қарапайым қалың елді ақымаққа ол теңеді.

Атқа мініп, тізгін ұстап,

қолға алған соң билікті,

Қыз-қырқынға қоразданып, күш көрсетті,

шүйлікті.

Жүз жыл жасап өтетұғын қара қарға секілді

Көрінгеннің өміріне қожасынып килікті.

Аулымызда бір ғаріп шал болып еді-ау, бейшара,
Қорлық көрем деп ол, сірә, ойлап па екен мұншама –
Қыстың күні Сабыр бастық сол байғұсты қаматты,
Ұрладың деп жала жауып, колхоз шөбін бір шана.

Жалғыз ұлы қан майданда қаза болған
шерменде

Жан еді ол.

Тексеруге ауданға алып келгенде,

Жан азабын көтере алмай жан тәсілім етіпті,

Кәрі жүрек қиянатқа, сірә, төтеп берген бе?!

Мені-дағы тәлкек қылып тағдыр талай жылатты,

Сабыр бірде біздің үйдің тұт ағашын ұнатты.

Тыңдамастан ешкімді де,

алып тұттың бұтағын

Бір күні отын етемін деп,

шапты-дағы құлатты.

Бір жыл бойы тұт ағашы бүршігін де жармады,
Балалар да бұрынғыдай оған жақын бармады.

Ара тісі тиген жерден сорғалаған жас ақты,
Ала жаздай аспаннан да жалғыз тамшы тамбады.

Тұт жарасы жазылмады...
Жалғыз өзім бөгеттен
Шілде өткенше түбіріне су құйғанмын шелекпен.
Жеңіс туы желбіреген көктем келіп жеткенде
Алып тұттың түбіртегі бүрін жарды кенеттен.

Жетім-жесір қайғысы ма жібермеген сондағы,
Сабырдың да түбі бірақ тіршілігі оңбады.
Жазатайым жаздың күні аттан құлап мертігіп,
Оның-дағы шаңырағын қайғы бұлты торлады.

Пейілі бұл халқымыздың, шіркін, неткен кең еді,
(Әділеттік қашан болсын түбінде бір жеңеді!)
Елдің іші – алтын бесік,
жалғаны жоқ сөзімнің,
Ешкім сонда оны нашар адам еді-ау демеді!..

Жылдар өтті...
Тұт ағашы қайта өркенін жайған-ды,
Самал өбіп бұтақтарын,
жаңбыр жасы шайған-ды.
Жаздың күні ауламыз да шуға толды қайтадан
Бар баланың ең сүйікті мекеніне айналды.
Ажалсызға ажал жоқ қой, қанша қырғын болса да,
“Қара қағаз” алса да үйі,
сау келгендер қаншама!
Қос құлыным аналарын іздеп келер күн туса,
Тағдырыма ризамын мені сол күн алса да, –

Деп Дәу ана үнсіз қалды,
ауыр ойдан егіліп,
Мөлт-мөлт еткен көздің жасы етегіне төгіліп.
Бәрімізді қайта-қайта бетімізден сүйіп жүр,
Үйден аттап шығысымен кетердей-ақ бөлініп.

“Дәу ананың көңіліне неден қаяу түсірдік?” –
Деп бәріміз енді шындап абыржыдық,
қысылдық,
Қанша жылдар өтсе-дағы,
соғыс салған жарақат
Әлі күнге жүректерде жатқандығын түсіндік...
... Еш алаңсыз, балалық шақ,
неткен мөлдір едің сен,
Таңғы шықтай алақанға
салар едім, көрінсең.
Сағым болып сағындырған, менің бұла күндерім,
Қайда жүрсем өмірімнің, көңілімнің,
көгі сен!...

СЫРМАҚ, ҚАМШЫ ЖӘНЕ БӨРІК ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

1

Жан еді ол қуанышқа шөлдеген,
Қиындығы бар ма, сірә, көрмеген?!
Ғұмыр кешті ерте тұрып,
Кеш жатып,
Тауқыметті бірге шегіп елменен.

Сүйген жары еңбегімен әйгілі,
Жылқышы еді бермейтін бас бәйгіні.
Дүниені ойламапты қызық деп,
Жалғыз бала – екеуінің байлығы.

Сол арудың қызғалдақтай қырдағы,
Соғыс өрті бар қызығын ұрлады.
Қан майданда қаза тауып жолдасы
Қатал уақыт тезіне сап шыңдады.

Жиырма бесте жесір қалу оңай ма,
Тағдыр кейде, дегеніңе қарай ма?

Бар ғұмырын баласына арнады,
Қатарынан қалмасын деп қалайда.

Еркін өсті ұл.
Ешкім беттен қақпады.
Бала кезден болды ауылдың мақтаны.
Анасы оны астанада оқытып,
Күйеуінің аманатын ақтады.

Есті азамат болып өсті баласы,
Емделгендей қам көңілдің жарасы.
Ал бірақ та, байғұс ана әлі алаң,
Қалада енді, қалған-ды ұлы, қарашы!

Көрген сайын қуанышын басқаның,
Алаңдайтын сәтте жүдеп қас-қағым.
Енді, міне, бар тілегі қабыл боп,
Көрді ұлының басына бас қосқанын.

Той жасады,
Төгіп жиған-тергенін:
– Осы күнді, – деді, – күтіп келгемін!
Баласы айтты:
– Қалада енді, тұрамыз,
Дұрыс болар бізге, анашым, ергенің...

Жас та келді,
Бұрынғыдай тіресіп,
Тағдырменен,
Қиындықпен күресіп,
Еңбек етер қайрат та жоқ бойында,
Лажы бар ма кетпеске енді ілесіп...

Отыр ана оңашада қамығып,
Еске алады ауылын ол сағынып.
Ертелі-кеш немересін ойнатып,
Қаланың да жайына алған қанығып.

Үйдегі тек, камшы, сырмақ, бөрігін,
Көзіндей ол көруші еді ерінің.
Өткен күнді ойлап бір сәт камықса,
Көтеретін солар еді көңілін.

Жас келіні жақтырмады сырмақты,
Енесіне айтпаса да тым қатты,
Кіналады ыбырсытып үй ішін,
Жинай беріп қайтеді деп, бұл затты.

Күйеуіне айтты бірде өкпесін:
– Лақтыр бәрін, апам шығып кеткесін!
Неге керек, жинап ескі-құсқыны,
Әлдеқашан мерзімі оның өткесін?..

Кіре қалсаң апам жатқан бөлмеге,
Ескі сырмақ төселінген жерге де.
Іргедегі анау, жаман бөрік пен
Қамшыны да қойғандай-ақ көрмеге.

Қанша қымбат болса-дағы сол “мұра”,
Бөлме сәнін кетіріп тұр ол мына,
Құлпырып-ақ кетпес пе еді үйіміз,
Жаңа кілем сатып алсақ орнына?!.

“Не қыламыз, айтып кәрі кісіге,
Апам кейін жатар өзі түсіне”, –
Деп баласы буып-түйіп бәрін де,
Атып ұрды күл-қоқыстың ішіне.

Кеш білді де болған істі,
Мән-жайды,
Ана жүзі мұңға батып сарғайды.
Келін-бала састы шындап, ал енді,
Қам көңілді немен ғана алдайды?..

Өткен күнді ұмытуға бола ма,
Қаншама жыл салса-дағы араға,

Кешегі бір тарихынан тіл қатып,
Тұрушы еді-ау, осы заттар анаға.

Андаусызда аттап өтіп тілегін,
Қарт ананың жаралап ап жүрегін,
Өз қатесін келін-бала кеш ұғып,
Таба алмастан отыр енді, бір емін...

III

Амал қанша,
Өкінішті-ақ мынау іс,
Көңілге енді, қайтсе табар жұбаныш?..
Осындайда жалғап жүрер араны
Немеренің болғаны да қуаныш.
Тентек еді,
Тентек еді, ол мүлде,
Дегендей-ақ, міне, мені көрдің бе,
Сырттан кіріп,
Әжесіне ұмтылды,
Оған көңіл бөлмедің не,
Бөлдің не!..

Бөрікті әлгі,
Жарасымсыз өзіне,
Жымырайтып киіп апты көзіне.
Ал қамшыны ат қып мініп шауып жүр,
Құлақ салмай ешкімнің де сөзіне.

– Үлкейгенде ауыл жаққа барасың,
Бұл қамшыны сонда өзің аласың,
Атаңа ұқсап сәйгүлікке құрық сап,
Үлкен тойдың бәйгесінде шабасың!.. –

Демеп пе едің, әжетай-ау!
Мәссаған!..
Неге мұны, күл-қоқысқа тастаған?
Ойнап жүріп тауып алдым мен мұны,
Алып кетсе қайтер едік, басқа адам?! –

Деп, немере әжесінен сұрады,
Қарт әженің қайта жанды шырағы.
Үміт оты кеудесінде жарқырап,
Жүрегі оның қуаныштан жылады.

– Көгершінім, саған ғана сақтап ем...
Жетермін деп, бір күн осы шаққа мен! –
Деп әженің көңіліне нұр еніп,
Жанарынан жалын атып, жатты әлем...

ҒАШЫҚ ӘНІ

Баллада

Жастық жалын алаулаған шағында
Арманыңа бөгет болмас дауыл да.
Кітапхана факультетін бітіріп
Сәуле деген бір қыз келді ауылға.

Аулымызға биыл сол қыз келгелі,
Жігіттердің қолы боста елдегі
Ертелі-кеш сабылып кеп клубқа,
Кітап оқу болды жалғыз ермегі.

Сөз болатын бос жүрісің беталды,
Аулымыздың дәстүрі де қатал-ды.
Мінезімен елге ұнап сол бойжеткен,
Келді-дағы “Ақсәуле қыз” атанды.

Ақсәуле қыз шыққан кезде сәнденіп,
Бір көрініп қалуды оған жөн көріп,
Жігіт біткен қараушы еді соңынан,
Ешқайсысы алдын кеспей жол беріп.

Қанша жігіт ынтызар боп жүрмеді,
Ақсәуле қыз назарына ілмеді.
Әншейінде, ақкөңіл де, ақ жарқын
Бойжеткеннің сырын ешкім білмеді.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

БАЛАПАҢҒА БАЗАРЛЫҚ

*(Әңгімелер, ертегілер, анимациялық
фильмдердің киносценарийлері)*



АЙГӨЛЕК

Әңгіме

Айгөлек – Моңғолияның Баянөлгий аймағында тұрады. Қысы қатал, жазы ыстық боп келетін бұл аймақтың адамдары да табиғатпен бірге жаралған секілді. Қысы-жазы төрт түлік мал өсіріп, соның өнімін күнкөрістеріне жаратады.

Айгөлектің атасы Міржақып өте әңгімешіл адам. Күндіз үлкендердің барлығы өздерінің жұмыстарына кеткенде атасы мен кішкентай немересі екеуі ғана оңаша үйде қалады. Айгөлектің жалықпайтын ермегі бар. Ол – атасының таусылмайтын ертегісі. Оны тыңдаудан әсте бір жалыққан емес. Әсіресе, ер қанаты – ат туралы әңгіме болғанда Айгөлектің көз алдына Қобыландының Тайбурылы елестейді. Оның ақылдылығына, иесінің ойын айтқызбай түсінетіндігіне таңырқайды. Сондай бір сәтте:

– Ата, “адам – жылқы мінездес” дегенді қалай түсінуге болады? – деп сұрады Айгөлек.

– Жылқы малы адам баласымен ерте заманнан бірге өмір сүріп келеді, – деді атасы оған. – Сондықтан да, “мал иесіне тартады” дейді қазақ. Ал жас балаға деген қуанышын ”ат тұяғын – тай басар” деп білдірген. Жылқы малы да дәп бір адам секілді, туған жерін, атақонысын аңсайды. Тарихта жаугершілікпен алыс жерге еріксіз айдап әкетілген жылқы үйірлерінің ата мекеніне қайтып оралған мысалдары өте көп...

Айгөлек жылы көрпенің астында жатқандықтан, атасының әңгімесінің аяғын тыңдай алмай, ұйықтап кеткенін сезбей де қалды.

Биыл қаңтарда Баянөлгииде қар жылдағыдан әжептеуір қалың түсті. Таңертеңгілік көз жетер жердің бәрі аппақ түске малыныпты. Арқан бойы көтерілген шағырмақ күннің сәулесі ақ күміс қармен шағылысып, айнала көз қарықтырады. Дала тып-тыныш, үп еткен жел де жоқ.

– Айгөлек, тұра ғой. Бүгін – Жаңа жыл келді... – деген атасының дауысынан Айгөлек көзін ашып алды.

– Жаңа жыл келді!..

– Қане, қызым, киініп далаға шығайықшы. Шыршаның түбіне барып қарашы, өзің. Түнде Аяз Ата саған сыйлық алып келіп еді, сен тұрмай қойдың. Ол сені ары-бері күтіп, болмаған соң сыйлықтарын анау шыршаның түбіне қалдырып кетті...– деді атасы қулана

күлімсіреп. Айгөлек қуанып кетті. Аяз Атаны бұл көптен күтіп жүр еді. Орнынан ұшып тұрып, тез-тез киінді де далаға шықты.

Атасы Айгөлекке арнап былтыр ғана отырғызған жас шырша өзгеше түрге еніпті. Аппақ қарға оранып, көз тартады екен. Есік алдына бейне бір Қарша қыз келіп, бұны Жаңа жылмен құттықтап тұрған секілді.

– Қарша қыз, бізге сен қонаққа келдің бе? – деді Айгөлек қуанышын жасыра алмай. Ол кенет бұтақта ілініп тұрған әдемі қорапты байқады. Атасы айтқандай, Аяз Ата Айгөлекке деп арнайы әкелген сыйлықтарын қалдырып кетіпті. Ішінде бұған ең керегі – көптен күтіп жүрген кішкене ғана сүйкімді қуыршағы да бар екен. Айгөлек ішінен қанша қуанып тұрса да, сәлден соң-ақ жыламсырай бастады.

– Ата, Аяз-Ата келгенде мені неге ояптадыңыздар!.. Ол қай жақтан келеді?.. – деді.

– А-нау-у-у, Жонғар Алатауын көрдің бе? Соның арғы жағында алты тау асып, Қазақстан деген кең-байтақ атамекен еліміз бар. Аяз Ата сол жақтан Қаршақыз екеуі біздер үшін қос ат жеккен шанасымен келеді. Ол және барлық балаға барып үлгеруі керек. Сенің ұйықтап жатқаныңды көрген соң: ”Ұйқысын бұзбандар!” деп өтінді. “Келесі жылы тағы да келемін” деп, осы сыйлықтарды саған қалдырды, – деді атасы.

Айгөлек шынымен де қатты өкінді. Осыны аңғарған атасы:

– Айгөлек, сен өкпелеме. Осы қыстан аман шықсақ, келе жатқан жыл басы – Наурыз айында біз де сол Қазақстан деген атамекенімізге көштің басын бұрамыз. Алла тілегімізді қабыл етпей!.. – деді.

Айгөлектің жүзі бал-бұл жанды.

АНА БЕЙТІ БАСЫНДА немесе Ана туралы толғау

1

Ана! Осы бір жалғыз ауыз сөзде талай сыр, терең мағына жатыр. Әлемнің жарығын сыйлап, сәбиін әлдилеген ана сезімі ақ сүтіндей таза да пәк. Дүниедегі жақсының көзі – адамдық қасиет, ақ тілек, мейірбандық дегеннің бәрі Ана деген сөзбен астасып жатыр.

Менің кейде адам табиғаты, оның ішінде әйел табиғаты туралы ойланғанда қайран қалатыным бар. Әйелдер қауымы өмірдің соншалықты қиын-қыстау сын сәттерінде өздерін жоғалтпай, орнық-

ты, биязы, бірқалыпты жайдары мінездерінен танбайтын ұстамдылықтарымен мені тәнті етеді. Келбеттерінен күн күліп, жүздерінен мейірім лебі ескендей айналасына үнемі шуағын төгіп, алысты жақындатып жүргендерін көргенде еріксіз ойланасың.

Француз ғалымы Фурье: “Қоғамның рухани саулығы, даму дәрежесі әйелге деген көзқарасынан танылмақ” депті. Иланып қана қоймайсың, кәміл сенесің. Ақ жаулықты әжесіз, ақ дидарлы анасыз, ақ үкілі бойжеткенсіз халқымызды көзге елестетіп көріңізші. Ұлттық сән-салтанат, мінез-құлық, салт-дәстүрлеріміз сол бір әдемі мінез, әсем сезім, әсерлі әдеп арқылы танылып тұрған жоқ па? Анасыз қай қазақтың шаңырағы түзеліп, көші келіскен?!.

Сол құдыретті қасиетті танып білуге де көз керек, сезім керек.

Адам дүниесінде Анадан ардақты, одан қымбат, одан қасиетті ештеңе жоқ. Бұған қарсы дау-дамай, уәж-далбай тағы жоқ. Өйткені, Ана – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат жаяр алтын бесігі. Ол – баға жетпес асыл да ардақты байлық, елдің абыройы мен ары, намысы мен болашағы. Демек, ол өмірдің өзегі, басты қазығы, негізгі тірегі. Ана қасиетінің ең ұнамдысы мынада деп білемін: ананың ақ сүтін арда емген, сол сүттің қадірін түсінген азаматтың бойында, ең алдымен, мейірімді жүрек, жайдары, жаны жаздай таза рух, келісімді мінез-құлық, ақыл-парасат боларын біз жақсы білеміз.

Ана тілі, Ана тілегі, Ана арманы, Ананың аялы алақаны, Ана алғысы деген тәріздес сөздердің өзі – дүниенің мәні мен мағынасы. Дүниеде ананың көз жасынан салмақты, одан ауыр таразы басын кері тартар ештеңе жоқ. Өйткені, ананың көз жасы киелі саналады.

Ана деген сөз небәрі үш әріптен ғана құралады. Сол үш әріптің күшіне лайықты, қасиетті сөз табу оңай емес көрінеді...

Қайран Ана! Мейірімді Ана!..

Адам баласына өмір сыйлаған, сана берген, салтанат берген – Ана. Ақжарқын да аяулы, ардақты да асыл – Ана. Ақ сүтін аузымызға тосқан – Ана, ақ батасын баласына берген – Ана. Күнге қарай жетелеген – Ана, бақытқа қарай баулыған – Ана. Білімге қарай бетімізді бұрған – Ана, Басымызға күн туса бірінші боп қасымыздан табылған – Ана. Қайғымызға қайысқан, қасыретімізді бөліскен – Ана. Дертті болсаң ем іздеген, қуанышыңды бөліскен – Ана. Жауға кегін, жауызға десін бермеген – Ана.

Бала үшін жанын қиған, бала үшін барын жиған – Ана. Баласының балғын санасына бар жақсылықты құйған – Ана.

Ана баланы тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, жүрек жылуымен, өзінің бойындағы нәрімен қоректендіреді. Алғашқы тіршілік қимылын тар құрсағынан өзі ғана сезініп, өзі ғана алғаш рет оңашада отырып қуаныш сезіміне бөленеді.

...Міне, арайлап тіршілік таңы тағы да атты. Өмір жалғасуда. Өмір дегеніміз мәңгілік таусылмайтын ұзақ жол, сол жолда ұрпақпен ұрпақ мәңгілік ауысып отырады. Үлкендер айтқандай, “өзі өлсе де, орнында ұрпағы қалады...” Осының бәрі-бәрісі асыл Ананың арқасы!

Біз – сол қасиетті Анадан туған ұрпақпыз!..

2

...Ес білгелі қойы қоралас, малы аралас боп келген, көрші үйдегі Алтын шешейдің ойын баласы бірде мені оңаша шақырып алып, күтпеген бір жайды сұрағаны бар.

– Көкенай, сен өзіңді дүниеге әкелген анаң туралы әлі ештеңе де білмейсің, айналайын. Ол да бір мұңлық еді-ау, бұ пәнидің бір де бір қызығын көрмей, өмірі ерте үзілді. Сенің өстіп құлдыраңдап шауып жүргеніңді о дүниеде жатып сезеді ме екен, жарықтық?..

Кішкентай, жалаң аяқпен көшенің ыстық топырағын борпылда-тып шауып жүрген қараборбай баламын ғой ол кезде. Үйлері біздің үймен жапсарлас қоныстанған, көрші Алтын шешейдің аңдамай, әлде, байқаусызда айтып салған мына сөзі менің алаңсыз балалық сезімімнің жасыл бағын біреу кеп таптап кеткендей, әп-сәтте көңілімді ойран-асыр еткені бар. Танауымды жиі-жиі тартып, оған таңырқай қарап қалыппын. Менің бар білетінім – сәбилік шақтан еміс-еміс есімде қалғаны – күнұзақ арқасынан тастамастан арқалап өсірген әзиз анам Қалыш апам ғана. Ал мына Алтын шешейдің сұрағы менің сәби жүрегімді шымырлатып өткендей болды.

Үйге жүгіріп келдім. Келсем апамның реңі пәс, терезе жақтағы іргеге төсек салып, жаңа ғана жантайып демалып жатқан кезі екен. Күнде таңертеңнен колхоздың қырманына кетіп, түсте үйге тамақтану үшін келетін. Бүгін күндегісінен де ертелеу келіпті. Төсегінің жанына кішкене дастарқан жайып, мен кіріп келгенде басын көтеріп, нан мен қатқан қара шаймен тамақтанып отыр.

– Келдің бе, құлыным. Өзің алқынып тұрсың ғой? – деп ішке енген мені айналып-толғана бастады.

Естіген-білгенімді бірден лақ еткізіп айта салуға апамды аядым. Дәл қазір мен білмейтін біреуді басынан аяғына дейін алтынмен аптап, күміспен күптеп тастаса да мынау отырған шүйкедей

қара кемпірдің күс-күс алақанымен арқамды жалғыз рет қасып, маңдайымнан искеп, құшағына басқанына айырбастағым жоқ еді.

Анам осындай әңгіменің боларын о бастан-ақ сезген бе, жоқ әлде, өзі бұған дейін де осы әңгімені маған қалай жеткізерін білмей жүрді ме, әйтеуір, шай үстіндегі менің қипақтап жеткізген алғашқы сөзімнен соң-ақ сөз төркінін бірден ұғынды.

– Түске дейін қырмандағы әйелдерге қосылып, әрең-әрең астық тазаластым. Басымның сақинасы ұстап, оның үстіне жүрегі құрғыр да шаншып, бей-берекетімді кетірді. Сосын, бригадир қайнағаға айтып, түс қайта келе алмаймын деп кеттім, – деген анам, әңгімені арыдан бастап.

Тізесіне басымды қойып, бауырына тығыла түстім. Неге ғана білдірдім екен деген сұрақ көңілімді арай да топай етіп кеткен еді. Апам кішкентай кекілімді алақанымен сипалап, біраз отырды да, бетімді өзіне қаратып:

– Көкенайым, сен менімен бірге жүресің бе? Бір жаққа барып қайтамыз, кешке дейін, – деген. Әңгімеміздің оп-оңай басқа тақырыпқа ауысқанға көңілім марқайып, апамның құшағынан атып тұрдым.

– Мен сыртқа шығып, торы төбел құнанды әкеле беремін, апа. Өзің ерттейсің, – дедім де, далаға ытқып шықтым.

Бұл – сол бір жастық шағымда есімнен өшпестей, мәңгі ұмытылмастай орын алған күндер еді.

– Құлыным, мынау Қарасай деген қыстақ болады. Бұрын, Кеңес үкіметі құрылғанға дейін сенің ата-бабаларың осы жерді паналаған. Елден жырақтау демесең, шөбі мол, малға шүйгін, суы таза, шаруаға жайлы жер. Қазір бұл арада ешкім тұрмайды. Тіпті, көрдің бе, “елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан” деп халық айтпақшы, сол ата-бабаларыңның үйлерінің орны да қалмаған. Бәрін шөп басып кетіпті, – деп апам қарсы алдымыздан көрінген үлкен сайдың етегін нұсқаған.

Торытөбел құнанның шабына аяғымды тигізбеймін деп, апамның белінен тас қып қапсыра құшып, қатты ұстап алған мен апам көрсеткен сайға көз тастадым. “Сенің ата-бабаларың паналаған...” деді ғой. Демек, менің әкемнің кіндік қаны тамған жерлер. Анау, алыстан көзге менмұңдалап көрініп жатқан, дәп бір біреу осы жерге әдейі қолмен әкеп орнатқандай жалпақ-жалпақ дөңгелек үлкен тастар олардың секіріп ойнаған орындары болуы мүмкін. Не де болса, табиғаттың осынау тамаша көрінісіне есім кете көзімді айырмастан ұзақ қарап қалыппын.

Апам ат тізгінін тежегенде ғана бұл ойымнан айырылдым. Тақымымды қажап тастаған мен аттан секіріп түсімен көк майса шөпке бір аунап алдым да, шапқылай жөнелдім. Әсем табиғат көңіліме ерекше нұр құйған. Бір кезде жайнамазын жайып, намаз оқып отырған апамның жанына келдім. Әдеттегідей емес, ұзақ оқыды, және ақырын дауыспен оқып отырған аяттары да бұрынғысына ұқсамайды. Анықтап қарасам, апам әлгінде тас лақтырып, тереңдігін тамашалап кеткен жанымыздағы тұма бұлақ жаққа бетін бұрған күйі тас мүсіндей қозғалмастан отыр екен. Қасына таяндым.

– Құлыным, саған ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бұл мойнымдағы аналық қарыздан құтылып, өзіне түсіндіремін деп, көңілдегі айта алмай жүрген арманым еді. Сен, енді мені тыңда!.. – дегенде барып апамның жүзіне барлап үңілдім. Үңілдім де тез есімді жинап, қайран қалдым. Оның қос жанарынан жылжып аққан жас бетіндегі әжім іздерін қуалай ағып жатыр, ағып жатыр екен.

– Шырақшым, сен Ұлбала мен Перизат әкпенді білесің ғой. Ол екеуі менің дүниеге келген он бес сәбиімнен қалған қос қарлығашым. Сені кейін, мұнда етегіме орап алдым. Сенің анаң Шайкүл – менің абысыным болған. Соғыс жылдары, одан кейінгі ел басындағы ауыртпалық ол бейшараға үлкен соққы боп тиді. Біз қос абысын апалы-сіңлідей тату едік. Сені көтерген жылы күздің күні ызғарлы болды, сені босана салысымен есіңді білмейтін кезде дүние салды. Ол кезде дәрігер деген атымен жоқ. Бейшара көзін жұмарында әулиелігі ме, қиналғанын бір де бір сездірместен, “ыңқ!” демей кетті. Сені маған қайта-қайта тапсырып, “Құдай алдында сенің балаң, етегіңе орап ал. Егер, адам болып ер жетсе, мен сенен ол дүниеде де сұрамадым!” деген еді. Сені ол кезде көрші де, қолаң да адам болады деп ойламаған еді. Етегіме шала туған, екі-үш айлық баланы орап алдым. Мейірімімді түгесе алмай, барлығынан да тірідей айырылып қалған балаларымның орнына арада жиырма бес жылдан соң сенің нәресте уыз ісінді иіскедім. Беріш боп қатып қалған емшегімнен сүт ақты, тас бауырым жібіді. Сәби құшып, сенің анаң тапсырған аманатты өле-өлгенше ақтап өтермін деп, өзіме-өзім серт еттім. Анау, екі әкпенді көрмейсің бе, бізге келіп тұрмайсың деп барған сайын мазамды алады. Ал мен содан бері өз қызығым, өз жарығым сенің тілеуіңді тілеп келемін. Азамат болып, ана қадірін ардақтай алар шаққа жетсе, осының бәрін өзім баяндап берсем деуші едім, – деп апам үнсіз қалды.

Мынау ата-бабаларымның табаны тиген мекенге неге келіп отырганымы енді түсіндім. Қайран, апатайым-ай! Осының бәрін маған жеткізерде қанша қиналды екен. Анау, ақ күміс шалған самайыңа тағы да қанша әжім түсті екен. Он бес сәби көтеріп, солардан туғанымдай болған екі әкпемді ғана ауызға алған, мынау апамның қалай ғана бұған дейін сонша сырды, қаншама қиындықты жүрегіне сыйғызып келгеніне таңырқадым.

– Мынау, тұма бұлақты ұмытпа. Он бес перзентімнің ең біріншісі Мергенбайымның денесін қатыгез қолдардан қорғап қалған да осы тұма бұлақ. Кеңес үкіметінің сол алғашқы жылдарында бай-бұржуа, кедей болып, елдің іші алатайдай бүлінген, ағайынды отырған екі кісі бір-бірімен қырық пышақ болған заман еді ол. Мен ол кезде оқымаған сауатсыз болсам да қызыл отау деген шығып, соған жазылып, комсомолға күштеп кіргізген еді. Байдың қызы бола тұрып, бұл да бір жан сақтаудың амалы еді. Біздің ел ол кезде осы жерді жайлаған. Үлкендердің көзі сиреп, артта қалған бала-шаға кедей боп жазылып, колхозға кіріп жатты.

Міне, осы кезеңде ақ пен қызылды ажыратып болмастай өмір өтті. Ақтың киімін киіп келіп, қазақтың ауылын қызыл шауып бір кетсе, артынан ақтың әскерін арқа тұтқан жергілікті байлардан кеңес үкіметіне қарсы бас көтерген топ кедей-кепшіктің ауылына аяусыз ойран сап кететін. Әсіресе, ел ұйқыға кеткен беймезгіл шақта табан астынан тау арасынан “Аңқайлап” ұран салып, ауылда қалған мүсәпір кемпір-шалды зар қақтырып, үйін өртеп, малын айдап кететін кулактар тобы көбейді сол кезде бұл аймақта. Сол “аңқай” деп ұран салған есірік топ бірде еркегі жоқ біздің ауылға жолай соғып, бір түнде ел естіп көрмеген сұмдық іс істеді. Кімнің баласы, не қызы комсомолға кірсе соның түтінін түк қалдырмай өшіреміз деп шарапқа тойып алған құзғындар бала-шаға, қыз-қырқынға дейін далаға шығармастан киіз үйге қамап, сыртынан от қояды. Сол күні талай адам сол құзғындардың қолынан қаза тауыпты. Солардың арасында менің құрсағымнан көтерген он екі балам осы жерде құлақтардың қолынан киіз үйдің ішінде отқа тұншығып, қайтыс болды. Ең үлкенім ол кезде он төртте еді. Мергенбайым, сол қым-қуыт арпалыста бір қапысын тауып, киіз үйдің іргесінен амалын тауып сыртқа қашып шықса керек. Артынан көзі шалып қалған әлгі маскүнем сұмдардың бірі “комсомолдың күшігі!” деп, жерден жеті қоян тапқандай артынан қуа жөнеледі. Он төрттегі баладан не зәреқұт қалсын. Үйден таяқ тастам жердегі

жатқан мынау тұма бұлаққа жете бергенде аяғы тайып кетіп, осы кісі бойы терең бұлаққа құлап түседі. Сөйтіп, судың түбінде тұншығып жатқанда әлгі құзғындар оны құтқармақ түгілі айыздары қанып, мәз боп қарап тұрады. Солай, құлыным! Бұл жерде сенің бауырың, ағаларыңның жатқанын есіңнен шығарма. Әйтеуір, қуыс кеудеден жан шыққанша тіршілік үшін күреседі екенсің ғой. Сені бауырыма басқанда сол Мергенбайым тіріліп келгендей, қартайған шағымда емшегімнен сүт акты, құлыным.

Бір күннен соң ойраны шыққан ауылға келгенімізде бұл сұмдықты көріп, естен біржола танып, құлап түстім. Содан, ұзақ айықпас ауруға шалдықтым. Уақыт бәріне емші деген рас екен. Кейін сол ауруымнан есімді жиғызып, адам қатарына қосқан, сен едің, құлыным!

...Тұма бұлақтан өз бейнемді көріп, мөлдірлігіне шек келтірмедім. Жағалауын қалың құрақ басыпты.

– Жүре ғой, құлыным. Анаңның бейітінің орнын шөп басып, табудың өзі қиындап кеткен шығар. Барып, құран оқиық, – деп апам орнынан көтерілді. Мен соңынан ілестім.

Жақын маңнан, қыр жақтан аңқыған жусан иісі келді мұрынға. Ақшулан бұлттарды қанатына ілестіріп, солтүстіктен оңтүстікке қарай көк жүзін көлбеп, қиқулап құстар өтті тізбектеліп. Олар да көптен адам аяғы тимеген осынау ата-баба мекендерін аралап келе жатқан, өмір табыстырған ана мен баланың іштей тебіреністерін, жан толғанысын бір сәтке ұғынып, біздерге сонау биіктегі көк жүзінен қиқулап, үн қатып бара жатқан секілді.

Ал, мен апам екеуіміз менің аяулы анамның бейітін қалың шөп басқан беткейден іздеп келеміз.

ҚОС ЖЕТІМ

(әңгіме)

Аспанды қоршаған бұлт көшкіні шағын ауылды бір уыс етті. Бұлтқа ілескен қара дауыл түстік жақтан жер бетін жылан жалмағандай жайпап келе жатты. Мұндайда ауыл адамдарының үйреншікті әдеті – қора-қопсының есігін жауып, даладағы қазан-ошақтарын қымтап, ыдыс-аяқтарын жалма-жан үйге тасып ала қояды.

Маңыраған мал, шуылдаған бала, әр жерден бажылдап айқайлаған адуын әйелдердің ащы даусы, төңіректің астан-кестенін шығар-

ды. Мал соңында зыр жүгірген жалаң аяқ шиборбай балалар табылған малын қораларына әкеп қамап жатыр.

Терезе алдында баласын көтеріп тұрған Күлшай да сырттағы жағдайды тез аңғарып, жұрттың алды болып далаға сүріне-қабына шыққан. Қолындағы баласын есік алдына тұрғыза сала, қазан-ошақ жаққа қарай жүгіре жөнелді. Көктемгі жауыннан мыжырая түскен ескі ошақты бара сала тері-тулақпен қымтай бастады. Дауыл жақындаған сайын дегбірсіздене түсті Күлшай. Өзінің “жүгермегінің” қайда кеткені де белгісіз. “Әлгі... Айқынның соңынан ілесіп, бірге кетті ме? Содан бір елі қалсайшы, құдды бір, соған, жабысып қалғандай, жабыскыр, неме!..”

Ыдыстарын салдыратып, үйге апарып шыққан ол, енді қаз-қаз басып там жағалай үйдің арғы бұрышына жетіп қалған баласына ұмтылды. Осы кезде мал сарайдың жанында бейқам тұрған Айқын мен Жомарттың дәл үстінен түсті.

– Әй, жүгермек, сен де ілесіп барған екенсің ғой, жақсылық жақпайтып сорлы-ай, үсті-басың әбден су боп, сілікпен шығыпты-ау...- оның назары енді Айқынға төнді. – Ым... сен екенсің ғой! Қозы-лақ қайда!.. Неге үндемейсің, әй, қу шешек!?

Онсыз да денесі жаңбырдан малмандай су болған Айқын мына сөзден соң не істерін білместен, дірілдей бастады.

– Ж-о-о-оқ!..

– Қай жерлерді іздедің?! – Күлшай Айқынға ежірейе тіл қатты.

– Ауылды түгел аралап шықтым.

– Қырдағы жоңышқалыққа бардың ба?

...

– Қап, қыршын-ай! Ауылдан таппаған соң бірден сондағы ескі базға бармайсың ба? Күн болса мынау. Әй, шұнақ құдай-ай! Әлгі, көгермегір тентек охыран айдап кетіп, базға апарып қамап қойды ғой. Мелшііп тұра бермей, не ғып... кімді күтіп тұрсың, жоғалт қаранды. Осыдан таппай келші, үйге кірмейсің. Қылжақтайтын әкең жоқ. Жоғал!..

Ол үйге беттей беріп, есіне бірдене түскендей қайта бұрылды. Айқынның қасында сипақтап тұрған Жомартты ала көзімен ата қарады.

– Жаныңның барында үйге зыт!.. Әй, жақсылық жақпайтын, маңдайың тасқа тимейтін сорлы екенсің. Бағаналы бері босқа сенделіп, өзің де өлімші болған шығарсың.

Апа, мен де барайыншы. Айқын көкем, жалғыз өзі қорқады ғой. Бейкүнә бала сөзінен Күлшай селк ете қалды.

– Әй, мына сорлы не дейді-ай! Сөзін қара шіріктің! Одан да анау інінді жуатпаймысың, үнін зарлатпай. Әлде, ол саған бауыр емес пе? Үстің болса су, ауырып қалмай тұрғаныңда зыт үйге, – ол катулана Айқынға бұрылды. – Сен, кімді күтіп тұрсың, бедірейіп, жоғал, тез!..

Бір қолымен баласын қолтықтап, екінші қолымен Жомарттың қолынан жетелеп үйге қарай беттеді. Өз ықтиярынсыз дедектеп бара жатқан Жомарт есіктен ене бере Айқынға көз тастады. Оның байқағаны – апақ-сапақтағы қараңғылық пен күркірей жөнелген найзағай үні Айқынды өз тұңғиығына батырып әкетті.

Әп-сәтте отызшақты үйлі шағын ауыл азан-қазан болды да қалды. Сол ауылдан ұзап шыққан Айқын соншалықты әбіржіп, жан-жағына жалтақтай қарайды. Балаң жүзі қорқыныштан қобалжып, еріндері діріл қағып, тұрған орнында тастай қатып қалыпты. Осы бір шақта оның кішкентай миында мың сан ойлар атойлап, көз алдынан елес болып тізбектеліп өтіп жатты. “Не істесем екен?..”

Сарт-сұрт еткен жойқын жел барлық құм-топырақты алдына салып алды да, бейне бір бүкіл тіршілік біткеннің тынысын тығындап тастамақ болғандай-ақ ұйтқы жөнелді.

– Әй, Айқын! Ай-қ-ы-ы-н!..

Құтырылған желмен бірге жарыса шыққан ащы айқайдың кімнің даусы екенін ол анық ажыратты. “Ал... тағы да басталды!..” деді іштей күбірлеп. Бірақ кімге айтқанын өзі де аңғарған жоқ. Ары қарай шыдай алмастан жылап жіберді. Өйткені, оған елдің бәрі де, тіптен, мынау қоршаған бүкіл тау мен ағаштар, бәрі-бәрісі бұдан безініп, өзін жек көретіндей болып кетті. Осы мезетте табиғаттың апшысын қуырып, жұрттың зәресін алған долы жел бір-екі ұйтқыды да, сап тиялып, жоғала қалды. Есесіне, аспандағы қою қорғасын бұлттар сіркіреуін доғарып, алды-артына қарамай беті ауған жаққа асығыс жөңкіп барады. Айналада әлгінде орнаған қараңғылық та біртіндеп себезгілене бастаған тәрізді. ”Бәрі де тыптыныш бола қалғаны несі...”. Ол селк ете қалды.

– Қозы-лақтарды таптың ба?..

Жалт қарады да, еріксіз шегіне берді. “Келе жатыр... Дәл өзі... Ештеңе естілмейді... Бет-аузы қисаңдап, бірдеңені айтып жыбырлап, екі қолын сермеп, сөйлеп келе жатқанға ұқсайды. Кеп қалды...”

Бұдан әрі Айқын не болғанын өзі де білмей қалды. Жағынан оскан өгей шешенің шапалағы тұрған жерінен оны ұшырып-ақ жі-

берді. “Не жаздым екен, төлдерді таба алмағаным үшін бе?!” деп ойлауға ғана шамасы келді оның. Сөйткенше болған жоқ, қайдан тап бола қалғаны белгісіз, үстіне біреу құлап түскендей болды. Дәл құлақ түбінен “апалаған” Жомарттың даусы. “Ол қайдан келе қалды екен. Мұны өз шешесінің таяғынан қорғап, белінен қапсыра құшақтап, айырылмай қатып қалыпты. Ж-о-о-Жомарт!..” Аға-ағалап, бұның ертелі күн ертегісін тыңдаудан жалықпай, соңынан бір елі қалмай жүретін жеті жастағы інісі

Жомарттың осы қылығы бөлек анадан туса да оның ет-жүрегін елжіретіп жіберді.

Жанталаса жүріп ол өгей шеше тырнағынан әзер дегенде қашып шықты. Соңынан жете алмай қалған шайпау әйел жұдырығын көрсете бар ызғарын шашып, бұрқ-сарқ қайнап, артта қалып барады. Оның бергі жағында “аға, аға” деп бұдан айырылғысы келмегендей, кішкентай Жомарт құлдырандап келеді.

– Жомарт, Жомарт, сен әлі кішкентайсың, бауырым... Сені ұрмас та еді ғой, мен болмағанда. Қайта ғой, әйтпесе, қараңғыда қорқасың. Мен кешікпей келем...

– Ұрады, аға, ұрады!.. Көкеме айтайықшы, келген соң, ұрды деп. Мақұл ма?! – Ол сәбилік аңқаулығымен өзі қуып жеткен Айқынды құшақтай алды.

– Ж-о-о-к! Сені ұрып не көрініпті. Төлдерге қарамай, ойнап жүріп, жоғалтып алған мен кінәлімін. Сен үйге бар. Мен ана Шілтерлі сайдың басындағы ескі базға барып келемін. Қозы-лақтар жаңбырдан ығып, сонда паналаған шығар. Бара ғой!

Ол енгігін баса алмай жүгіріп келеді. Төңірек демде-ақ қарауытып, көз байлана бастаған. Шілтерлінің ту басындағы ескі қораға қашан жетері белгісіз. Әйтеуір, көзін тас жұмып алып, алдыға қарай қара жолмен зулап келеді. Көз ұшындағы төбеден көп төмпешіктердің қарауытқан сұлбасы бұлаңытады. Ол төмпешіктердің не екенін Айқын кішкентайынан біледі.

Ол кезде Айқын мектепке енді-енді барамын деп жүрген. Бірде аяқ астынан анасы колхозда жұмыс істеп жүрген жерінен суық тиіп ауырып, төсек тартып жатып қалды. Күнде үйге келісімен анасының омырауына еркелей басын сұғып, оның құшағында бір аунап алмайынша бұған тамақ та батпайтын, мауқы да басылмайтын. Анасы болса бұған мейірімін төге бауырына басып, шашынан иіскеп, жұмыстан әбден мүйізденіп кеткен күс-күс алақанымен бұның кекілінен, арқасынан сипағанда, сонда ше, бұған одан аялы,

одан жұмсақ, дүниеде рақат ештеңе жоқтай көрінуші еді-ау... Анасы сол құлағаннан бір ай жатты.

Көп күткен қоңыр күз де жетті. Басқа балалар сияқты Айқын да ерте бастан қағаз-қаламын, кітап-дәптерлерін, сөмкелерін мектепке әзірлеп, алғашқы қоңырауды асыға күткен. Сол бір күннің бұған қуанышынан басқа тағдыр көлденең тартқан үлкен қайғысы да барын сол кезде бұның кішкентай жүрегі сезбепті. “Құлынымды өзім қолынан жетелеп апарып, мұғаліміңе табыс етемін. Менің жарығым, тек қана, бес деген бағаға оқиды”, – деп төсекте жатып арман еткен анасы сол күні ұзақ таңға көз ілмей, қатты қысылып шыққан. Түн ортасына дейін бұны қасынан жіберместен, есін жинап, өз-өзіне келсе болды “Айқыным, шы-ра-ғым!..” – деумен болды.

Әкесіне әлдебір жұмыстарды қайта-қайта тапсырып, жанарына жас алып, бұған қарап жылай берген. Таң ата бұл қатты ұйықтап кетіпті.

– Айқынжан, тұра ғой. Бүгін мектепке барасың! – деген әкесінің сөзін естігенде бұл орнынан ұшып тұрды.

Жаз бойы асыға күткен мектепке де баратын күн туды-ау. Асығыс-үсігіс киіне бастады. Осы кезде әкесі:

– Айқынжан, қазір сені мен ертіп баратын болдым. Апаң сені қасына шақырып жатыр. Бара ғой, алтыным, – деді. Анасы жатқан төргі бөлмеге бұл жүрексініп кірді. Ішкі терезенің көзін түнде тас қып қымтап тастапты да, бұл анасының жүзін анық көре алмады. Әкесі осыны енді ғана байқап, тез барып терезе көзіндегі тұтулы тұрған матаны алып тастады. Жарық түскенде бұл анасының жүдеу жүзін көрді.

– Әкеңмен бірге мектепке барасың, жарығым. Жақсы оқы... – деп анасы әр сөзін бөліп-бөліп әзер айтты. Бұрынғыдай бұны алдына алып, шашынан сипауға да шамасы жетпеді.

Айқын сол күні мектеп табалдырығын аттады. Мектептен босап, көшеге шыққанда өзге балалар сияқты бұны тосып тұрған ешкім де жоқ екен. Үйіне жақындағанда барып бір-ақ көрді. Есіктің алды толған адам. Бірі кіріп, бірі шығады. Бұған көңіл бөліп жатқан да бір кісі көрінбейді. Ол содан қайтып анасын көрген жоқ. Ауыл адамдары жиналып, анасын сонда осынау төмпешіктерге қарай алып кеткен. Неге екенін білмейді, сол күні күрек-қайла көтерген кісілер бесін ауа үйге келіп, тағы да улап-шулап жылаған. Әсіресе көкесі ұзақ жылады. “Кө-ө-ке!.. Сен де кешіктің ғой. “Көктем шыға ауылға үлкен өзеннен су әкелеміз, соған канал қазып жатырмыз,” – деп үйден кеттің де көп-

ке дейін келмей қойдың. Мен сені күнде күтумен жүрмін. Сен үйде болсаң мені қырдағы ескі қораға осындай тас қараңғыда жалғыз жібергізер ме едің? Тым болмаса қасымда болатын едің ғой. Мен мұнша жыламас та едім. Құрып кеткір қозы-лақ та жоғалмас еді онда. Айтпақшы... сен бүгінгі күні келем деп едің ғой...”

Долдана соққан есерсоқ жел қайта құтырынды, төңіректің әпшісін кетірді. Анда-санда жарқ еткен найзағай жарқылынан дүние бір сәтке ұйқысынан оянады да, қайта қара түнекке оранады.

Тозығы жеткен алаша сияктанып, қамысы құлап, бір жақ қана ты опырылып түскен ескі қораның алдына келіп тоқтай қалған Айқын ішке кіруге жүрексініп тұрды. Өрекіген жауынмен қабаттасып жем іздеген аш бөрінің ұлығанындай уілдей соққан жел тына қалды да, артынша өзі ертеқ кітаптан оқыған аждаһаның қаһарындай сатыр-гүтір еткен көктемгі найзағай күркірі жер-көккі көміп кетті. Әншейінде алақанындағыдай көрінетін тоғайдағы шағын ауылдың да бір де бір шамы көрінбейді. Біреу тасалап көрсетпей қойған сияқты, қап-қараңғы. Бүкіл денесі еріксіз ұйып бара жатқандай, жүрегі тарсылдап, буын-буыны босаған Айқын оқыс найзағай күркірінен сескеніп есікке ұмтылды. Есін жиған соң бір-ақ білді. Көлденең қойған темірден асып түскенде аяғын ауырттып алыпты.

Кішкентай жүрегі үздіксіз дүрсілдей соғып, аласапыран болып жатқан оның ойы іздеп жүрген қозы-лағында емес, жаңа сырттағы құлақ тұндырарлық дауыспен айқайлап, Айқынның аяғына жармаққан алуан түрлі құбыжық, жеті басты аждаһада еді. Ол бірте-бірте жеті басты аждаһаның бұл жерде емес, ертеқ кітаптан оқығанын есіне түсіріп, оның үстіне бұрышта үркердей болып иіріліп тұрған өз қозыларын көріп, қуанып кетті. Орнынан көтеріліп, малмандай су болған екі тізесін құшақтап, бұрышқа бұйығып отыра кетті. Әйтсе де, тас қараңғы қораның ішінде құлақтары тікірейіп, көздері жалт-жұлт еткен төлдердің мына тұрысы Айқынның есін шығарып, зәреқұтын қашырды.

Желіге ұйтқыған тентек желдің сәл тына қалуы мұң екен, тағы да сатыр-гүтір найзағай ойнап, жаңбыр селдете төпеді. Тастүнек қараңғыда не істерін білмей дағдарған Айқынның садыра ісі қолқаны қапқан қараңғы қорада енді бойы жылына бастағандай болды.

Қараңғылыққа бойы үйреніп, әбден шаршаған ол ұйықтап кеткенін де сезбей қалды.

... Үсті-басы малмандай су болып қалжырап, жайдақ машинаның үстінен әрең түскен Байсалды көшеден қарсы алған ешкім болмады.

Аспан түнеріп, жауарын да жаумасын да білмей тұрған бүгінгі күннің сұрқы да оған ұнай қойған жоқ-тын. Және есік алдына келгенде үйден шығып мойнына асыла кеткен Жомарттың баяндап жатқан әрбір сөзі оның көңілін бұрынғыдан да бетер тұнжырата түсті. Ол әкесіне үйге жеткенше болған оқиғаның бәрін жіпке тізгендей етіп айтып берді. Ендігі жерде Жомарттың еркелеп, бұның мойнынан тас қып құшақтап алғаны да көңіл кірбіңіне себепші бола алмады. Жомартты жетелеген күйі көп кідірместен ішке енді. Неге екені белгісіз алдынан жайраңдай шыққан әйелі Күлшайдың мына қылығы көріспегелі нешеме күндер өтсе де, оған бір түрлі жасанды көрінді. Әлгінде жатар мезгілде сырттан машина даусы гүрілдегенде-ақ Байсалдың келе жатқанын ұққан Күлшай, ендігі жерде оның алдымен кімді іздейтінін сезетін секілді. Мұның ойын басқа бір арнаға түсіруге тырысып, жайраңдай күлді.

– Неге тұрсың-ей, босағада жетім балаша мелшиіп. – Даусы жасандылау, жарықшақтанып шықты. Өзінің абайсыздау айтқан сөзімен Байсалдың жанын жеген жарасының аузын тырнап кеткенін сезіп, қипақтай бастады.

– Аманшылық па, етігінді шеш. Жомарт, көкеңнің етігін тарт, – жердегі жатқан тайпақ орындықты босаға жаққа ығыстырып қойды.

– Жоқ, Жомарт, өзім-ақ! – Күлшайға енді тіктей қарады. Ол ештеңе сезбеген қалып танытты. Тым-тырыс болған тыныштыққа төзбеді білем, әлден уақытта Байсалға өзі бірінші боп тіл қатты.

– Саған, не болған-ей?

– Айқын қайда? – Мұның бұл сұрағын алдын-ала білгендей, дайын жауаппен қарсы алды.

– Ол қозы-лақтарды іздеп, бағана түс әлетінде кетіп еді. Жоғарғы ауылдағы “патрон” қайнағаның балаларымен ойнап қалды ма, қайдам. Содан келген жоқ. Мен оған қырдағы базды қара да жауын жаумай тұрып, тез кері қайт деп едім!..

Ауылдың ең бас жағындағы елден бөлек отырған жалғыз үй бұның немере ағасыныкі. Қар түссе болды бұл өңірге ақбөкен қаптайды. Ауылдың қатын-қалашы осы қайнағаларының ептеп аңшылық өнерінің барын, қыстай мылтығын иығынан тастамай аң аулайтынын естіп, “патрон қайнаға” деп атап кеткен. Содан бері бұның немере ағасының азан шақырып қойған өз аты бүгінде ұмытылып, елдің бәрі де оны солай атайды.

Күлшайдың мына сөзіне Байсал енді шыдай алмады. Ары тыңдай беруге төзімі де таусылған сияқты.

– Сен, бірдемені бүгіп тұрған секілдісің ғой өзі. – Өмірінде Байсалдың даусынан Күлшай алғаш рет сескенейін деді. Сонда да сыр бермеген болды.

– Немене, маған сенбейін дедің бе! Күшігінде таладың дегің келсе, қолынан өзіңмен бірге жетелеп жүрмейсің бе! Онысы несі екеней, бағана түсте қырдағы базға кеткен деп айттым ғой, ол жүгермекті.

Байсалдың басы айналып, сөз айтуға шамасы келместен, тамағына өксік кептеліп қалғандай болды. Бір сәтке бойын суық ызғар шарпып өткендей, өз-өзінен қалшылдап, ашуын әрең ұстап тұр. Япырмай, бұл өмір дегенінді қойсаңшы! Неткен ұқсас еді, бір-бірімен. Бұл өмір адам баласына бір-ақ рет беріледі деуші еді, енді келіп, екі рет беріліп, екеуі де бір-бірінен айнымастай дәл осылай қайталан бермек пе? Айқыным қайда? “Күшігінде таладың дегің келсе!...” “Ол... жүгермегінді...” “Түү!.. Неткен суық сөздер еді. Ана бауырынан ерте ажырап қалған мен ғана жастайымнан естіп өстім, енді бұндай суық сөздерді екінші ешкімге де естіртпеймін деуші едім. Адам баласы естуге тиіс емес осы сөздерге енді кеп өз баламды қалайша душар еттім. Өзінен аттай бір мүшел кіші Күлшай осы үйге келін боп түсісімен кіп-кішкентай Айқынды өз баласындай етегіне орап алмап па еді? Осы Жомартым дүниеге келгенде де оның бойынан ешқандай өгей шеше дейтіндей, оғаш мінезін көрмеген, сезбеген де едім. “Адам аласы ішінде...” деген сөз рас болғаны-ау. Тілі қандай ащы еді, қалай білмей келгем, осы уақытқа дейін!...”

– Күлшай, – Байсал әлі де өз-өзіне келе алмай тебіреніп кетті. – Аналық парызды көтере алар, Жәмиләдан қалған жалғыз Айқыныма қамқоршы болар ма деп көптің ішінен сенің ризалық көңіліңмен қосылып, өзіңе ғана сенім артқан едім. Сенің орнында Жәмилә болса қандай болар еді. Неге түсінбейсің... қолыңа қояр ма еді? Сол-л-л, менің саған бар айтарым!

Ол адымдай басып сыртқа шығып кетті.

Шелектеп жауған нөсер жаңбыр толассыз себелеп тұр екен. Қою қараңғылықта анда-санда екпіндей соққан өкпек жел жаңбыр тамшыларын теңіз дауылына айналдырып жібергендей, қойны-қонышына тыққылайды. Қақпаның алдына кеп тоқтаған Байсал бір кезде өзінің қалшылдап жаурай бастағанын сезді. “Жаурағаны ма? Жо-жок! Мынау көктемнің жауыны емес пе? Ендеше, әлденеден сескенейін деген шығар... Қой әрі, Айқыны осы қораның ішінде ғой. Ол қалай қорықпастан отыр екен!” Сыртта себелей жауған нөсер бір сәтке тына қалған сияқты.

Ішке енген Байсал алғаш көрдей қараңғы қорадан ештеңе аңғара

алмады. Бір нәрсе іздеген адамдай, екі қолымен жан қалтасын қармай берді. Көрдей қараңғы қора іші де, жаңа әзірде ғана жел соғып шелектей жауған жаңбырлы дала да меңіреу тыныштық. Дәл бір өз жемін аңдып, күтіп жатқан жаралы жолбарыстай тырп етпейді. Айқынды ойлаған сәтте Байсалдың жүрегі лүпілдеп кетті. Қолына ілінген екі сіріңке шырпысының екеуі де тұтанбай қалды. Үшінші шырпы тұтанысымен сәл тұрып, ол да сөніп қалды. Бірақ, Байсал арғы бұрышта жас төлдердің арасында бір уыс боп бүрісіп жатқан баласын, Айқынын танып та үлгерді. Еңбектей басып, Айқынның қасына келді.

Сыртта шатырды ұрғылап, гуілдей соққан жел Байсалдың жүрек лүпілімен бірге арпалысып жатқандай. Сіріңке қорабының ішін сипалаған оның саусақтары соңғы шырпыны алып шықты. Кенет, оның қолдары дірілдеп, ойы астаң-кестең... Көз алдына жары Жәмилә елестеді. “Байсал-ау, мұның қалай? Айқынымды аманат еткен жоқ па едім саған. Жалғызымның жазығы не? Тірі жүрсем жылатпаймын деген сөзің бар еді ғой, маған берген. Шырағымның өмір жасы өстіп өкси берсе, өмірге жасынан қатыгез болып кетпей ме? Қалайша жалғыз өзін жібергенсің? Жүрегің тасқа айналып, әкелік мейірімнің ғайыпқа ұшқаны ма? Ол – өз балаң ғой... жас қой!” – дегендей, нақпа-нақ үн келеді әлдебір тұңғиықтан. “Күшігінде таланған жүгермегіңді!..” Мынау Күлшай ғой, құдай-ау!.. Байсал қалшылдап барады. Өзін көрмесе де даусы бүкіл денесін суық жыландай аралап өтті. Байсал өз жағдайын айтып жауап қатпақ болып көрді. О, ғажап! Үні шықпай қалыпты...

Осы кезде сыртта тағы да күн күркіреп, найзағай шартылдады.

Аспан ойылып, салдырап-күлдіреп төніп келе жатқандай Байсалдың даусын көміп кетті. Көз алды қарауытып барады. Сағырлай жөнелген найзағай күркірімен қоса тағы да, ендігі бір сәтте асықпай қайғылы сарынмен әлдебір түсініксіз тілдермен әлемге жар салған Жәмилә бейнесі, тіптен, осы кезде шыңғырып жіберген Айқынның құлындай даусы оны толғандырып жіберді.

– А-а-п-а-а!..

– Ба-а-а-ла-а-м-м! Ай-қы-ным-м!..

Орнынан ытқып көтерілген Айқынды құшақтай алған Байсал қабырғаға сүйене берді. Дүние найзағай жарқылынан бір сәтке жап-жарық болып кетті.

Осы кезде жұдырықтай Айқын ғана емес, Байсал да өзін тұлдырсыз жетімдей сезініп еді.

ҚАРА ТОҚТЫ

(Әңгіме)

Біздің отызға жуық шаңырағы бар Алмалы ауылында әр үйдің қорасынан жиырмадан астам қой-ешкі бар дегеннің өзінде, күн сайын алты жүздей ұсақ мал өріске шығатын еді. Бұған дейін жалданып қой бағып жүрген Мақан ағамыз қартайғанда «кәрі жездең қылық шығарды» дегендей, аздап ішкілік ішуді бастап еді, ақыр соңында соның құрығына басын тығып, шыға алмай қалды. Ауыл ақсақалдары ешкім белсеніп шыға қоймаған соң, қойды енді кезекпен бағу керек деп ұйғарды. Бұл шешім, әсіресе, бұғанасы қата қоймаған біздер секілді он-он бес жастағы балаларға төбеден ұрғандай жаңалық болды. Таңалакөгімнен өріске шығарған малды әр үйдің қорасынан жинап алып, жаздың ми қайнатар күнінде тау мен тасты кезіп, қас қарая бастаған кешкі бесінге дейін бағу, расында да, кіп-кішкентай балаларға оңай жұмыс емес еді. Оның үстіне «туысқан ата» деп жүрген Беркімбаи ағамның ешкілерін ойласаң, есіңнен адаса жаздайсың. Қырсық қылғанда, ағам ұсақ малдан тек ешкілерді ғана ұстайды. Еті жеуге жеңіл, өсімтал, түбіті пайдалы деп. Бірақ, сол кебенек келгір ешкілерден көресіні көресің. Бір отар қойды соңынан ілестіріп ап, үп еткен жел қайдан тұрса, солай қарай маңдайын тосып, безектейді де отырады. Тұнып тұрған қырдың шөбін місе тұтпастан, тау мен тасқа, сай-сала мен жыра-жыраны кезіп кетеді. Ал, қой байғұстардың ешкісіз күні жоқ, соларға жабысып қалған секілді. Ешкі қай жаққа бет түзесе, қойлар да солардың соңынан бір елі қалмайды. Кепеш құйрық қазақы қойдың мінезі де ешкіге ұқсап кеткен секілді ме дейсің.

Қиялдаған да жақсы, кейде. Ойға да шомамын. Беркімбаи ағамның осы он кебенегін отардан бөліп алып, көрші Байжансай руднигіндегі шахтерларға апарып сатып жіберсем, ақшасын қолыма санап алсам ғой деп. Сосын, ағам жоғалған ешкілерімнің құнын төле десе, орнына сол ақшаны бере қоямын. Бірақ, он жастағы менің қолымнан не келеді, ондай тәуекелге баруға шамам жетер ме екен. Шіркін, осындайда, қашан үлкен жігіт боп өсемін деп, қатты армандаймын.

Қойдың кезегі біздің үйге де келеді. Сол күн жақындаған сайын жатсам ұйқыдан, тұрсам күлкіден айырыламын. Өйткені, түске дейін қойды апам бағады. Сосын, күн екіндіге таяғанда, отарды Есекбел деп аталатын асудың арғы жағындағы жалғыз үй отырған Әміртай

көкемнің үйінің жанындағы кіші тоғанға әкеп иіреді. Содан күннің ыстығы қайтқанға дейін, дәлірек айтсам, сағат үшке дейін мал тырп етпестен суаттап, қалың талдың көленкесінде жатады.

Соңғы күндері апамның жүрегі ауырып, ден саулығы сыр беріп жүр. Күн ысығанда демі жиілеп, қара терге түседі. Әжім торлаған өңі де қарауытып кетеді. Оған сондай жаным ашиды. Бір тапа нанды шүберекке орап, қойныма қысып, темір құтыға сусынымды құйып ап, түс ауа қойды бағуға мен шығамын. Он жаста болсам да, естиярмын. Өйткені, әке-шешемнің сеніп отырғаны мен.

– Алысқа ұзатпай, қойдың бетін қақпайлап отыр. Шілтерлі сайға малды жіберіп алсаң, ие бола алмай қаласың. Анау, кебенек келгірлерге ие болсаң, қалған мал ешқайда кетпейді, жарығым. Төрт-бес сағат демімді алып, шәй ішіп, жан шақырып алсам, алдыңнан өзім шығармын, – деп, апам мені айналып-толғанып, бетімнен сүйіп шығарып салады.

Осы төрт-бес сағаты құрғырдың мен үшін ұзақ күнге татитынын апам байғұс қайдан білсін. Төбеден шыжғырған күн, оған қосылып, ерегісіп алғандай, сонау төбеңде бозторғай бір орнында шырылдап тұрып алады. Тағы да сол, топ ешкінің соңынан жүгіре-жүгіре демің өшіп, тілерсегің талады.

Беткейде бытырап, шашылып жатқан малды көріп, көңілім орнына түсті. Отардағы әрбір қой тұрған жерлеріне байланып қалғандай, қалың отқа бас қойыпты. Не де болса, қолайлы сәтті пайдаланып қалайын деп, алып шыққан тамағымды шығардым. Нан мен айранды бұралақтата жеп, тамақ аш қарынға түскесін, кәдімгідей бойым балқып, көзіме ұйқы тығылды. Бытырап жатқан отар айнадағыдай көз алдымда көрініп тұрсын деп, биіктеу шоқыға шығып, үлкен жалпақ тастың үстіне келіп жайғастым. Күнге ысыған тастың беті шаршағанда кәдімгі болыскей кереуетіңнен кем көрінбеді екен. Бойынды балқытып, не түрлі қиялға жетелейді. Мың бір түндегі патшалардың алтын тағы да мына жалпақ тастан артық дейсің бе? Жан-жағына қарасаң, сұлу табиғат: жайлау төрі көк кілем, сол көк кілемде бытырап жайылып жатқан қалың мал. Аспан көкпенбек. Тасқа жантайып ап басыңды қойсаң-ақ дененді ыстық леп балқытып, әлде бір қиял ғажайып әлеміне сүңгіп кеткендейсің. Молдалардың жиі айтатын жұмағы да дәл осындай-ақ болар.

Сақтанып жүргенімді қайтейін, көзім ілініп, ұйықтап кетіппін. Тіпті, қанша уақыт өткенін де білмеймін. Көзімді ашып алғанда зәрем зәр түбіне кетті. Орнымнан ұшып тұрдым. Көз алдымда әлгінде ғана

жерден басын алмай, қалың отқа байлап қойғандай бір отар қой аспанға ұшып кеткендей, көзден ғайып болыпты. О ғажап! Басыма күн өткен секілді, мең-зең. Маңдайымнан шып-шып тер сорғалап тұр. Әй, сорлы басым-ай! Енді не істедім? «Кебенек келгірлер, отарды қайда бастап жеттіңдер». Ішімнен бір сыбап алдым да, аспанға қарадым. Көк жүзінде кішкене ақшулан бұлттар пайда болыпты. Білдідан соққан самал жел бетімді аздап желпігендей болды. Осы жел мені адастырмас деп, енді ылдиды бетке алып, жүгіре жөнелдім. Күдігім, тек қана, апам ескерткен Шілтерлі сайға мал түсіп кетпесе екен! Оның іші атты адам түсіп кетсе көрінбейтін қалың қамыс. Ит-құс дегеннің ордасы да сонда, дейді үлкендер. Әсіресе, ол маңнан қыстың ақ боранында, ақпан мен қаңтар айларында адам өте алмайды. Сол жердің қасқырлары талай мәрте ауылдың қора-қопсысына дейін шабуыл жасаған. Олар түнделетіп, жасырынып келгенде, әншейінде арпылдап алдыңды орап, есігіне жолатпайтын арлансымақтар құйрықтарын бұтына тығып ап, қораларына кіріп кетеді екен.

Сол күнгі қойдың кезегін өткізгенім менің бала қиялымнан мәңгі өшпестей орын тепті. Кіші бесінге таянғанда атамның ешкілері жарты отарды бастап, ауылға келіп қалған. Үй маңындағы қозы-лақ енелеріне жамырап қосылып, ауылдың іші азан-қазан шу, үлкен-кішісі абыр-сабыр болды. Апам бір сұмдықты сезгендей таяғын қолына қыстырып, мені іздеп кетіпті.

Мен Шілтерлі сайдың қамысына енді жетіп, жарты отарды әзер дегенде қайырып, есімді жиғанымда апам байғұс та келіп үлгерді.

– Апа, қойдың жартысынан астамы жоқ. Мен ұйықтап қалыппын. Қасқырға жем болған шығар, – деп, жылап жібердім, тісім тісіме сақылдап қорыққаным сонша.

– Ештеңе етпейді, шырағым. Әлгі, кебенек атқырлар оларды ауылға апарыпты. Шошынып қалмасаң нетті, қорықпа! – деп, апам мені өзіне тартып құшағына алды. Сөйтіп, бас бармағымен таңдайымды басты.

Сол күні құдай жарылқап, көршілердің ешқайсысының да қойы жоғалмады. Бір таңқаларлығы, біздің үйдің төрт қойы мен Беркімбай атамның екі ешкісі жоқ болып шықты. Апам екеуіміз кешке дейін іздеп, үйге таба алмай зорығып жеттік. Жер жұтқандай зым-зия. Апам екеуіміз ертесіне Шілтерлі сайдың ұлтанында жыландай ирелеңдеп ағып жататын өзеннің жағасынан қасқыр тартып, жайратып тастаған қой-ешкілердің шашылып жатқан денесін таптық. Қасқырлар олардың ішек-қарнын жарып, жылы жұмсағына

армансыз тойған сияқты. Қалың жыңғылдың арасынан сыбыр еткен дыбысты естіп, ит-құс екен деп, шоршып түстім. О, тоба! Менің кішкентай қара тоқтым аман қалыпты. Мына, қызыққа қараңыз. Желкесінен сыпырылған терісі жон арқасына дейін жетіп, жүні жыңғылға оралып, маталып қалыпты. Өзі сол жыңғылдың арасында қыбыр етпей жатқасын тоқ қасқырлар оған зер сала қоймаса керек.

– Байғұс-ай, әлі жаны шыға қоймаған екен. Обал ғой, үйге алып барайық, – деді апам. Тоқтының жап-жалаңаш денесіне жалбыраған терісін қайта жапсырып, апамның орамалымен тас қып байлап тас-тадық та, кезекпен көтерісіп, үйге де жеттік-ау.

Көрші қолаңның бәрі қара тоқтыны көріп, мал болмайтындығын айтты. Не де болса, аман қалған соң, бейшара, басқа түскенін көрер деп, апам жалбыраған терісін қайшымен киізді кескендей кесіп тас-тады. Жап-жалаңаш қызыл ет, бір қарағанда көзге тосын көрінеді. Апам оның арқасына креолин майын аямай-ақ жақты.

– Осы тоқты сенің жақсы көретін қозың еді, енді оны емдеп жазуды өзің қолыңа ал. Мен білсем тоқтың мал болып кететін сияқты. Күнде креолинді аямай жағып, алдына жем қоюды ұмытпа. Осыдан тоқтың аяғынан тұрып, жазылып кетсе, базарға апарып сатып, пұлына саған белесебед әперемін, – деді, апам мейірленіп.

Белесебед!... Бұл менің күндіз жүрсем есімнен, түнде ұйықтасам түсімнен шықпайтын ең асыл арманым еді ғой! Содан қара тоқты мен үшін барлық малдан бөлек, дара тоқты болды. Үйдегілерден жасырып, шөп, жоңышқа, жемді аямай беремін. Суғарамын. Үш мезгіл жарасын маймен майлаймын. Үш ай өткенде қара тоқтының арқасы қара қотырланып, кәдімгі тасбақаның жон арқасындай шорланып, қотырлана бастады.

Үйде қыстай ауырып, төсек тартып жатқан көкем де жаздың жайма шуақ күнінде басын көтеріп, шекпенін иығына іліп, есік алдына шықты.

Артымнан қалмай мен қайда барсам, сонда ілесіп жүрген қара тоқтыны көріп, көкем таңқалғанын жасырмады.

– Мал болмайтын шығар деп едік, тоқтың шырланып, семіріп, кәдімгідей саулық болыпты ғой. Енді бір оншақты күнде союға да жарап қалар, – деді әкем.

Әкемнің бетіне қарап, сөз сөйлеп көрмеген мен жаутаңдап, жауап қайтара алмадым. Оның мына сөзі менің кіп-кішкентай жүрегімді шымшып өткендей болды. Тоқтымды сонымнан ертіп, қора жаққа тұра жүгірдім.

Қыркүйекте сабақ басталды. Мектеп біздің үйден үш-төрт шақырым

төмен жақтағы ауылда орналасқан еді. Сабақтан шыққанның өзінде үйге қас қарая, кейде жаздың қою түнінде жетеміз. Ойын баласы жолда өзен бойлап, от жағып, жарқабақта жасырынбақ ойнаймыз. Біздің шағын ауылға кіре берісте физика пәнінен сабақ беретін Адырбек ағайдың үйі бар. Адырбек ағай маған жақында ғана жезде болды. Өзі жұмыс істейтін мектепте пионер вожатый болып жүрген, Сүлейменқұл ағамның қызы, сұлу да көрікті, бұрымы тізесіне түсетін Гүлбала әпкемді бір ақ күнде алып қашып кетті де, үйленіп алды. Бір жағынан әпкемді кимасам да, атынан ат үркетіндей физика пәні мұғалімінің менің жездем болып шыққанына қуанамын. Сол Адырбек ағайдың анасы Күләй шешеміз күнде сабақтан шығып, үйінің жанынан өтіп бара жатқанда, бізді күтіп, шақырып алып, үйіне кіргізетін болды.

– Айналайындар-ай, күні бойы сабақта жүріп, өзектерің талған шығар. Бір-бір кеседен қойдың айранын ішіп алыңдар, – деп, төрт-бес балаға үлкен көк кастрөлден айран құйып береді. Сөйтсем, ол кісі де баласының менің әпкеме сөз салып жүргенін біледі екен ғой.

Дәніккеннен құныққан жаман демекші, бүгін де сол Күләй шешенің терезесіне көзімізді салдық. Күндегідей жанып тұратын шамның жарығы көрінбейді. Сыртқы шарбақтың есігін де сыммен бұрап жауып қойыпты. Сірә, совхоз орталығында тұратын қызына қыдырып кеткен болар. Күләй шешенің айранынан қағылып, досым Әліп-пек екеуіміз үйге төте жолмен туралап тарттық.

Үйге келсем, аулаға төрт-бес аспалы шамды жарқыратып жағып, іліп қойыпты. Бау ішіндегі қалың теректердің жапырақтары шам жарығымен қараңғыда жылт-жылт етеді. Есік алдындағы ағаш сыпаның үстінде отырған бір қора адамды көріп, үйге қонақтардың келгенін, соларды күтіп, анам байғұстың әбігерге түскенін сезе қойдым. Аулаға бас сұққаным сол-ақ екен, алдымнан жайшылықта ұната қоймайтын Адырбек ағайым қарсы алды.

– Иә, сабақтан кеш оралдыңдар ғой. Кәне, дастарханға жүр, бізбен бірге, – деді, дәп бір, өзінің үйіне мені қонақ қып күтіп отырғандай. Зығырданып қайнап, пәпкімді үйдің бастырмасына ағып ұрдым да, қонақтардың арасына, дастарханның шетіне келіп жайғастым.

– Күйеу бала ілу жасап келіп отыр екен, – деді, апам байғұс бірдеңеге кінәлі кісідей, құлағыма сыбырлай тіл қатып. Әкем болса әпкем мен күйеу баласына ақылын айтып, арасында данышпан шешендердің толғауларынан үзінділер оқып жатыр.

Бір кезде ас та дайын болып, піскен ет ортаға әкелінді. Күләй шешенің жолдасы соғыста қайтыс болған, жесір еді. Әкем: «Сен

еректен артық болып туған әйелсің. Ұл-қызыңды жеткіздің, оқыт-тың-тоқыттың, Ұлыңды ұяға қондырдың, қызыңды қияға ұшырдың. Ендеше, құдағи, батаны өзін бер», – деп, бас тартқан табақты ортаға қойды.

Міне, қызықтың көкесі де осы кезде басталды. Табақ үстіндегі қойдың басына еріксіз көзім түсіп кетті. Жазбай таныдым. Қайран, кара тоқтым! Жаз бойы жараңды таңып, емдеген, қолымнан жем жеген, қайда барсам артымнан қалмай, өзенге түссем ол да суға бірге түсетін, таңертең маңырап қорадан басын шығарып мені күтетін, кара тоқтым! Құдай қой мен ешкіні жеу үшін жаратқан шығар. Бірақ, менің кара тоқтымдай ақылды малды қалай ғана союға болады деген ой басымды шырмап алды. Орнымнан ұшып тұрып, қалың баудың ішіне жүгірдім. Апамның айтуымен қонақтар да жағдайды біліп отырса керек, соңымнан, алдымен қуып, әкем жетті.

– Қарағым, сен жігіт емессің бе? Ол бар болғаны қой ғой. Алла тағала оны адамға азық, жүнін киім қылсын деп жаратқан, – деді көкем.

– Жарайды, көке, бірақ, соны соймай-ақ, біреуге сатып жіберуге болатын еді ғой. Оның үстіне маған велосипед әперемін деп едіңдер, – дедім, көзімнен жасым мөлтілдеп.

– Басқа қойлардың бәрі буаз екен, шырағым. Ішінде қозысы бар малды қалай соясың. Әпкең күйеуі екеуі енесімен төркіндеп келіп отыр. Сосын, осы қысыр тоқтыны амалсыз сойдық. Ал, белесебедеке, құдай қаласа, көктемде қозылар туғанда, соның ішінен қалағаныңды саған беремін, – деді, көкем мені жұбатып.

– Ендіғары велосипед мінсем, аяғым сынсын. Онсыз да өмір сүруге болатын шығар! – дедім де, орнымнан тұрып, өксігімді басып, қонақтардың қасына келіп жайғастым. Апам байғұс, көкеме ештеңе дей алмастан, орамалының шетімен көз жасын көрсетпей сүртіп, теріс қарап отыр екен.

Таңертең бір түрлі көңіл-күйім қашып, мектепке барғым келмеді. Төсегімнен тұрмай, аунақшып ұзақ жаттым. Көрші үйдегі досым Әліппек келіп, сабаққа барайықшы деп, қиылып отырып алды.

– Менің велосипедім екеуіміздің тебуімізге жетеді. Қаласаң, бір аптаға, саған бере тұрайын. Одан да, анау Адырбек жезденнің бізге физика сабағынан беретінін ойламайсың ба. Қандай жақсы болды! Гүлбала әпкемізге айтқызып, физикадан бес деген бағаны қойдырып алсақ, болды емес пе!... – дейді үздігіп.

«Онбаған-ай!.. Сен, не білуші едің?!»

Мен сүйретіліп, орнымнан амалсыз тұрдым.

«ЕКІ ЖАРТЫ – БІР БҮТІН» (әңгіме)

Көз байланар қараңғылық бірте-бірте сейіліп, таң бозамықтана бастады. Аспан күмбезі жарты шекесінен айырылып, әлгінде ғана қарабарқын тұңғыық төрінен әзер көзге көрінген құс жолы демде-ақ айқындалып, көлемі зорая түсті. Таудан ылдилай соққан өзеннің түнгі сарыны қоңыр күздің мақпал түнімен бірге алыстап бара жатқандай, құлаққа талып жетеді. Төменде, шошақ таулардың қуысына паналаған өзен сағасындағы оншақты үйден әзірге қыбыр еткен тіршілік нышаны білінбейді. Тұнық аспан астындағы мүлгіген керең тыныштықтың шырқын әлден уақытта ауылдың жоғарғы шетіндегі оңашалау орналасқан үйдің шөп маясының ішінен атып шыққан ата қораздың қоқилана шақырған үні бұзды. Сол-ақ екен, бұтағы көк тірегелі алып бәйтеректің жердегі сарғайған жапырақтарының арасында бағанадан бері тыныштықты бағып жатқан жатаған үйдің қазақы сары төбегі бірдеңеден құр қалғандай арп-арп етіп бір-екі рет үрді де, есік алдына келіп жата кетті.

Іргесін ертеректе тастан қиюлап қалаған, бұрыш-бұрышы мүжіліп, төңірегі айтақырлана бастаған тозығы жеткен қоржын тамның жер ошақтың аузындай боп үңірейген кішкентай терезесінен түні бойы сыртқа болымсыз сәулесін шашқан білте шамның жарығы кенет жалп етіп өшті де, сыртқы есіктің сүйегі сықырлай ашылды. Іштен үстіндегі ақ дамбалы мен көйлегі ағарандап, сыртынан шапанын желбегей жамылған, басында тақиясы бар таяғына сүйенген шоқша сақалды қария көрінді. Соңынан іле-шала шыққан жас келіншек сондай бір еппен қимылдап, суы ысытылған жез құмғанды ата-сының қолына ұстата берді.

– Мәңіз... ата! – келіншек бұдан кейін қайтып көрінбеді.

Заманында талай жерді шарлап, анау жағы Теріскей мен Бетпақдаланы, мына жағы Шымкент пен Тәшкеннің арасын жол қылған, тақымы аттың үстінен түспеген қария сонау ирек таулардың арасынан таң алакеуімнен ағарандап атып келе жатқан бозамық арайға кәрі жанарын қадап, ұзақ ойға шомды. Таңғы суық ауа желбегей жамылған шапанының қуыс-қуысын аралап, денесін тітіркендірді. Бір сәт қария өзінің алыстап кеткен жастық шағына, көкірегінде сақталған өткен күндердің суреттеріне ойша қайтып оралғандай болды. Әйтсе де, бүгінде елесі сағымдай бұлдырап, алыс-алыстан еміс-еміс талып жететін сол бір заманның енді қайта айналып келмесін сезеді. “Уай...

бұл Құйка, заманында кім болмады дерсің!.. Тағдыр бұны отқа да, суға да салып, қалауынша иледі. Жарып асқа тоймаған, қорасында тігерге тұяғы жоқ, терісіне шыр бітпеген, кедейдің баласы еді. Заман өзгеріп, бұның да күні туды. Ақ боз аттың тізгінін тартып мініп, ышқырына ілген бесатарын қыса ұстап, қою мұртын қайта-қайта сылап, мына ауылдың үстінен ары да бері де ойқастап талай өтпеді ме. Кешегі жиырмасыншы-отызыншы жылдары осы өңірде колхоздас-тыру дәуірі жүріп тұрғанда бұл Құйка да кедейдің баласы атанып, бірден қызыл милицияға жазылды. Одан кейін, “ОГПУ” де, “НКВД” да болды. Әйтеуір, кеңес үкіметі қайда жұмсаса сонда барды. Жасыратыны жоқ, көбінесе елден жырақ, сыртта жүрді. Талай-талай бандылармен бетпе-бет кездесіп, оларды ұстауға қатынасты. Ол да бір ағайынды ағайынға қарсы қойып, бір-біріне жау еткен, замана дауылы қалай соқса еркіннен тыс бағынатын, солай иілуге мәжбүрлеген шақ еді ғой. “Құйка келе жатыр!” десе бесіктегі бала жылағанын қояды” дейтін осы ауылдың қатындары. Бірақ та, бір тәубе қылатыны, ағайын арасында ешкімнің күнәсін арқалап, немесе қазағының қанын мойнына жүктеген емес, қайта қорасында аздаған малы барларды көнсе үгіттеп, көнбегенін қорқытып жүріп колхозға зорлап кіргіздірді. Әйтеуір, олардың “халық жауы” деген қамытқа басын тығып алмауы үшін нендей әрекет істемеді. Керек десеніз, қулыққа да барды, сәбеттің де, байдың да, кедейдің де тілін тапты, бұл Құйка. “Заманың түлкі болса, тазы боп шал” демейтін бе еді. “Елу жылда – ел жаңа”, қазір ойлап көрсе, өкініші мол, қызығы кем өмір екен. Оны мынау өзі ғана біледі, жүрегі құрғыр сезеді. Сөйткен Құйқаны қазір, бұл маңайда тірі ме өлі ме, керек етіп жатқан ешкім жоқ. Жастық жалынын сұрғылт саясаттың зымиан әрекетіне сарп еткен өміріне – тастай салқын ымырт дүниесіне шомды. Қайран, қас қағымдай боп, жалт беріп өткен өмір-ай!..

– Заманында бұл, Құйка – “НКВД” де, “ТПУ” де болды, енді міне, бүгінде ешкімге керегі жоқ, “т-ф-у-у-у...” болды!..

Қария осы сөзді іштей қайталап, біреуге кижінгендей, терең күрсінді. Өткен өмірдің керең тылсымынан қалған, тек қана бар сырды ішіне бүгіп жатқан, өзгермеген, мынау Қаратаудың қарауытқан шың-құздары ғана секілді. Ауыл да, ондағы адамдар да басқа, кешегі өзімен етене араласқан, қолынан жақсылық көргендердің бәрі дерлік өмірден кетіп, орнына бүгінгі жас ұрпақ келді. Олардың өткенмен айналысуға уақыттары жоқ, бәрі де ертеңге асығулы. Япырым-ау, сонда, шынымен-ақ, айналасында сыр бөлісер ешкімнің қалмағаны

ма. Мына телмірген аспан, берекесіз өткен жастық ғұмырына куә мына, шың-құздар, оған қосыла жымындасқан көктегі самсаған жүл-дыздар ғана көңілге демеу болмақ па, сонда?..

– Билмилла иррахмани иррахим-м-м!..

Осы кезде бағанағы есік тағы да сықырлай ашылды да, іштен келіні Жәмиләның қыстыға шыққан үні естілді.

– Ата-а!.. Айқынжан тағы да қысылып жатыр-р-р...

Құйқаның секем көңілі, келінінің сөзінен соң, ойының астаң-кес-теңін шығарып жіберді. Демде-ақ немересінің аты аталғанда буын-буыны босап қоя берді, бойын әрең дегенде тіктеп, келініне бұрылды.

– Не дейсің, балам. Айқыным, Ақанайым... Қазір мен өзім барайын қасына... – Келінінің көкейіндегі өксікті емеуінен таныған қария көп бөгелген жоқ. Қолындағы жез құмғанды тамның іргесіне сүйей салды да, табалдырықтан ішке аттай берді.

Құйқа далаға шыққанда кішкентай немересінің жағдайы мүлдем нашарлаған еді. Қолдан келіп жатқан ешқандай дәрмен жоқ, ылажсыз шарасыздық Жәмиләның ет жүрегін езіп, есінен тандырғандай күйге түсірді. Ыстығы көтеріліп жатқан Айқынның маңдайына салқын суға батырылған дәкені сығып қойғаннан басқа амалы таусылған. Атасының қасында болып, дұғасын сан мәрте қайталап, құдайдан жалбарынып немересінің амандығын тілегені ғана көңіліне демеу екеніне көзі жетті. Айқынының шашынан сипалап отырып жұбатқан, бір құдайдан оның жанына араша тілеген сөздерін естігенде жас келіншектің омырауын ыстық жас жуды, аналық махаббаты оны дәл қазір қандай іске болмасын, өлім мен өмірдің арасында жатқан баласы үшін отқа да, суға да түсуге даяр еткендей еді. Жас сәбиінің жанына араша түсерлік нендей іс-әрекеттің болмасын қамын ойлап, санасы шарқ ұрды.

– Шырақшым, Ақанайым!.. Сен менің ғана емес, соғыстан қайтпай қалған әкеңнің, бүтіндей әулеттің артында қалған соңғы тұяғысың. Құдай, қалған өмірімді, барлық қызықты... қазір аламын десең де, осы жалғыз немеремнің жолына тіктім!.. Айқынымның жанына араша бола гөр...

Сөзінің соңын даусы дірілдей отырып айтқан Құйқа ұмтылып, орнынан әрең көтерілді. Жәмилә атасының сақалынан сорғалаған жасты байқап, көкірегін кернеген қайғыдан көзінің алды қарауытты. Хал үстінде жатқан Айқынды құшақтап еңіреп жылап жіберді.

Осы кезде кішкене терезенің жартылай жабық тұрған пердесі

ысырылып, сырттан самала сәуле себезгіледі. Ауыр халде ыстығы түспей, киналып жатқан Айқынның да осы сәтте демалысы біртіндеп тынышталды. Оның ұйқыға кеткеніне көздері жеткен ата мен келіні мұны іштей жақсылыққа жорыды. Таңғы салқыннан сескенген Жәмилә Айқынының үстін жылы көрпемен қымтады.

– Ата, мен бүгін орныма біреу-міреуді іздестіріп көрейін. Анау Серікбай қайнымның балалары ешқашан бетімді қайтармаушы еді, егер, тілімді алса солар бүгінше қойды бағып, иіре тұрар. Рұхсаг етсеңіз, мен Байжансай руднигіне барып, сондағы медпункттен дәрі-дәрмек алып келсем деймін. Сол жерден бір көлік тауып, докторын көндірsem ерте келермін. Үйде көже-қатық та бітті. Сондағы рудниктің дүкенінен қолдағы қалған азын-аулақ ақшаға азық-түлік алармын, – деген келінінің сөзін қария үнсіз тыңдады. Ләм деп жауап қайтармады. Оның ойы дәл қазір сан-саққа бөлініп, жауап қайтармақ түгілі ешкімге ақыл айтатындай да шамасы жоқ еді. Есіл-дерті немересінің аман қалғанын құдайдан тілеп, басына түскен нендей қиындыққа болса да көнуге әзір. Атың өшкір сұм соғыстың біткеніне де он екі жылдан асып барады. Сонда да осы шаңыраққа салған ауырталығы түгесілер емес. Артында қалған жалғыз ұлын жалмағанымен қоймай, соның күйігіне шыдай алмай өткен жылы кемпірі ауырып дүние салды. Енді міне, отыздан жаңа ғана асқан жап-жас келіні мен қабырғасы қатаймаған кішкентай немересінің ортасында құдайға да керек болмастан, қарайып өзі ғана қалды. Бойында қайраты барда осы ауылдың уақ малын алдына салып бағатын да, әр үйдің мал басына берген оны-мұнысымен күнін көретін. Енді оған да діңкесі келтіретін емес. Тірі адам тіршілігін жасайды демекші, қазір осы малға келіні қарайтын болды. Қол жайып отырғанға кім көмек береді дейсің. Жыртық үйдің құдайы бар, ел іші бірі ақшадай, екіншісі қолында бар бидай-тарысын уыстап берсе де еңбегін өтейді, әйтеуір.

Келінінің сөзі Құйқаның ойын бөліп жіберді. Бұл маңайда дәрігер деген жоқ, ал аудан орталығы таулы аймақтан алыста жатыр. Ендігі үміт, Байжансайдың дәрігерінде. Бірақ, шахтерлерге қарайтын ол мұнда келуге келісе қоймас. Науқас баланы онда жеткізу де мүмкін емес. Ең болмағанда, ыстығын түсіретін, суық тиіп ауырғанда ішетін дәрілерін алып келсе де жарар еді. Әйткенмен, рудниктің де тиіп тұрған жоқ, осы арадан он сегіз-жиырма шақырым жерде. Жас келіні жаяудан жаяу, тау-тасты кезіп, соқпақ жолдардан адаспай өтіп, рудникті таба алар ма екен? Құйқа қанша ойласа да бұл ойдың күрмеуін шеше алмасын білді. Не де болса, келінінің алған бетінен

қайтпайтынын, бұл тоқтамға біржола бекініп келіп отырғанын жүрегі сезгендей.

– Қарағым, Байжансай мен екі орта, барып-қайтысың қырық шақырымдай жер екен, енді қайтейін... Ауылда ферма бастығынан басқаның бәрі алдындағы бес-алты уақ малына ғана қарап, қалт-құлт етіп әрең отыр. Ферма бастығының үйіне соғып, мүмкін атын сұрап көрерсің. Құдай жолынды ондасын, қарағым. Әумин!..

Жәмилә атасының рұхсатын тықыршып күтіп отыр еді. Айқыны үшін оған көмек беретін титтей зат бар екен десе, ол жер түбінде болса да баруға даяр. Енді оны ұстап тұрар күш жоқ. Бұдан ертеректе екі мәрте рудникке абысындарына қыдырып барып, ол жаққа жолы түскені бар. Ертелеп жолға шықса, құдай жолын оңғарса кешке дейін қайтып келуге үлгеруі тиіс. “Айқыны екі-үш күннен бері жарытып нәр татқан жоқ. Қолда бар қуырылған бидай мен айран-сүт қана. Мүмкін, қайтарында орыстың ақ бөлішкесінен, кәмпит-пірәнігінен көбірек ала келер. Күнде жеп жүрмеген таңсық ас қой. Қазан көтеріп жатқан жоқ, айранмен қосып ішсе, тәбеті де ашылады.”

Жәмилә көп кідірмеді. Жолда жүрек жалғайтын азын-аулақ тамағын дорбасына орап салып алды да, мойнына асынып, далаға шықты. Қорадан шыға бере ауыл-үйдің арасында таң атпастан тірсегі тірсегіне соғылып, осылай қарай келе жатқан Зылиқаға кездесті. Ферма бастығы қатынының бұрын-соңды бұлай ертелетіп тұрғанын көргені осы.

– Жәмилә, әй... Жәмилә!.. Саған айтатын сөзім бар, – деді ол бүкіл ауылды басына көтеріп. – Мен біздің үйдегі кісімен бірге аудан орталығындағы қызыма қыдырып кетіп барамын. Үйде балалар ұйықтап жатыр. Ана қорадағы малды өзің шығарып, өріске қосып әкелерсің. Ұмытып кетпегің, әй... Саған сеніп кетіп барамын...

Жәмилә өзінен бес-алты жас үлкендігі бар, әрі осы шағын ауылдың қатын-қалашын уысынан шығармай, айтқанын істететін адуындау әйелді таң атпай қарсы алдынан жолықтырамын деп ойламаған. Өзінің де жолға шығып бара жатқанын, бұл шаруаны басқа біреуге тапсыратынын айтам дегенше, Зылиха анадай жерден “айтым, бітті” дегендей, теріс айналып жөніне кетті. Жәмилә оны қуып жетіп, мән-жайды түсіндіре бастап еді:

– Әй, сен қатын да, бір рет өтініш айта қойған екенмін, бәлсініп қоймадың ғой!.. – деп одан бетер шаптығып, сөзге дес бергізбеді. Жөн сөзге түсінбейтініне көзі жеткен Жәмилә “басы ауырмастың қасында – жаның ауырмасын” деп іштей өз-өзіне күбірледі де, онымен

сөз таластыруға зауқы соқпай, амалсыздан келген ізімен кері қарай бұрылды. Әлгінде ғана сол үйдің отағасының мініп жүрген атын рудникке барып қайтуға сұрайыншы деген райынан да тез айныды. Зылиханың жүзін көргісі келмеді.

* * *

Уақыт кіші бесінге таянғанда күн көзі биік тау шатқалдарының тасасына барып жасырынды. Жаңа бір сәтте ғана тамылжып, жап-жарық сәулеге малынып тұрған айнала табиғат демде-ақ ала көлеңке күйге еніп, өзен жағалай өскен биік ағаштардың арасы қарауыттып, көңілге әлдеқандай қорқыныш ұялата бастады. Атты адам әрең сиятын соқпақ жолдың екі қапталындағы қарақошқыл түске енген биік жартастар бұрынғысынан да бетер сорайып, аспанға өрмелеген күйі көк жүзін көзден көлегейлеп, жасыратын секілді. Күні бойы құлаққа бірқалыпты естілген өзен сарылы да күшіне мініп, тау аңғарында жаңғырып, өзгеше үнге бөледі.

Қарсы алдындағы тау асуын ел Құзқұлаған деп атайды. Бір кездері арба жолы осы жерге жеткенде тауға кептеліп тоқтайды да, ары қарай жалғыз аяқ соқпақпен адамдар күз жартастардың арасынан эзер өтеді екен. Кейін тауды жарып, арба жүретін жол түсіреді. Бірақ, көп өтпестен, биік құздан тастар домалап, жолды қайтадан бітеп тастайды. Ел сондықтан да, бұл жерді Құзқұлаған деп атап кеткен. Бір түрлі аты да қорқынышты. Төменде сарқырап ағып жатқан өзенге қараған адамның басы айналады. Арғы жақтағы көк күмбезіне бой созған жартастың бірінен үңірейген үлкен үңгірдің сұлбасы көзге түседі. Ол үңгірге анау-мынау кісінің аяғы жететін емес. Төменнен тіптік қия жартас, өрмелеп шығуға аса қауіпті де қорқынышты, аяғың тайса құздан бір-ақ шығасың. Ал жоғарыдан қырық құлаш арқанды белге байлап төмен түспесе, үңгірге жету мүмкін емес. Ел аузында жүрген ертеректе естіген бір әңгіме бойынша, осы үңгірді бір қоңыр аю мекендеген екен. Күндердің күнінде өлкеге аты белгілі аңшы аң аулап жүріп, аю жем іздеп кеткен шағында осы үңгірге кіруге бел байлайды. Амалын тауып ішіне кірсе, аюдың жаңа туған екі қонжығын көреді. Аңшы қызығып кетіп, біреуін інінде қалдырады да, екіншісін қапқа салып алып, аулына әкеледі. Арада күн өтпестен қонжығын іздеген аю аңшының жүрген ізін бағып, аулына қуалап келеді де, үйінде алаңсыз жатқан аңшыны тарпа бас салып өлтіреді. Сөйтіп, қорада жатқан қонжығын тісімен тістеп алып, тауға қаша жөнеледі. Ауыл иттерінің бірде-бірі сол кезде дыбыстарын да шығармастан індерінде

тығылып жатса керек. Осы әңгіме есіне түскен кезде Жәмилә бір сәт шаршағанын ұмытып, көңіл күйі көтерілді, денесі сергіп қоя берді. Аң екеш аң да баласы үшін отқа да, суға да түсуге әзер екен-ау деген ой оның жігерін жанып, бойына жаңа күш-қуат қосқандай болды.

* * *

– Ей-й-й!.. Ей-й-й-й!..

Күн қақтаған жүзі тотығып, әбден қалжыраған, жүрісі өнбей, алға басқан аяғы кері кеткендей күй кешіп келе жатқан Жәмилә кенет тау ішін жағыртып шыққан оқыс үннен селк ете қалды. Тіпті, адам сирек жүретін осынау құз-жартастардың арасындағы төте жолдан біреу-міреуді кезіктіремін деген ой қаперінде жоқ еді. Кім де болса мұны сонадайдан байқап қалған біреу болды. Жәмиләның жүрегі аттай тулап аузына тығылды, жүрісін жылдамдата бастады. Мынау, тау құрсауынан құтылып, алдындағы соңғы шатқалдан аман-есен шықса, арғы жағы бір белдің астында ауыл да жақын. Шамасы төрт, ары кетсе бес шақырым жер қалған тәрізді. Бірақ осы төрт шақырым оған таңертеңнен бергі жүріп өткен отыз бес шақырымнан көп көрінді. Табаны бастырмайды, екі тізесі икемге келтірмей, буын-буыны дірілдейді. Қанша дегенмен тау асуымен жүру оңай шаруа емес екен. Оның үстіне күндізгі ыстықтан басы айналып зеңіген сияқты, екі қабағы аштырмай төмен тартып тұр. Өзегі де талып, қарыс жердегі қарайған ағаштың діңі көз алдында бұлдырап, біреуі екеу, екеуі он боп көрінеді. Бойындағы бар күшін жинады, иығына асып алған дорбасын қыса ұстап, басқан аяғы жіңішке соқпақтан шығып кете жаздап, теңселе басып келеді. “Қас қарайған шақта арт жақтан айқайлап үн қатқан кім болды екен? Жәмилә мойнындағы дорбасын анадай жердегі талдың түбіне апарып жасырды. Кім біледі, жолда неше түрлі пияғылды адамдар жүреді. Өзегі талып келе жатқан немесе өзгеге қысастық жасайтын бір залым боп шықса бұның күні бойғы еңбегін – Айқынына әкеле жатқан дәрі-дәрмегі мен азық-түлігін тартып алмасына кім кепіл?”

Аттылы – төменгі ауылдың кісісі Мадияр екен. Жәмилә өзі бұрыннан танитын, оның үстіне сыйлас адамды жолықтырғанына қатты қуанды. Мұны іштей жақсылыққа жорыды. Төмендегі ауылдың жігіттерінің арасында соғыстан бір аяғынан айырылып, орнына протезбен аман оралған адамның бірі осы Мадияр. Тағдыр ол бейшараны мұнда да басынан сипай қоймады. Өзі майданға

кеткенде туған баласын артында аманат етіп қалдырып, күйеуінің аман-сау келгенін көре алмастан әйелі ұзақ ауырып көз жұмды. Мадияр қазір сол Айқынмен жасты баласымен бірге тұрады.

– Жәмилә, қас қарайып қалғанда жол үстінде жападан жалғыз қайдан жүрсің? – деп Мадияр анадайдан атынан түсіп, таңырқағанын жасыра алмады. Жақын келгенде барып байқады, еңтігіп қатты шаршаған Жәмиләнің тіл қатуға мұршасы келмей тұр екен.

– Мен бір шаруамен Көржайлау жақтан келе жатыр едім. Сені анадайдан көріп, қуып жеткенім осы болды, – деді Мадияр өз жағдайынан хабар беріп.

Екеуі жол жиегіне отырып, біраз демін басты. Жәмилә тығулы жатқан дорбасын әкеліп, болған жайды баяндады. Екі мұңлықтың да тағдырындағы ұқсастық қаншалықты көп болғанымен соларды бір арнаға түсіретін себеп пен салдардың жоқтығын екеуінің де жүрегі анық сезеді.

– Дәрігерді Байжансайдан таба алмадым. Көмекшісі әйтеуір, жақсы адам екен, қолыма ұстатқан дәрілерін жаулығымның ұшына тастай ғып түйіп, әкеле жатырмын. Айқыныма бір шипасы тисе болар еді, – деді Жәмилә мұңайып. Баласын айтқанда тұла бойын оған деген сағыныш пен күдік аралас сезім шарпып өтті. Мадияр жас келіншектің әңгімесін бөлместен қамшысының сабымен етігін ұрғылап, үнсіз ғана тұрып тыңдады. Сәлден соң әңгімеге араласты.

– Жәмилә, әуелі құдай, сосын аналық жүрек ешқашан алдамайды. Соған сенейік. Барлығы жақсы болады. Айқының алдыңнан әлі-ақ жазылып, күлімдеп қарсы алар. Біраз отырып қалдық, қас қарайып кетпей ауылға жетіп алайық, – деді Мадияр.

Көптен кезіктіре алмай жүрген Жәмиләнің бүгін дәл жол үстінде ұшыраса кеткеніне Мадияр шын қуанған. Бірақ, осындай жағдайда жолығамын демеп еді. Екеуінде де ұл бар, жастары да түйдей құрдас. Жәмиләнің майданнан оралмаған күйеуімен Мадияр жолдас еді. Екеуі қырық төртінші жылы соғысқа бірге аттанды. Тағдыр дегенге дауа бар ма, Жәмиләні сұм соғыс жастай күйеуінен айырса, бұның өзіне, қырғын соғыстан аман келгенде сүйген қосағымен жолықтыруды маңдайына жазбады. Жәмилә Айқынын қолынан жетектеп, бастауыш мектепке әкелгенде бұл да баласын қолынан ұстап бірге келді. Одан кейін де қаншама рет жолықты, бірақ, үнемі Жәмиләға айтамын деп ішінен тастай түйініп келген

ойын бетпе-бет келгенде дымы құрып, айта алмай-ақ қойды. Осы жолы не де болса жас келіншектің ойын білгісі келді.

– Жәмилә, саған көптен айтуға оқталып, соны өзіңе білдіре алмай жүрген бір сырым бар еді. Тек сен, мені қазір айтты деп жазғыра көрмеші. “Екі жарты – бір бүтін болсақ” дейтін қазақтың сөзі бар емес пе еді... – деп Мадияр сөзінің соңын жұтынып, бүгежектеп қалды.

– Түсінемін, Мадияр, – деп Жәмилә осы кезде оның сөзін бөлді. – Не дегелі отырғаныңды жүрегім сезіп келеді. Екеуіміз жас та емеспіз, күркіреп соғыстың өткеніне де он екі жыл болды. Өлетін адам өлді демекші, тірі кісі тіршілігін жасайтыны рас екен. Бірақ, анау өзім жаққан бір әулеттің шамын қалайша, өз қолыммен сөндіріп кетуге дәтім жетеді. Асылдан қалған тұяқ Айқыным тұрғанда... туған баласынан арман бетіме қарап отырған анау атамды қайда қалдырмақпын?!

Мадияр атты көлденең тартып, Жәмиләні үстіне отырғызды, өзі алдыға түсіп, тізгінінен ұстап жетелеп келеді. Екеуі де үнсіз. Осы үнсіздік бұдан әрі, енді сәл жалғаса берсе әлгінде ғана өзіне жап-жақын келген бақыт құсын қолынан ұшырып алатындай оның зәре құты қашты.

– Мен сені бүкіл ғұмырым таусылғанша күтемін. Айқынға әке, саған адал жар болуға бір құдайдай сен, Жәмилә! – деді Мадияр үніне діріл араласып.

Жәмиләнің үнсіз ғана тыңдап, ешбір жауап қатпағанын бұл өзімен келіскені деп түсінді. Мадиярдың көңілін әлдебір қуаныштың майда лебі желпіп өткендей болды. Қалай десе де кеудесінде бұғып, жасырынып келген, көптен сыртқа аша алмай жүрген сырын бүгін көңілі құлай сүйген адамына жеткізгеніне риза. Жәмиләнің бағана әзірдегі жауабынан да бұл, өзіне деген сыйластық, бәлкім, жақсы көру сезімі сияқты бір жылылықты анық аңғарғандай...

* * *

Жалғыз адамға дүниенің азабы – ермек табылмағаны екен. Соңғы қиямет – ой қажауы. Құйқа шал немересі Айқынын күзетіп, кешке дейін үйден қарыс қадам ұзай алмай, жанында отырды. Анда-санда ақырын тамырын ұстап, алақанымен маңдайын басып, қызуын тексеріп қояды. Күні бойы қозғалмай отырғандықтан ба денесі ұйып, жанындағы жастығына жантайған еді, тұла бойы зіл тартқан секілді. Қалың ойдан басы мең-зең.

Әлден уақытта тысқа шығып, бетіне қарап отырған бес-алты уақ малды өрістен келісімен, қораға қамады. Есік алдында қызарып батып бара жатқан кешкі күннің қызуына қарап, біраз тұрды. Келінінің жолын қарауылдады. Сосын барып, шыдамы таусылған соң үйге кірген. “Апыр-ай, жап-жас келінін жападан-жалғыз сонау ит өлген жерге неге ғана жіберді екен? Айқыны ендігі ұйқысы тынышталған секілді. Демек, жағдайы жақсарған болуы керек. Келіні ұзақ жолда бірдемеге ұрынып қалмаса нетті?!.”

Ұйқысы қанған болуы керек, осы кезде Айқын да қозғалақтап, көзін ашты.

– Ата, апам қашан келеді?..

Құйқа немересінің үнін естіп, қуанғаннан қопандап қалды.

– Ақанайым, жарығым... сен бізді қатты қорқыттың ғой... Апаң да қазір келіп қалар...

Қарияның есіне немересінің таңертеңнен бері нәр татпағаны түсті. Орнынан тұрып, кебеженің ішінде сырлы табақтағы айранды кесеге құйып, сынық күлшені немересінің аузына тосты.

Тыста желімік тұрған сияқты. Құйқа шал қиюы қашқан сыртқы есіктің дұрыс жабылмай қалғанын байқап, сарт-сұрт ұрғылай бастаған үніне құлақ түрді. Артынша, үйдің төңірегінен тағы да тықыр естілгендей болды да, есіктің алдына кеп тоқтаған ат тұяғының дүбірі құлаққа анық жетті. Арада көп өтпестен, үйге Жәмілә кірді. Ол кереуеттің үстінде қалқайып басын көтеріп отырған Айқынын келе құшақтап, бауырына басты.

– Жарығым... Ақанайым... Сен үшін, жердің түбіне болса да барып қайтуға әзірмін. Саған, рудниктен кәмпит, прәнік, нан... орыстың ақ бөлішкесін әкелдім... – деді ол үзік-үзік сөйлеп. Әкелген тамақтарын атасы мен баласының алдына қойды. Күнде-күнде қуырылған бидай мен болса сынық күлшені тамақ қып, айран-сүтпен өскен ауыл баласы Айқын өзіне арнап анасы әкелген орыстың ақ бөлке наны мен кәмпит-прәнігін көріп қуанып кетті.

Сәлден соң есік ашылды.

– Ассалаумалейкүм!.. – деп ішке бас сұққан орта бойлы еркек аяғын ақсандай басып, төрдегі шалға екі қолын ұсына берді.

– Бұл қай бала болды екен? – деп Құйқа шал да жыға танымаған кейіп танытты.

– Ата, ауылға бес шақырым қалғанда қас қарайып, әбден шаршап, жүруге шамам қалмай қалған еді. Жолда келе жатып, құдайдың, мына Мадиярды кезіктіргені жақсы болды. Әйтпегенде, айдалада

біржолата болдырып, үйге жете алмай, діңкелеп қалып қоюым да мүмкін еді, – деді Жәмилә өз-өзінен қуыстанғандай атасына ақтала сөйлеп.

Жәмилә тездетіп, ортаға шай әкелді. Рудниктен алып келген кәм-питпен шай ішті. Үшеуінің әңгімелері үйлеспеген секілді.

– Жәке, рұхсат болса мен қайтайын, – деп Мадияр орнынан тұруға ыңғайланды. Құйқа ас қайырып, бата жасады. Жәмилә шайдың дастарханын жинастыра бастады.

– Балам, онда мен сені шығарып салайын. Танертеңнен бері сыртқа да шыққан жоқ едім, – деп Құйқа баяу орнынан көтерілді.

Екеуі есік алдындағы өткен жылдан бері күнге кеуіп жатқан кеспелтек дөңнің үстіне кеп жайғасты. Сарғылт төбет құйрығын бұлғандатып, Мадиярдың аяғына кеп жығылды. Қора жақтан иесінің сыртқа шыққанын сезген аттың пысқырыңған үні естілді. Түнгі тұнық ауа, аспан көгіндегі пайда болған сансыз жұлдыздар қиялыңды арбап, бойыңды сиқырлап тастағандай. Мадияр қипалақтап, әңгімені неден бастаудың ретін таба алмастан бір кезде жан қалтасындағы ермегі темекісіне жармасты.

“Ой шырмауында қалған адам бірте-бірте оның тұтқынына айналады деуші еді. Көкірегі ояу, көңілі зерек қарияның шер тарқатысып, сөйлесетін де ешкімі қалмаған соң қанаты майбырылып, қолдан жем жеп үйренген қырандай үй күшік боп қалғаны-ау. Ендеше, біраз қасында отырып, әңгімесін тыңдайын. Бірден кетіп қалғаным жөн болмас” деп ойлады Мадияр ішінен.

Құйқа шал Мадиярдан шаруа жайын сұрады. Әңгіме ауаны оны-мұны күйкі тірліктен басталып, жігіттің соқа басына кеп тірелгенде екеуі де бір сәт бір-бірін аңдығандай, үнсіз қалысты. Көп ұзамай, үнсіздікті Құйқаның өзі бұзды.

– Алла Тағала берген жанын өзі алады. Өз қолыңмен өзіңе қастандық жасау мұсылмандықта кешірілмес күнә екен. Әйтпеген күнде, он екіде бір гүлі ашылмай жиырма бір жасында жесір қалып, басына қара орамал жамылған анау келінім мен әлі қабырғасы қата қоймаған немеремнің ортасында қураған томардай болып отыратын жөнім бе еді. “Атамды алсаң ал, құдай, ботамды ала көрме” дейтін қазақтың баласымыз. Құдайға да жақсы адам керек болған соң, қаншама боздақтар бұл дүниеден ерте кетті. Ендігі жерде тірі адам тіршілік қамын жасау керек, балам. Кешегі сұм соғыстың да зобалаңы бірте-бірте ұмытылып, ел де ептеп есін жинай бастады. Өзің менің баламмен түйдей құрдас едің, ендеше, сен де менің бір

баламсың. Жалғыздық құдайға ғана жарасқан. Бір бас екеу болмай, ер азаматтың күйі оңалмас. Анау жанындағы қолғанатың да менің Айқыныммен жасты екен. Оған шеше керек болса, Айқыныма әке керек. Менен қысылмай-ақ қой, балам. Тәрімнен көрім жақын болса да, көңіл шіркін, бәрін де көріп-біліп, сезіп отыр. Сендерге, ендігі аталы сөзді мен айтпағанда кім айтпақ. Қанша жыл болды, үйімнің сыртынан көлденең өтпестен үлкен басымды сыйлап, басынған жоқсың. Ауылда не көп, күйеуі майданнан оралмай қалған жесір қатын мен оң босағада байға тимей отырған қыз көп. Майданнан аман-есен келгеніңе он жыл өтті, солардың бірде-біріне көзінді салмадың. Қашанғы соқталдай азамат пен жас келіннің басын байлап отыра бермекпін. Жәмиләмді бұрын да жақсы көретін дегенді естуші едім. Өзгеге көңіл аудармастан жүргенің де содан шығар. Алланың пешенеге салғаны ерте ме кеш пе, осылай болса, оған қарсы тұрар шара бар ма. Ендігі жерде, тепсе темір үзер азаматтың қу тізесін құшақтап жүре бергеніңе қарап отыра бергенім күнә шығар. Келініме де рұхсатымды беремін. Екеуің де баламсыңдар. Өлгенім тіріліп, өшкенім жанғаны – тағдыр мүмкін, сені де маған баламның орнына бала етіп жіберіп отырған шығар. Батамды бердім, шырағым. Қолыңды жай... Әу-м-и-и-н!.. – деп Құйқа шал екі алақанымен бетін сипады.

Мадияр Құйқа шалдың бастырмалатып айтқан әңгімесінен есеңгіреп, өз-өзіне келе алмай, біраз антарылып қалды. Басқаны күтсе де көптен бергі көңіліндегі жүрген күрмеуі көп барлық түйткілді қария бұлайша, табан астында оп-оңай шешіп бере қояды деген ой оның үш ұйықтаса түсіне де кірмеген еді. Бар білгені сипаптап, қарияның айтқанын орындап, оның істеген қимылын қайталай берді.

– Рахмет, жәке!.. Рахмет, Сізге... Өзіңізді көзімнің тірісінде, туған әкемдей сыйлап өтермін... – деп Мадияр жүрек түпкірінен шыққан сөзін қарияға естіртіп, қайталай берді.

Есік алдында босағаға бағаналы бері сүйеніп, бұлардың әңгімесін сырттай бақылап тұрған Жәмиләнің кірпігінен үзілген ыстық жас моншақтары оның қоңырқай жүзін қуалап, жерге домалап түсіп жатты.

Ол – жас келіншектің көп жылдардан бермен қарай кеудесінде тұншықтырып, ешкімге айта алмай, жасырып келген жүрек сыры мен ертеңгі күнге деген үзілмеген үміттің жасы еді.

КҮНШУАҚ ПЕН АЙШУАҚ (Ертегі)

Ертегіге ұқсас осы екі ерекше есімді мен қос қарлығашым – Аида мен Әнеліме еркелеткен кезде қойған едім. 2000 жылы АҚШ-тың Вашингтон қаласындағы Американ университетінің магистратурасында оқып жүрген Алмасым интернеттен хат жазып, сөзінің басын: “Көкесінің Айшуағы мен Күншуағы, жер бетіне, адамдарға, сәуле шашып жүрсіңдер ме?” деп бастапты. Осыны оқып, қатты тебірендім. Ойыма үшеуіне кішкентай кездерінде ойдан шығарып, үнемі айтып беріп отыратын “Айшуақ пен Күншуақ туралы ертегі” оралды. Ол ертегі былай басталушы еді:

«Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен...» деп басталағын бағзы заманда бір кемпір мен шал өмір сүріпті. Екеуі қартайғанша бір перзентке зар болыпты. Әулие-әнбилердің, хазыреті сұлтандардың басына барып түнепті. Алладан жалбарынып, бір ұл тілепті. Күндердің күнінде шалдың түсіне ақ сақалды қарияның кейпінде Қыдыр-Ата еніп, былай дейді:

– Уа, қария! Көтер басыңды! Алла тағала екеуіңнің тілеуіңді берді. Кемпірің тоғыз ай, тоғыз күн дегенде толғатып, екі бірдей перзент көресің. Ай мен Күндей перзентіңнің екеуі де қыз болды деп өкінбегін. Алланың бұйрығы солай. Өйткені, осы екеуінің шапағаты жер жаһандағы тірі тіршілікке тиеді. Сондықтан да, бірінің атын – Айшуақ, екіншісінің атын – Күншуақ деп қоясың. Әумин!..

Осылай деп, Қыдыр-Ата қолымен сақалын сипап, бата қылады да, көзден демде-ақ ғайып болады. Айтқандай, тоғыз ай, тоғыз күн дегенде кемпір толғатып, түн жарымында, ай сәулесі самала сәуле шашып тұрғанда бір қызды, таң атып, күн шапағын жер бетіне таратқанда екінші қызын табады. Тойын жасап, есімдерін Айшуақ және Күншуақ деп қояды. Ай нұры мен Күн сәулесінен жаралғандай екі қыздың сұлулығы мен ақылдылығы туралы әңгіме өсе келе алыс-алыс елге тарап кетеді.

Дәл осы заманда басқа бір жерде қара қылды қақ жаратын әділ де, халқына мейірімді, ақылды да парасатты патша өмір сүрген екен.

Қашанда өмірде қатыгездік пен мейірімділік қатар жүреді емес пе. Күндердің күнінде жер астынан жік шығып, жеті басты аждаһа пайда болады. Ол өзен-көлдердің суына дейін сарқып ішіп, ағаштар қурап,

ел күйзеліске ұшырап қырыла бастайды. Аждаһа енді аспандағы Ай мен Күнді құйрығымен орап алып, бауырына жасырады. Сөйтіп, жер бетін қараңғылық басады. Осы кезде патшаның әйелі босанып, егіз ұл табады. Патша дүниеге жаңа келген екі ұлының жүзін көре алмай зарығады.

Жеті басты аждаһаға ешкімнің батылы барып, шамасы жетпейді. Ол енді бұрынғыдан да есіріп: “Кім де кім патшаның екі баласын маған әкеп берсе, мен сендерге тиіспеймін. Әйтпесе, күнде сендердің бір бала, бір қыздарыңды жеп тұрамын!” деп елге суық хабар жібереді. Ел не істерін білместен қатты тарығады.

Аждаһа енді шынында да, күнде бір қыз бен бір баланы жей бастайды. Адамдар қанша әрекет етіп, қарсыласып бақса да жеті басты аждаһаға шамалары жетпейді. Өйткені, аспанда Ай мен Күнді Аждаһа қанатымен бауырына жасырып, жерді қаратүнек басқан, олардың көзі байлаулы еді.

Патшаның екі ұлы бұл кезде күн санап өсіп, ат жалын тартып мінуге жарап қалады. Күндердің күнінде екеуі әкесіне келіп, рұхсат сұрайды.

– Өке, жеті басты аждаһаға қарсы соғысуға аттанып барамыз. Батаңызды беріңіз. Елде балалар азайып, кемпір мен шалдар ғана қалды. Жеті басты аждаһа балаларды тауысып, енді жаңа туған сәбилерге ауыз сала бастады. Кешігуге болмас. Не өлім, не өмір!.. – дейді екеуі жарыса тіл қатып.

Патша балаларының өтінішіне жауап қата алмай қатты қайғырады. Аспанда түнде ай, күндіз күн жоқ, тас түнек қараңғыда балаларының жеті басты аждаһамен айқасуының аса қиын да қауіпті болатынын ойлап, зар шегеді. Ақыр соңында, екі баласын жауапты сапарға аттанар алдында әкелік мейірімімен құшағына басып, қасына алып жатып, қоштасу түнін өткізбекші болады. Түннің бір мезгілінде патшаның түсіне тағы да баяғы Қыдыр-Ата енеді.

– Ел басына күн туғанда ер азаматтың үйде, әкесінің көлеңкесіне тығылып жатқаны жарамайды. Екі ұлыңды алған бетінен қайтармағын, – дейді ол патшаға. – Бірақ, мені тыңдап ал. Пәлен деген елде сенің балаңмен жасты ай десе аузы, күн десе көркі бар екі қыз дүниеге келіп, қазір бойжетіп отыр. Біреуінің аты – Айшуақ, екіншісінің аты – Күншуақ. Сен ертеңнен қалдырмай сол қыздарға құда түсіп, балаларыңды үйлендіресің. Содан кейін

ұлдарың қорықпастан жеті басты аждаһаға қарсы аттануларына болады. Өйткені, ол екеуінің жолына түнде – Айшуақ, күндіз – Күншуақ тілекшісі болып, түнде ай нұры мен күндіз күн сәулесін шашып, жол көрсетіп отырады. Екеуінің ақ тілеуін Алла тағала құп көріп, балаларың жеті басты аждаһаның басын шабады. Сөйтіп, оның қанатының астында жасырулы жатқан Күн мен Айды құтқарады. Әумин!..

Патша оянысымен түсін жақсыға жориды. Уәзірлерін жинап, айтқан жердегі Айшуақ пен Күншуақ деген бойжеткендерді іздеп табуды бұйырады. Көп ұзамай кемпір мен шалға құда түсіп, екі баласына той жасайды.

Айшуақ пен Күншуақ шындығында да, тегін қыздар емес еді. Екі ұлдың екеуіне де енді күшіне күш, жігеріне жігер толысып, хас батырға айналып қоя береді. Алыстағыны болжай алатын, жауына жай оғындай тиетін, қара күшке ғана емес, мың сан айланы да меңгереді. Күндердің күнінде екеуі бес қаруын асынып, жеті басты аждаһаға қарсы соғысу үшін жолға жиналады. Айшуақ пен Күншуақ ұзын саусақтарынан жүзіктерін шешіп, олардың қолдарына тағады. Сол кезде жүзіктерден себезгілеген жарық түнде ай нұрына, күндіз күн сәулесіне айналып, жүрген жолдарын жап-жарық сәулеге орайды. Екеуі жеті басты аждаһамен жеті күн, жеті түн айқасады. Бірі найзасымен аждаһаның көзін түйресе, екіншісі алдаспан қылышымен оның басын кесіп тастап отырады. Не керек, жетінші күні аждаһаның соңғы басын шауып түсіріп, біржола өлтіреді. Оның қанатының астында жатқан Ай мен Күнді тауып, екеуі алақандарына салып, көк жүзіне көтереді. Сол кезде Күн мен Ай еркіндікті сезініп, жоғарыға қарай қалықтай ұшып, аспан төріндегі өздерінің орындарына барып қонақтайды. Енді, Күн мен Ай төмендегі адамдарға күлімдеп, жер бетіне нұр сәулесін шашады. Екі батырға қарап көк жүзінен шаттана тіл қатады:

– Біз енді жер бетіндегі тіршілік үшін, Адамдар үшін мәңгілік қызмет етеміз, – дейді Күн мен Ай. – Бізді құтқаруға көмектескен ханзадалар – Сендерге және Айшуақ пен Күншуақ ханшайымдарға айтар алғысымыз шексіз!.. Махаббаттарың мәңгілік болсын!..

Бүкіл ел қуанып, ұлан-асыр той жасайды.

Айшуақ пен Күншуақ өзінің сүйген жігіттеріне қосылып, мақсат-мұратына жетеді...

БАЛАҒА ҚАНДАЙ ЕСІМ ЖАРАСАДЫ?

Дүниеге жаңа адам келді!

Шыр етіп жарық дүние есігін ашқан сәбиге ата-анасы ғана емес, туған-туысқандары, жора-жолдастары, қызметтес достары да қуанады. Ол бүгін мынау жаһанға өзінің келгенін “іңгәлаған” даусымен жария ғып жатқан нәресте ғана, әлі есімі де белгісіз. Қай заманда да адамзат баласы дүниеге келген нәрестесін тезірек буыны қатайып, оң-солын танып, есейіп ер жетсе, шын мәніндегі адам деген ардақты атты ақтайтын азамат болса деп тілейді. Сондықтан да оған ұлан-асыр той жасап, атын қойып, қуанышқа тағы бір кенеледі.

Сәбиге ат қоюға, халқымыздың ежелгі дәстүрінде, өте үлкен жауапкершілікпен қараған. Олар тарихпен бірге жасасып келе жатқан есімдердің ішінен заман, дәуір ағымына лайықтыларын таңдап, өз талғамдарымен жарасымды, мәнерлі есімдерді қойып отырған. Бұл орайда, көне дәуірлік тарихы бар, ежелгі түркілік жазу-сызу мәдениеті болған қазақ деген халықтың жаңа туған нәрестеге ат қою дәстүрін мақтан ете аламыз. Өйткені, бүгінде әлемдегі саны жағынан жүз миллиондап саналатын елдерде де кісі есімдері ондаған немесе жүздеген аттармен ғана шектелінетін халықтардың бар екенін білеміз. Оны алыстан емес, мынау іргеміздегі өзімізбен ғасырлар бойы бірге жасап келе жатқан орыс халқының мысалынан да айқын аңғаруға болады. Мәселен, олардағы таза славян тілінен қалған есімдерді саусақпен ғана санап шығаруға болатынынан хабардармыз. Көбісі еуропа, азиядан, т.б. кірген адам аттары. Осы орайда, қазақ есімдеріне қайтып оралсақ, олардың көне замандардан (сонау Атилла, Томирис, Зарина, Шыңғыс хан, Бабыр, Бейбарыс немесе басқа да мамлюктер, т.б. дәуірлерден) ұрпақтан-ұрпаққа мәңгі ұмытылмастан жалғасын тауып, балаға қойылып келе жатқанын аңғарамыз. Өкінішке орай, солай дей тұрсақ та, қазіргі дүние жүзіндегі ғаламдану процесінің біздің күнделікті қазақ отбасын да өз иіріміне терең батырып бара жатқанын жасыра алмаймыз.

Алланың нұры жауып, біздің отбасымызға да көптен күткен қуанышты күн – алғашқы немереміз дүниеге жар сала келді. Бір-ақ күнде сөйтіп, “ата мен әже” деген ардақты атқа ие болып, зор бақытқа кенелдік. Ендігі жерде, бізге де сәбиді перзентханадан шығарып, оның атын қою секілді дәстүрді жасауымыз керек. Әрине, біздің отбасымыздағы боп жатқан нәрестеге ат қоюдың өзгелер үшін маңызды да мәнді нәрселер боп көрінбеуі мүмкін екенін де білеміз.

Сөйте тұра, осынау мәселеге өзімізше, халықтық дәстүр тұрғысынан мән беріп, сол басымыздан өткерген нәрестеге ат қою дәстүрінің, бәлкім, басқа замандастарымыздың кейбіріне бір пайдасы тие жатар деген ниетпен назарларыңызға ұсындық.

* * *

Дүниеде қазақтай ат қойғыш халық кем де кем шығар-ау деп те ойлаймын. Көп күткен алғашқы немерем де дүниеге келді. Әншейінде, ауыз жаппас, той дегенде өлең таппастың кері ме, жарық дүние есігін іңгәлап ашқан немере қызымыздың есіміне соншама көп аттардың қайсысын қоярын білместен бір сәтке дағдарып қалдық. Жастар жағына салсаң, бүгіндері шетелден жұғысқан, күнде теледидардан көріп жүрген немесе өнін айналдырған есімдерді қоюы мүмкін-ау деген де көкейде күдік бар. Ауылдағы ата-апалары болса тарихи немесе эпос-дастандардағы есімдерге құмар. Қуанышты хабарды естісімен, талай есімдердің жан-жақтан келіп түсетінін білсем де, Астанаға, түп-тура, баламыз Алмас пен келінім Жанардың атына өз ойымды ашық білдіріп, төмендегідей хат жаздым.

«Алмас! Жанар! Қазақ халқы ежелден-ақ дүниеге жаңа келген сәбиге ат қою дәстүріне үлкен жауапкершілікпен қараған. Арыға бармай-ақ, кешегі өткен Төле би, Қазбек би, Әйтеке би, хан Абылай, Ерасыл, Бөгенбай, Наурызбай, секілді ұлы бабаларымыздың атына заты сай болып туылып, туған халқының, жерінің намысын өз мүдделерінен, керек десеңіз, өмірлерінен биік қойып өткенін жақсы білеміз. Халқымызда тіптен, бір ғана елін, жерін жаудан қорғап өтсе екен деген ниеттен туған: Елшібек, Елдос, Еламан, Елғонды, Елжан, Елібай, деп кете беретін есімдердің өзінде қаншалықты арман-тілектің жатқанын аңғару қиын емес. Өкінішке орай, үш ғасырға жуық созылған орыс отаршылдығының кесірінен сол жауға салса қайтпаған бабаларымыздың асыл рухы бірте-бірте мұқалып, басқасын былай қойып, балаға ат қою мәселесінде де адам күлерлік деңгейге дейін төмендегенімізді айтпасақ болмайды. Мәселен, Кеңес үкіметінің келуімен: Колхозбек, Совхозбек, Пермебай, Кеңесбек, Марлен, Феликс, Рева, қыз туса Люция, Роза (Люксембург), Клара (Цеткина), т.б. есімдердің қаптап кетуін қайда қоямыз. Тіпті, одан да сорақысы, бастық болса екен деп Әкімбек, Болысбек, пәпкі ұстап жүрсін деп Пәпкібек, зауыттың бастығы болсын деп Зауытбек, Доктырхан, Мұғалімбай, трактор айдасын деп Трактрбай, Моторбай секілді есімдердің де өз заманында көп қойылғанын білеміз.

Қазір, құдайға шүкір, Қазақстан үлкен елдердің қатарына қосылып, халқымыздың ендігі жерде тәуелсіздікке қол жеткізуінің арқасында заман да өзгерді, сонымен бірге адамдардың да сана сезімі өзгеше ойлап, өмірдегі болып жатқан оқиғаларға тура қарап, әркім өз бетінше баға бере алатын жағдайға жетті. Ендігі жерде, нәресте туғанда да халқымыздың ұмыт бола бастаған тамаша дәстүрлерін қайта жаңғыртып, болашақ пен тарихты сабақтастыра отырып балаларымыздың атын қоятын болдық. Ойлап қарасақ, күні кеше ғана Абылайхан, Бөкейхан, Әлихан, Мағжан, Сәкен, Илияс сияқты есімдерді дауыстап айтуға сескенетін ел қазір бұл аттарды балаларына таласып қоятын күнге де жеттік.

Алмас! Алғашқы немересін көріп, жүрегі жарыла қуанатын, баласын “Айналайын!..” деп, әуелеп ұшқан құс қанатының көлеңкесінен де қорғаштайтын, сөйтіп алақанына сап әлдилейтін, әлемдегі ең балажан, мейірімді халық – қазақ отбасының басындағы осындай қуаныш пен сүйінішті АЛЛА ТАҒАЛА мейірімі түсіп, біздің басымызға да бұйыртады деген – үкілі үмітіміз бар. Құдайдан сондай күнге жеткізе гөр деп, сендердің ата-аналарың (Бекең мен Гүлнар құдағым – бірге) күнде тілейміз. Ендігі мәселе, мамаң, мен, қарындасың үшеуіміз ақылдаса отырып, мынадай есімдерді таңдап, сендерге, тек қана ұсыныс ретінде жолдап отырмыз. Бір ескеретін жағдай, біз ат қою құқығын өздеріңе қалдырғанды жөн көрдік.

Бұл есімдердің неліктен, “А”, немесе “Ә” әріптерінен ғана басталатындығын өзің де сезетін боларсың. (Көкеңнің өмірлік ұстанымдарының бірі – әрбір істің тек, басында жүру емес пе еді?) Әрине, басқадай әріптерден басталатын әсем есімдер де қазақта аз емес. Ол жағын өздеріңе қалдырдық. Енді, өзіміз ұсынатын есімдерге келейік:

АҚМАРАЛ. Марал – қазақ ұғымында киелі де, табиғаттың өте сұлу, бағалы саналатын жануары. Сондықтан да ата-бабаларымыз осы атты жақсыға балап, балаларына теліген. Халқымызда осындай есімімен танылған мемлекет қайраткерлері мен тамаша сүйікті қыздарымыз аз емес. Бұл есімді мамаң ұсынады.

АРУЖАН. Қазіргі кезде қыздарға жиі қойылып жүрген есім. Әрі қысқа, ұғынықты. Бұл есімді де ұсынған мамаң.

ӘСЕЛ. (АСЕЛЬ – деген дұрыс емес.) Егер құжатта біз айтқандай болып дұрыс жазылса, өзге тілде “Асель” немесе “Аселя” болып айтыла береді. Бұндай есім де көкейге қонымды, әрі ұғынықты, әдемі естіледі. Атты мамаң қойып отыр.

АЙЖАН. Қызымыз айдай әсем болуы тиіс қой. Бұл есім халқымызда бұрыннан бар. Өте ұнайды. Бұл атты да мамаң қойып отыр.

АЙГЕРІМ. Біз ұсынған біраз аттардың “Ай-мен” басталуы тегін емес. Ұлы Абай сүйген бұл есім жаман болмауы тиіс. Әрі қазіргі кезде бұл есім де жиі қолданылып жүр. Барлық тілде жақсы естіледі. Бұл атты ұсынған Әнел қарындасың.

АЛТЫНАЙ. Бұл жерде бұл есімнің фамилиямен үндесіп тұрғанын ескеріп отырмыз. Кім біледі, осындай атпен немереміз қазағының атын аспандатып жатса арман бар ма. Бұл есімді ұсынған – Әнел.

АМИНА. Пайғамбарымыздың анасының аты. Бұл қасиетті есімді мұсылман жұрты ғана емес, бүкіл әлем халқы құрметтейді. Егер, *кең ұғыммен үңіле түсер болсақ*, жүректерге нұр себетін есім деп те айта аламыз. Дүние тілдерінде де, фамилиясымен де үндес, әрі жатық естіледі. Бұл есімді ұсынатын көкең.

АЙША. Бұл да пайғамбарымыздың қасиетті әйелдерінің бірінің есімі. Бүкіл дүниеге тарап кеткен. Хазіреті Айша анамыздың пайғамбарымызға, мұсылман халқына жасаған жақсылығы ұшан-теңіз. Мейірімімен, ақылдылығымен, айдай көркімен жан-жағын ерекше нұрға бөлеген. Бұл есімді де ұсынған көкең.

P. S. Біз жоғарыда ескерткеніміздей, өздерің, бәлкім нағашы жұрты, яки сондағы туыстарың көмектесіп, басқадай әсем ат таңдап жатсаңдар оған титтей де қарсылығымыз яки ренішіміз болмақ емес. Ең бастысы, немереміздің дүниеге аман-сау келіп, бақытты да саналы ұрпақ боп өскенін қалаймыз. Біздер, қалай болған күнде де, дүние есігін ашқалы тұрған жас ұланға – немеремізге, өзіне сай келетін тамаша есімнің қойылатындығына толық сенімдіміз. АЛЛА тағала сендердің дендеріңе зор саулық, бастаған істеріңе сәттілік берсін!!!

*Сәлеммен, сендерді
жанындай сүйетін – МАМАҢ, КӨКЕҢ, ҚАРЫНДАСЫҢ.
26 желтоқсан 2006 жыл».*

Арада көп өткен жоқ, сәбиді перзентханадан шығарысымен Алмастың өзі барып, немереміздің аты-жөнін “Ағыбаева Амина Алмасқызы” деп атап, құжат толтырғызды.

– Денің сау, ата-анаңның үмітін ақтайтын, халқыңның сүйікті қызы боп өсе бер, Амина!

ЖЕТІ АТАНЫ ҚАЛАЙ ТАРАТЫП ЖҮРМІЗ?

Дүниеде сан мың халық болса, сол халықтардың өзіне тән мәдениеті, дәстүрлері бар. Олардың арасында адамзат үшін пайдалы немесе зияны бар дейтіндей, неше түрлі дәстүр-салттарды кездестіруге болады. Сондай салт-саналарды тұтастай қарастырып, бір сәтке салыстырғанда біздің ұлтымыздың мәдениетінде ауыз толтырып айтатындай, мақтаныш ететін қасиетті дәстүрлеріміз аз емес. Соның бірі, әрі бірегейі – ата-бабамыздан жалғасқан, бүгінгі күндегі озық медицинаның дәлелдеуінен өткен жеті аталық ұстаным, жеті атаға толмай қыз алыспайтын қазақи шежірелік жүйе. Ол – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында ата-тектің жалғасуын реттейтін қасиет. Осыған байланысты ежелден бері қазақ халқында өзінің жеті атасын білуі әрбір азаматтың борышы болып саналады. Сонымен бірге бұл – ата-ана үшін отбасылық үлгі-өнегенің әліппесі. Тек ата-анасынан жастай айырылған жетімдер ғана мұндай тәрбиеден мақұрым қалатын. «Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі» деген сөз де осыдан шыққан болса керек.

Жеті ата. Жеті атасын білмеген – жетесіз. Өмір тәжірибесі мол халқымыз кейінгі ұрпаққа жеті атасын білуді міндеттеген және оны үйреткен, жаттатқан. «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген қазақ даналығына тоқталсақ, мұның әлеуметтік зор мәні болған. Екіншіден, қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. Бұрынғы адамдар бір-бірімен танысқанда, жүздескенде руын, тегін сұрауы осыдан шыққан. Сондықтан, әр қазақ баласы өз ата-тегін білу тектілік әрі ұлттық тәртіп пен жөн білудің бір саласы болып саналған. Осыған орай, Қытай Халық Республикасындағы «Шыңжаң қоғамдық ғылымдары» журналында жарияланған Думан Жақыпұлының «Жеті ата және шежіре» деп аталатын мақаласынан үзінді келтіре отырып, әңгімемізді жалғастырғанды жөн көрдік.

«...Халқымыз баласын кішкентайынан жеті атасын тануға үйретеді. Біріншіден, бабадан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал, екіншіден, баладан тарайтын ұрпақ әкеден бастау алып, жалғаса береді. Жеті аталық рулық жүйенің маңызы мен мәні, қоғамдық рөлі мен өнімі жайлы «Қазақ ұлттық энциклопедиясында» былай делінген: «...өз ата-бабасын жеті атасына дейін білу әрбір қазақ азаматы үшін міндет болған. Мұның өзі қазақтардың этноеркешеліктерін танытуда. Бұл жеті аталық жүйе ел басынан өткен қиын-қыстау кездерде тегінен көз жазып қалмауына және басқа ха-

лықтармен ассимиляцияға түсіп кетпеуіне себепші болды. Жеті ата мен ру шежіресін білу көшпелі қоғамда өмір сүрген халықтар үшін өмірлік қажеттілік еді. Жеті атадан үш жүзге дейінгі біртұтас туысқандық бітім бірнеше ғасырлар бойы «қазақ халқы бір атаның баласы, бір тамырдан тараған» деген ұстанымды орнықтырған. Жеті атасын тарата білу арқылы әркім көрші рулармен байланысын білетін. Сөйтіп бүкіл қазақтың біте қайнасқан туыстығына көзі жеткен. ... Жеті атасын, руын, жүзін білген соң, қазақтар туған жерінің кез келген шалғайында өзін туысқандарының ортасында жүрген алып бір отбасының мүшесіндей сезінетін. Нәтижесінде, үлкен бір отбасы секілді ұлттың біртұтас зердесі қалыптасты. Жер басып жүргендер ғана емес, жадында сақталған баяғы ата-бабасы да тірілердің санасында тірілгендей, жалғасын тапқан. Жеті аталық ұстаным бүкіл халықтың бойында еш мәжбүрлеусіз, мейлінше тегеуірінді рухани бірлік сезімін терең сіңдіреді. Ол – этнотуыстықтың қуатты, арқаулы темір қазығы болды». Халық жадында берік сақталған жеті аталық ұстанымның ұлт болып ұйысуымызға, ұлттық құндылықтарымызды сақтап оны дамытуымызға әсері мол болды. Тағдырдың талай тауқыметін көріп, бұл күндері әлемнің отыздан астам елінде тарыдай шашылып жүрсек те, біртұтас халық ретінде тарих сахнасынан көрінуімізге тигізген үлесі мен пайдасы, құны мен қымбаты, рөлі мен маңызы туралы мұнымен ғана тоқталуға болмайды. Дүниедегі барлық халықтың таралу тегі болатынын, тіпті, өз ата-бабаларын Нұх пайғамбардан бастап таратып көрсететін ұлттардың да барын білеміз (араб, еврей ұлттарының осындай «ұлттың тегі» дейтін шежірелік таралу кестесін көргенбіз). Әйткенмен, әзірге жеті аталық ұстаным әлемдегі қазақтан өзге ұлттарда бар екенін естімедік. Ол жеті ата немесе жеті ұрпақ атауына сәйкес атау-терминнің өзге ешбір халықтан шықпауынан да белгілі. Жеті ата танымының қазақ халқында бағзыдан келе жатқан тамыры терең ұғым екенін арнаулы атаулары дәлелдейді.

...Жеті ата атауының қазақта тамыры терең, үлкен ұлттық ұлағатты шежірелік жүйе екенін, оның қазақ өміріндегі маңызын жоғарыда баяндап өттік. Алайда, осы ұлылықтағы алалықтар, яғни, жеті ата атауындағы бірізділіктің болмауы, біздің осы мақаланы жазуымызға түрткі болды. Мақсатымыз, әр жерден шығып жатқан қазақ ру шежірелеріндегі түрлі атауларды өзара салыстырып, жалпыға ортақ бір жүйелі атауға тұрақтандыруға күш салу. Олай етпейінше, ұлттық болмысымыздың мызғымас тірегі болған

ұлағатты ұғымымызды өзгелердің мойындай қоюы екіталай. Бұл орайда, алдымен, қазақтың жеті ата, жеті ұрпаққа байланысты айтылатын атауларды жинастырып салыстырамыз. Біріншіден, жеті атаға кімдер жататынын анықтап алған жөн. Бүгіндері жеті ата десе болды көптеген адамдар «бала, немере, шөбере...» деп жеті ұрпақты тізбектейді. Бұл қате ұғым. Өйткені, қазақ әдетте, «руың кім?, ата-тегің кім?» деп сұрасады. Әрине, бұл сұраққа әкеннен бастап жеті атаға, тіпті руыңа дейін жалғап жауап бересің. Бұл деген – арғы тегіңнің кім екенін білу-білмеу мәселесі. Осы мәселе төңірегінде қазақ жазушысы, әрі этнографы Сейіт Кенжеахметұлының тұжырымдары көкейге қонымды. Ол жеті ата ұғымының Қазақстан басылымдарында мүлдем қате таныстырылып жүргенін айтады. С. Кенжеахметұлы: «Жеті ата шежіресіне енетін атаулар туралы әртүрлі ойлар мен болжамдар, талас-пікірлер газет-журналдарда да, басқа ортада да туындап отыр. Мұның бір өкініштісі, сол пікірлер арқылы қате ұғымдар мен ой-түйіндердің байыбына терең бойламай айта салушылық пен қателіктер баспасөз беттерінде де, оқулықтарда да жиі көрініп қалады. Кейбір авторлар осы дәстүрді басқаша түсіндірмекші болып, өздері білмейтіндігімен қоймай, өзгелерді де шатастырып жүр», – дейді. Сонымен қоса, мектептік шараларда, «Өзін-өзі тану», «Дәстүр» сынды оқулықтар мен журналдарда жеті атаны бірде, ата, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат деп, бірде, ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене десе, енді бірде, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, жүрекжат, туажат деп санамалап жатады. Мұның бәрі қате ұғымдар. Міне, осындай қателіктерді С. Кенжеахметұлы сынай келе, мұндай пікірлерді айтқанда әркім белгілі бір ұғымға немесе дәлелді дәйектерге, Төле, Қазыбек, Өйтеке сынды аузы дуалы билердің сөзіне жүгінгені жөн екенін айтады.

Халқымыз тілге, сөзге мән берген. Сондықтан да, қазақ қашан да аталы сөзге тоқтайтын. Олай болса, әңгіме етіп отырған тақырыпта «ата» деген сөз бар. Яғни, бұл «ата-баба» деген ұғымды көрсетіп, тайға таңба басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай айтып тұр. Ал, бала, немере, шөбере деген – атамыз емес, ұрпағымыз. Сөз жеті ұрпақ емес, жеті ата туралы болып отыр. Олай болса, жеті ата шежіресі өзімізге дейінгі ата-бабаларымыздан бастап таратылады. Яғни: өзің, әкең, атаң, арғы атаң, бабаң, түп атаң, тек атаң. Рас, бұл атаулар кей жерлерде басқаша айтылуы да мүмкін. Бірақ, қалай дегенмен де, жеті ата жолы осылайша таратылатынын бұрынғы би, шешендер айтып кеткен.

Қазақ рулары жеті атаға толғаннан кейін ғана қыз алысады. Енді «жеті ата толғаннан соң сегізінші атадан қыз алысу керек пе, әлде жетінші атадан бастап рұқсат етілген бе» деген мәселе төңірегінде ой өрбітейік. Кейбір көнекөздеріміздің жекжат деген атауды құда-құдағилықтан келген атау дегенін ескерсек, сегізінші атаның жекжат, тоғызыншы атаның жұрағат (құда-жұрат) аталуының сырын білгендей боламыз. Демек, бұл сегізінші буын бір-бірімен құдаласып, жұраттаса алатынын білдірсе керек. Аталас рулар жеті атаға тола салып емес, қайта жетінші атаны толтырып, сегізінші ұрпаққа жеткенде ғана құдаласады.

Жеті ұрпақ атауларындағы ендігі бір басын ашып алуға тиісті ісіміз бесінші ұрпақ атауы. Барлық санамалауда бесінші ұрпақ – немене деп аталады. Дегенмен, «немене» деген сөздің түп мағынасы қандай? Бұл сөз сұраулы мағынада, көбінесе ұнамсыз күйде қолданылады. «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады», – деген қазақ осындай мағынасыз сөздерді айтса керек. Бұл сөзден ешқандай жүйе байқай алмағанымызды жасыра алмаймыз. Немене атауы туыстық атауға сіңіп кеткенімен, біздің көзқарасымызша бұл ешқандай қандастықты, туыстықты бейнелемейді және басқа ұрпақ атауларымен қабыспайды да, яғни, жаңсақ қолданылған атау болмақ. Бәлкім бұл атау «түсіндірме сөздікке» жаңсақ берілуі де мүмкін. Сондықтан да, «немене» сөзінің орнына бейнелі ұғым – «көгенжат» атауын қолдансақ болады. Көген дегеніміз – шаруашылық тұрмысынан туындаған қазақтың төл сөзі. «Көк лағым көгенде жатып семіреді», – деген жұмбақты бәріміз білеміз. Демек, мұндағы көген сөзі арқылы туыстық байланысты сипаттасақ, жат деген алыс, бөлек не болмаса, көгені бөліне бастаған деп қарастыруға болады. Ең бастысы, мұндай жаңа атауды санаға сіңіру керек. Кейін, бұл атау сөйлеу дағдымызға түседі де, қолайлы әрі бейнелі атау болып басқа атауларымен қабысады. Олай болса, қазақтың жеті ұрпақ атауын былай: бірінші – бала, екінші – немере, үшінші – шөбере, төртінші – шөпшек, бесінші – көгенжат, алтыншы – туажат, жетінші – жүрежат деп топтастырайық.

Бұл күнде ата жолын ұстанған әр қазақтың баласы өз тегін ата-баба шежіресінде көрсетілгендей, өзінен бастап қазаққа немесе қазақтан бастап өзіне дейін атап алады. Бірақ, жеті ата ұстанымы туралы бұл күнде көптеген ғалымдар жағынан теріске шығарылып, шындығына, ғылымилығына күмәнді көзқарастар сақталып жүрген «Шипагерлік баян» еңбегінде құнды деректер сақталған. Бұл дерек,

жеті ата ұстанымының қазақта қашаннан пайда болғандығын білуімізге анық бағдар сілтейді. Аталған кітаптың 11 бетінде: «Жеті атадан ілгері қыз алысқандар бүгіннен бастап болмауы шарт. Егер, олай болса, болғанына көз жетсе, жұбайларды тең бас кылыштамақ керек», – деген сөз бар. Кітапта келтірілген бұл жарлық Жәнібек хан жағынан түсірілген екен. Жарлық болғанда да – қатаң жарлық. Бүкіл қазақтың бұлжытпас заңына айналған осы қағиданың бір кездері қолында заңдық күші болған, қаһарлы хан жағынан қарар кылынып, қалт жібермей атқарылғаны шындыққа жанасымды әрі қисынды.

«Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», әз Тәуке ханның «жеті жарғысынан» хабардар екенін білдірген ұлы Абай: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – деген екен. Сонымен қоса, тағы бір сөзінде: «Қазақты ақылды етіп түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек: әуелі – бек үкімет, яғни қолында жарлығы болмақ керек; екіншіден, ол адам есепсіз бай болуы қажет», – дейді. Жәнібек хан міне, осындай қолында заңдық күші бар, бек үкіметтің иесі болған. Сөйтіп, қатаң жарлық арқылы жеті ата ұстанымын бүкіл қазақ халқына дәріптеген, тек дәріптеп қана қоймай іске асырған деп қорытынды шығаруымызға әбден болады».

Республикалық «Ана тілі» газетінің 2011 жылдың 13-19 қаңтар (№2) күнгі нөмірінде белгілі жазушы, этнограф, мәдениеттанушы Сейіт Кенжеахметұлының «Жеті атаны білуіміз керек» деген тақырыпта жазған мақаласын біз де зейін қойып оқып шыққан едік. Сөз жоқ, мақала өте орынды жазылған, бағыты дұрыс. Бұл мақаласында автор баспасөз беттерінде (оқулықтар мен оқу құралдарында, газет-журналдарда) жарияланып жүрген: а) 1. *Ата*. 2. *Әке*. 3. *Бала*. 4. *Немере*. 5. *Шөбере*. 6. *Шөпшек*. 7. *Немене*. ә) 1. *Балаң*. 2. *Немерең*. 3. *Шөберең*. 4. *Шөпшек*. 5. *Немене*. 6. *Жүрежат*. 7. *Туажат* тәрізді үлгілерде берілген тұжырымдардың мүлде теріс екенін нанымды түрде дәлелдеп, жеті атаны таратудың көңілге қонымды үлгісі ретінде өзінің мынадай: 1. *Өзің*. 2. *Әке*. 3. *Ата*. 4. *Арғы ата*. 5. *Баба*. 6. *Түн ата*. 7. *Тек ата* үлгісін оқырмандар назарына ұсынған.

Республикалық ғылыми-педагогикалық «Ұлағат», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде» журналдарының Бас редакторы, педагог-жазушы Зернебек Шілдебайұлы екеуміз редакция жұмысы барысында ақылдаса отырып, сол көп оқырманның бірі ретінде, Сейіт ағамыздың жеті атаны тарату схемасына төмендегідей өзгеріс енгізген едік. Сол

үлгіні дұрыс түсіну үшін, немерем Әнуарды мысалға ала отырып, таратуды жөн көрдім.

ӘНУАРДЫҢ ЖЕТІ АТАСЫ

Ата – Құдиярбек.

Бергі ата – Молдабай.

Арғы ата – Ағыбай.

Баба ата – Майкөт.

Ұлы ата – Үрпек.

Түп ата – Жәдік.

Тек ата (ататек) – Жәлімбет.

* Қазақ осы жеті атанының бәрін қосып, «ата-баба» дейді.

Бұдан төмендегідей ойлар мен тұжырымдар шығады: 1. Қазақ атаға бала мен әкесін жатқызбайды. 2. Осы жеті атаның бәрін қосып, оны «ата-баба» дейді. Тіпті, күйіп кеткенде қазақтың «ата-бабасынан» бастап балағаттайтыны да содан болса керек.

Ал, сіз, қалай қарайсыз, оқырман? Дұрыс таратып отырмыз ба, әлде, бұрыс кеттік пе? Егер, қисық бұрылсақ, онда оқырманның өзі түзетер деген сенімдеміз.

ТАЗША БАЛА

(анимациялық фильмнің киносценарииі)

1. Жалпы көрініс

Халық сапырылысқан ығы-жығы шығыстың қан базары. Жағалай қатар-қатар ілінген киім-кешектердің арасынан бұқпантайлап жап-жас бала өтіп келеді.

Айнала сатушылар мен сағып алушылардың арлы-берлі жүрген аяқтары көрінеді.

Үлкен жайма үстелдің үсті жайылған тоқаш пен нан өнімдері. Бала жақынырақ кеп еріксіз бауырсаққа қолын созып, көзімен жан-жағына жасқана көз тастайды. Сосын, сасқалақтап, кері шегіншектейді.

Нан сағып тұрған әйел быртыйған саусақтарымен баланың құлағынан шап беріп ұстай алады.

– Әй, оңбаған! Қане, қайтар, ұрлаған затыңды!..

Ол баланың құлағын бұрап, екінші қолымен қалтасын тінті бастайды. Бірақ, ештеңе таба алмаған соң оны дөрекі қимылмен әрмен итеріп жібереді.

Бала жерге құлап түскен бойда ауырған құлағын сипалап, жыламсырап отыр. Өзіне-өзі күбірлеп:

– Мені ұры дейді... Ештеңесін де алған жоқпын. Тек... бірдене тауып жегім келеді.

Осы кезде үстіндегі киген киімі көз тартатындай, бетінде үлкен тыртығы бар еркек оның жанына кеп тоқтайды. Балаға көз тоқтатып:

– Балақан, сен не, жылап тұрсың ба? – деп сұрайды.

Бала бір сәт басын жоғары көтеріп, көз қиығымен қарайды. Қарсы алдында бетінде тыртығы бар, көзінде ойнақылдық пен қатыгездік ұшқыны білінетін үлкен еркек тұр.

Бала көзін уқалап, жасын сүртеді де, өтірік көңілденген боп жауап қайтарады.

– Мен, әке мен шеше іздеп жүрмін. Баласы жоққа – бала, немересі жоққа – немере болар едім...

Бетінде тыртығы бар еркек оған еңкейе түсіп:

– Атың кім, сенің? – дейді.

Бала кейін шегініңкіреп барып:

– Тазша бала, – деп тіл қатады.

Еркек баланың басына шұқшыйып үңіледі де, көңілдене сөйлеп:

– Расында да, басың таз екен! Жарайды онда, соңымнан ер, маған, бала боласың!.. – дейді.

2. Жаңа басталған өмір

Тазша баланы асырап алған әкенің үйінің кең ауласы. Күндізгі уақыт. Ауланың қақ ортасында осы үйдің кемпірі Тазша баланы үлкен ыдысқа отырғызып қойып, үстін сабынмен езгілеп, басына су құйып шомылдырып жатыр.

Бала шомылып болған соң үстіне су жаңа көйлек киеді.

Тазша бала алдына қойған тамақты ешкімге қарамай қолымен ашқарақтана асап жеп жатыр.

Кемпір оған қарап қояды да, табағына үстемелеп тамақ салады.

Тазша бала есік алдындағы биік тапшанда рахаттана ұйықтап жатыр.

Арайлап таң атып келеді.

3. Әңгімелесу

Тазша бала тапшан үстінде ұйықтап жатыр. Оны асырап алған әкесі үстіндегі жамылып жатқан көрпесіп сыпырған кезде, бала көзін ашып оянып кетеді.

– Тұр, кеттік. Кәсіпке үйренесің!..

Асырап алған әке ерекше көңілді, өнінде кешегі қаталдықтың ізі де қалмағандай.

Ол жерде жатқан тасты еңкейіп алады да, анадай жерде дуалға арқасын сүйеп, қымыз сатып отырған кемпірдің қалтасына білдірместен салып жібереді. Кемпір ештеңе байқамайды.

Сосын, көрдің ғой дегендей, асырап алған әке тапшанға кеп отырады.

– Ал енді, сен, қайтала! – дейді ол.

Бала қарсылық танытып, басын шайқайды.

– Жо-оқ, істемеймін!..

Асырап алған әкесі оған таңырқаған кейіпте қарап:

– Неге?

Бала орнынан тұрып, бір қадам алға аттайды.

– Бұныңыз – алдау немесе ұрлық. «Ұрлық түбі – қорлық!» деген әке-шешем, менің.

Асырап алған әкесінің көздері алайып, ойнақшып кетеді.

– Бұл – ұрлық емес. Қолдың ептілігі.

Бала көнбеген сыңай танытып, теріс айналады.

– Жо-о-оқ, керек емес!..

Асырап алған әкесі қулана күлімсіреп, арқасынан қағады.

– Бір күні керегіңе жарайды!..

Асырап алған әкесі алыстан көзге түсіп тұрған үйді қолымен нұсқап көрсетеді.

– Көрдің бе, анау үйде ері мен әйелі тұрады.

Төбенің басынан биік-биік шарбақтармен қоршалған үлкен үй көрінеді. Асырап алған әке соны қолымен нұсқап көрсетеді.

– Олар шіріген бай, шық бермес сараң. Ат тұяғындай алтындары бар. Қайдан тапқан оны, ә?!.

Асырап алған әке енді өткен бір оқиға есіне түскендей, қабағын түйе әлдекімге ызалана сөйлейді.

– Бір кездері осы төбешік, анау жердің бәрі менікі болатын. Олар амалын асырып, біздің жерімізді тартып алды. Енді көрдің бе, шарбақпенен де қоршап тастапты!..

Ол Тазша баланы қолынан дедектете сүйреген бойы төбеге қарай жүреді.

ТӨБЕ БАСЫНДАҒЫ ҮЙДІҢ АУЛАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ КӨРІНІСІ.

КҮНДІЗГІ УАҚЫТ. Асырап алған әке аяғын ақырын басып,

шарбақтың түбіне жақындайды. Оның соңынан Тазша бала да амалсыздан ілесіп келеді.

Асырап алған әке шарбақтың саңлауын іздейді, секіріп төбесінен ішке көз тастағысы келеді. Енді амалы таусылған ол, қос қолымен тышқан секілді топырағын лақтырып, шарбақтың түбін қазғылай бастайды.

– Мүмкін, олар, көмбені де сол жерден тапқан шығар, ә? Көмбе...

Асырап алған әке шарбақты саусағымен шұқып, бір кезде оны сипалай бастайды.

– Шіркін, осы алтынды қайтарсақ. Олар жерімізді тартып алғанда, мен неге алтынды алмаймын. Дұрыс па?..

Тазша бала сипақтап, көзін жыпылықтатады. Ернін жыбырлатып, естілер-естілмес:

– Мүмкін, солай да шығар... – дейді.

Асырап алған әке сұқ саусағын жоғары көтеріп:

– Солай де!.. – дейді.

4. Үйрену

Асырап алған әке бағанағы дуалға сүйеніп отырған кемпірге ұрлана көз тастайды да, балаға қарап иегін қағады.

– Үйренуді жалғастырамыз!..

Тазша бала оның айтқанын орындайды, жерде жатқан тасты алып, кемпірдің камзолының жанқалтасына көрсетпестен салмақ бола бергенде кемпір орнынан тұрып кетеді. Тазша бала оның қалтасынан қолын шығарып үлгерместен жерден аяғы көтерілген бойда салбырап қалады.

Тазша бала енді ерегісіп, өз өнерін одан әрмен көрсетпекші. Анадай жердегі өсіп тұрған ағаштың басындағы құстың ұясынан оның жұмыртқаларын ұрлап алмақшы болады. Жоғары ағаш басына қарай өрмелей жөнеледі. Ұяға жақындап, оған қолын сұға бастағанда отырған құс оны байқап қап дәл төбесінен шоқып қалады. Тазша бала домалап, жерге құлап түседі.

Асырап алған әке оның қимылына риза болмаған түрмен басын шайқайды. Бір сәт ол ағаш балғаны қолына алып, басынан асыра жоғары көтереді де, үстел үстіндегі тұрған су толы шыны ыдысты қойып қалады. Аңдып тұрған Тазша бала шыны ыдысты қолымен тартып алуға тырысады. Бірақ бәрібір ыдыс жерге сынып түседі де, су жерге төгіледі.

Асырап алған әке бұл әрекетіне де көңілі толмай басын шайқайды.

Тазша бала енді ағаш бұтақтарының басына бірде-бір жапырағын жерге түсірместен, сондай бір шеберлікпен өрмелеп шығады.

Ұясында жатқан құстың қанатының астынан жұмыртқаларын алады да біреуін қайта орнына салады. Өрмелеп, төмен қарай жерге түседі. Құс осы кезде қанатын қағып көтеріледі де, ұясындағы жалғыз жұмыртқаны көріп, не болғанын түсінбестен басын шайқап, орнына қайта жайғасады.

Тазша бала әкелген жұмыртқаларын асырап алған әкесіне көрсетіп, қолына ұстатады.

Тазша бала енді тағы да ағаш басына өрмелей жөнеледі де, әлгіндегі ұрлап алған жұмыртқаларын ұясындағы ұйықтап жатқан құстың қанатының астына ақырын ғана байқап қоя қояды. Сөйтіп төмен түседі. Құс тағы да аспанға бір қарап алып, жұмыртқаларын санай бастайды. Бәрі де орнында екенін көріп, көңілі жайланғандай сабырлы күйге енеді.

АСЫРАП АЛҒАН ӘКЕНІҢ АУЛАСЫ. ЖАЗ. АЙЛЫ ТҮН.

Асырап алған әкесі тапшанда жанашырлық сезіммен ризалығын білдіргендей, Тазша баланың басынан сипап отыр. Бірте-бірте жүзі қатуланып, сұқ саусағымен алыстан көзге түсіп тұрған көршісінің үйін нұсқайды.

– Енді, ана жаққа барып, ат тұяғындай алтынды алып келесің!

Бала екі ойлы болып, кейін тартыншақтайды. Бірақ, асырап алған әке оны төбе басындағы үйге қарай тура апаратын жолға қарай зорлап итермелейді.

– Бар... бар дедім ғой! Сені көп нәрсеге үйреттім. Қолыңнан келеді!..

5. Тапсырма

КӨРШІ ҮЙДІҢ АУЛАСЫ. ЖАЗДЫҢ АЙЛЫ ТҮНІ.

Көршілер – ері мен әйелі есік алдындағы тапшанда ұйықтап жатыр.

Тазша бала биік дуалдың арғы жағындағы шөмеле шөптің үстіне секіріп түскенде шөп жеп тұрған кәрі Текені көреді.

Бала Текенің көзіне қарап, «үндеме» дегендей саусағымен ернін басады. Теке басын қозғап, сасқалақтап, көзімен одырайа қарайды.

Таңырқап аузы ашылып кеткенде, жеп жатқан бір уыс шөп Текенің сақалынан төмен сусып жерге түседі. Тазша бала:

– Уәлей-құмм әс-саламм! Ты-ныш-ш!.. – дейді.

Тазша бала няндзаларша еппен қимылдап, тапшанға жақындайды

да, ілулі тұрған қоржынды, ыдыс-аяқтарды, ескі ер-тұрман мен шокпарды ұстап, тексеріп көреді. Алтынның бар-жоғын іздеп, тінті бастайды.

Ұйықтап жатқан әйелдің жастығының астын қарайды, ерінің жастығын көтереді, онда да ештеңе жоқ.

Тазша бала бір кезде әйелінің даусын айнытпастан салып, еркегінің бүйірінен түртеді:

– Қысылып кеттім ғой. Өгіз секілді өңкимей, әрмен жатшы!..

Еркек ары таман аударылып түседі.

Тазша бала тақтаның келесі жағына айналып өтеді де, енді ерінің даусын айнытпастан салып, әйелдің бүйірінен түртеді.

– Ақыры, дегеніме көнбейсің, өзің ары жат!

Әйел бір аударылып түседі де қорылға басады.

Көрпе астында жатқан ат тұяғындай алтын ері мен әйелінің арасынан жерге домалап түседі. Тазша бала құйма алтынды ала сап, қойнына жасырады да демде-ақ көзден ғайып болады.

Тазша бала бағанағы биік дуалдан қайта секіріп түседі. Оны кәрі Теке үнсіз көз қиығымен шығарып салады. Бала көрінбей, көзден ғайып болған кезде ғана Теке тұяғымен жерді тепкілеп, мүйізімен дуалды ұрғылап, қожайынға хабар берген боп, айқайлайды:

– Ассалау-ма-ғалай-күм-м!..

6. Көрші

Көршінің еркегі Текенің даусынан оянып кетеді. Қолымен төсегін сипалай бастайды. Алтынның қолды болғанын білгенде орнынан ұшып тұрып, айғайға басады.

– Ойбай, ұрлады! Тонап кетті, бізді!..

Ол орнынан ұшып тұрған бойда дуал жанында тұрған кәрі Текеге келеді де, оны алқымынан алады.

– Өй, сен бе едің. Неге, маңырап, белгі бермедің, ә?

Аузынан тілі салақтап, әбден сілікпесі шыққан Текені жерге тастай сап, енді ол сыртқа қарай жүгіреді.

– Алжыған, кәрі Теке!.. Не сүтің, не жүнің жоқ беретін!..

Текеден біраз жерге ұзай береді де:

– Жоғалшы, көзіме көрінбей, қасқыр неге жеп қоймайды екен, сені... – деп айқайлайды.

Текенің көз алды қарауытып, мүйізін әрең дегенде шайқап, есенгіреп қалған басын жоғары қарай әрең көтереді.

Көрші еркек қақпадан шыққан бойда ылдиға қарай кеткен Тазша баланың артынан қуа жөнеледі.

Ұйқысынан шошып оянып, енді ғана өз-өзіне келген көршінің әйелі жерде жатқан сыпырғыны қолына ала сап, Текені қарғап-сілеп, бас-көз демей сабай бастайды.

– Сүт, не жүн бермейді, сорлығар!..

Долданғаны сондай, кемпір Текенің жүнін жұла-мұла ұстайды да, қақпадан сыртқа қарай лақтырып жібереді, қарғап-сілеп сыртқы есікті жабады.

Теке анадай жерге адам секілденіп молдас құра отыра кетеді де, өзі-өзіне қапа болып, жәбірленгендей күбірлей жөнеледі:

– Сүт, не жүн бермейді, лағы және жоқ...

7. «Жарыс»

ТӨБЕНІҢ БАСЫ. АЙЛЫ ТҮН.

Көрші еркек төбе басынан төмен қарай жүгіріп келеді.

...Тазша баланың жолын айналып өтіп, оның асырап алған әкесінің үйіне бірінші болып жетеді. Бір айла жасайтындай жүзі қутың қағып, аяғын ақырын басып аулаға енеді де, тез қақпаның артына барып жасырынады.

Тазша бала аяңдап, көңілі өсіп, осы кезде үйге жақындайды.

Көрші еркек ала көлеңкеде есіктен жартылай көрініп, Тазша баланың қолына шелекті ұстатады да, оның асырап алған шешесінің даусын айнытпастан салып:

– Балақан, тез барып шелекпен су әкеле қойшы. Ал, алтынды маған бере сал!- дейді.

Тазша бала құйма алтынды оған ұстата салады да, шелекті қолына алып құдыққа қарай кетеді.

Айласын асырып, құйма алтынды өзіне қайтарып алған көрші еркек іске асқан қулығына іштей дән риза боп, үйіне қарай жылдам басып жүгіре жөнеледі.

Тазша бала су толы шелекті көтеріп, үйге оралады.

– Мама, су әкелдім. Алыңыз! – деп дауыстайды.

Үйден шыққан асырап алған әке мен шеше оған таңырқай қарап қалады. Екеуі қосарлана жарысып:

– Сені суға емес, тай тұяғындай алтынды алып келуге жұмсаған жоқпыз ба! – дейді.

Тазша бала өзінің бір қателік жасағанын, көрші еркекке алданғанын сезе қояды.

Енді Тазша бала төбешіктегі көршінің үйіне қарай жүгіре жөнеледі. Ол жолда ентігіп келе жатқан көршіні айналып өтеді де, көрінбестен жол бойындағы бақшаға жақындайды. Бақша шарбағына жапсырып байлап қойған, жұрттың көзі тимесін деп киіндірген ағаш қарақшының үстіндегі халаты мен басындағы орамалын шешіндіріп алып кетеді.

Тазша бала көрші еркектің ауласына келісімен ішке кіре сап орамалды басына тағады да, халатты үстіне кие бастайды.

Осы кезде оның артында келе жатқан көрші өліп-өшіп ентігіп, өзінің үйіне жетеді.

Көршінің кемпірі секілді киініп алған Тазша бала қарсы алдынан шығып, қақпаны айқара ашады. Көршіге ауланың ішін қолымен нұсқап көрсетеді де, кемпірдің дауысына салып, ызбарлы үнмен:

– Қақпаны ашық қалдырыпсың, Текеміз қашып кетіпті ғой!..– дейді.

Көрші қапелімде сасқалақтап, Тазша баланың қолына құйма алтынды ұстаға салады да, Текенің соңынан іздеп кетеді.

– Өкпешілін оның!..

Ол келесі төбенің басына көтеріледі. Бұта-бұтаның арасын үңіліп қарайды.

...Әбден шаршаған ол бір кезде үйіне оралады. Алдынан әйелі шығады.

– Қарасы батқыр, текені таба алмадым! – дейді ері.

Ештеңені ұға алмаған әйелі оған қарап, көзін алайтады.

– Текен не, айтып тұрған? Ат тұяғы алтынды әкелдің бе?

Көрші еркек басын қасып, сөз таба алмастан жан-жағына алақтап, сасқалақтайды.

– Әй, әлгінде қолыңа ұстатқаным қайда?.. Өзің, Текені іздеп тап деп, діңкілдеп қоймадың, – дейді.

Әйелі күйініп, екі қолымен ауаны осқылайды.

– Бұл, тағы да, әлгі, жүгермектің ісі десейші!..

Көрші еркек бір сәтке тұрған орнында қатып, сілейіп қалады. Сосын барып, ызалана айқайлайды:

– Қа-а-п, бәлем, жалтыр бас!.. Екінші мәрте сазға отырғыздың-ау, мені!.. Осыдан қолыма бір түссең, көрермін, сені!..

8. «Кек»

ТӨБЕНІҢ ЕТЕК ЖАҒЫ. АЙЛЫ ТҮН.

Көрші еркек қабағы қарс түйілген, ызалы күйінде қабырғадағы

ілулі тұрған басында жамылғысы бар капьюшонды, жіп пен үлкен пышақты алады.

Көрші еркек төбеден төмен қарай зулап келеді. Тастан тасқа сүрінбестен секіреді. Жайқалып өскен камыс-құрақтың жанынан жүгіріп өтеді.

Көңілі жайланған Тазша бала жайбарақат асықпай аяңдап, үйіне қарай келе жатыр. Қолында ат тұяғындай алтын құйма. Алтын құймаға өзі қызығып, аударып әр қырынан құмарлана көз тастайды да, ілезде біреу-міреу көріп қоймасын дегендей, жан-жағына қарап, қойнына жасырып тыға қояды.

Қалың бұтаның арасынан оны соңынан бақылап, сығалаған екі көз көрінеді.

Тазша бала тас жолдың үзілген жеріне келіп аз-кем аялдайды. Жол жиегіндегі биік тастың арасынан капьюшон астынан сығалаған көрші еркектің көзі көрінеді. Ол соқпақ жолдың үстіне арқанды күрмектеп тастайды да, екінші ұшын ағаш бұтағынан ары асырып, қолымен ұсап тұрады.

Осы кезде жақындап қалған Тазша бала арқанның ұшын аяғымен басады. Көзді ашып-жұмғанша тұзаққа ілінген ол, енді ағашқа салбырап тұр. Арқанның бір ұшын қолына қысып, тарта ұстаған көрші еркек көрінеді.

– Қолға түстің, жалтыр бас бәлем!..

– Ал енді, ұрлаған нәрсенді кейін қайтарасың, пысықай неме!..

Ол қолындағы арқанды жоғары-төмен тартып, баланы қинап сілкілейді. Осы кезде Тазша баланың қойнынан құйма алтын жерге топ етіп түседі.

АЙЛЫ ТҮН. ӨРГЕ ҚАРАЙ ТАРТЫЛҒАН ЖОЛ.

Көрші еркек төбенің басына қарай көтеріліп келеді. Қол-аяғы байланған баланы арқасына арқалап алған. Өзіне-өзі іштей күбірлеп қояды.

– Дегенмен, сен маған ұнап тұрсың. Бірге жүрсек, пайдаң да тиер.... Тойдырамын, киіндіремін, құс төсекте ұйықтайсың!

Ол кенет үнсіз қалып, түрін өзгертеді де, алғы жаққа қарайды.

9. Текенің әрекеті

Жолдың жиегінде Теке қалың шөпті жұлып жеп тұр. Осы кезде анадайдан иесінің келе жатқанын көреді. Басын көтеріп алған Теке шошып кетіп, ну жыныстың арасына барып жасырынады. Иесі оның бой тасалағанын байқап қалып, иығындағы Тазша баланы жерге тастай салып, Текенің соңынан қуа жөнеледі.

– Кәрі қаңғыбас, осында екенсің ғой! Қане...

– үйге қайт. Одан да, үйді күзетпейсің бе?

Теке бұта арасын барып паналайды, қожайын сес көрсетіп, қолындағы пышағын жалаңдатып тұр.

Тазша бала ақырын байлаулы арқаннан босануға әрекет жасайды.

Жанынан қожайынынан қашып бара жатқан Теке өтеді. Ол Тазша балаға бұрылып қарайды да, тоқтап, жанына жақындайды. Сол кезде енгігіп, бұларға жақындап қалған қожайынның жүрісін естиді де, оған қарсы Теке мүйізімен айбат шегіп, тұра қалады.

Жандарынан бұларды көрместен, қолындағы пышағын ауаға сермеп, еркек жүгіріп өтеді.

Теке қашамын деп жартасқа өрмелеп шығуға әрекет етеді, бірақ шамасы жетпейді. Алдыңғы тұяғымен жартасты қазғылап, сақалымен тұмсығының астындағы бұтаға жармасады.

Оның артынан еркек те жартасқа қарай өрмелеп келеді. Осы кезде оның иығынан капьюшоны жерге сыпырылып түседі де, жан қалтасынан тарс етіп жерге соғылған ауыр заттың дыбысы естіледі.

Биікке шығып алған Теке соңынан қуып, қалмай келе жатқан қожайынына ызбарлана бұрылып қарап тұр. Оңтайлы сәтті пайдаланған ол, бұрыла бере, қожайынын қақ маңдайдан теуіп қалады.

Қожайын тастан аяғы тайып кетеді де, қолындағы пышағы ұшып кетеді. Өзі төмен қарай соқпақпен домалай жөнеледі. Сол домалаған күйі лайсаң шалшыққа құлап түседі.

Мүйізіне қожайынының капьюшонын ілген, аузымен пышақты тістеген Теке секендеп барып, Тазша баланың қолындағы арқанын қияды.

Капьюшонды жерге сілкіп тастаған кезде қалтасынан құйма алтын домалап жерге түседі.

Теке Тазша балаға қарап:

– Қайдағы темір үшін қанша қырсыққа кезіктік. Лақтырып жіберсек қайтеді? – дейді. Тазша бала күлімсірейді. Теке:

– Олай болса, қожайын есін жимай тұрғанда қашайық!.. – дейді.

АСЫРАП АЛҒАН ӘКЕНІҢ АУЛАСЫ. ТАҢЕРТЕҢГІЛІК ШАҚ.
Тазша бала ауладағы тапшанда ұйықтап жатыр. Жанында тапшанға сүйеніп мүлгіген Теке тұр.

Кемпір күйеуіне кесеге қымыз құйып береді. Еркек ұйықтап жатқан балаға қарап күбірлейді:

– Балақан бәрін дұрыс жасады... Тек... – ...мына бір, Текесі құрғырды неге ертіп әкелді. Одан жүн қырқып, не сүт сауа алмайсың...

10. «Есеп айырысу»

Кенет жақын жерден тарс-түрс басқан аяқ дыбысы естіледі. Асырап алған әке сасқалақтап жан-жағына алақтап қарайды.

Дуалдың шарбақтары быт-шығы шығып қирайды да сынықтары жан-жаққа шашырайды. Үңірейген санлаудан төбешіктегі көршінің басы қылпиды. Түрі адам шошырлық. Үсті-басы малмандай балшық, құлағынша, шашында жабысқан батпақ, шөп ілінген, ал, қолында сойыл.

– Сенің асырап алған балаң...

– Менің, ат тұяғындай алтынымды ұрлап алды! – дейді ол қылғынып.

Көрші еркек тапшан үстіндегі жастықты сойылымен ұрып қалғанда жүні аспанға ұшады.

Қабырғаға ілінген кілемге құлаштай сілтегенде ілулі тұрған қару-жарақтар жерге салдыр-күлдір етіп түседі.

– Құлығына найза бойламайды, өзінің... Қарай гөр...

Асырап алған әке осы кезде жердегі қылышты ала сап қорғанысқа көшеді.

– ... тоқта, бұған баланың қатысы жоқ...- дейді ол.

Тазша бала мен Теке сағыр-сұтыр дыбыстан оянып кетеді.

– Қарай гөр, сен, алтынымды қайтарғың келмей ме, сонда?- дейді көрші еркек.

Дауға Тазша баланың асырап алған шешесі араласады.

Саған, сол керек, ұрлықшы, суайт! Қаншама адамды алдадың.

Мынау, сенің сыбағаң...- ол жұдырығын көрсетеді.

Көрші асырап алған әкенің мұрнына жұдырығын тосып, айбат шегеді.

– Бер, өзіме, меніңкі ...

Асырап алған әке де қарсылық көрсетіп, көнбейді.

Ұялмай, меніңкі деуін...

Екеуі бірін-бірі жағадан алады. Жұдырықтасады. Сойыл мен қылыш жан-жаққа ұшады. Олар бір-біріне жармасады. Аулада бір-бірін домалатып жүр.

– Меніңкі...

– Жо-оқ... сеніңкі емес!

– Білесің бе, не істейтінімді...

– Ал не істейсің, сонда...

Тазша бала өзінің бұрын киіп келген шүрк тесік көйлегін тауып алып, киіне бастайды. Оның жанынан көрші еркек пен асырап алған әкесі жағаласып, бірін-бірі домалатқан күйі өтеді. Қуып бара жатқанының қолында шыбық бар.

Кемпір олардың төбелесінен шаршаған кейпінде қолын бір сілтейді де, үйіне қарай кетеді. Үйге кіріп, артындағы есігін нық жабады.

Тазша бала мен Теке бір-біріне қарап күрсінеді де сыртқы қақпаға қарай олар да беттейді.

Екі еркек енді қолдарына пышақ ұстап, айқасқа шығады. Тағы да біреуі қашып, екіншісі соңынан қуа жөнеледі.

Тазша бала беткейдегі тас жолмен жүріп келеді. Алыстан асырап алған әкенің үйі көрініп тұр.

Асырап алған әке көрші еркекті тастай сап, Тазша балаға қарай жүгіреді.

– Әй, балақан! Үйден безіп, қайда барасың? Екеуімізге әлі талай жұмыс бар ғой атқаратын...

Тазша бала өтірік жымыып қарсы алады.

– Жо-о-қ, әке! Мен ешкімді алдағым да, ештеңе ұрлағым да келмейді! Әкем-шешем, маған, үнемі: «Ұрлық жасамағын. Ұрлық түбі – қорлық!» дейтін. Сау болыңыз!..

Асырап алған әке Тазша балаға қаһарын төгіп, жер тепкіленіп, ұрыспақ болады. Енді ұрмақшы боп ұмтыла бергенде соңынан келе жатқан көрші еркектің зілдене айқайлаған даусын естіп, бір орнында қалшыып тұрып қалады.

– Қа-а-ап, бәтшағар!..

Тазша бала мен Теке оларды мазақтағандай кекесінмен қарайды.

Осы кезде қолында ұстаған мылтығы бар көрші еркек жандарынан өтіп бара жатып, бұларды көрген соң бұрылып, тоқтай қалады.

– Әй, екеуің, қайда барасыңдар? Оны ұнатпасаңдар маған келіндер.

Көрші еркек Тазша баланың қолынан тарта бастайды. Ол көнбейді. Көрші долданып айқайлайды:

– Көнбейміз дейді... Неткен, ақымақтар, ә?..

Көрші қарсы беткейдегі қалың бұта жаққа қарай кеткен өзінің қарсыласына жүгіре жөнеледі.

Әлі-ақ өкінерсіндер... Жарайды!.. Сендерге қайран уақытымды қор қылып... Одан да, анау, көршіме барып, алқымынан алып, өз мәселемді шешпеймін бе?.. Еh-h?!

Тазша бала күн тастөбеге көтерілген шақта селоның қақ ортасындағы үлкен көшемен жүріп келеді.

Дала көк майсаға оранған, ағаш бастарында ұшып жүрген құстардың сайраған үні естіледі. Аралар гүлге қонып бал іздеп жүр,

қызыл-сары, ақ көбелектер қанаттарын тынымсыз қағады. Аспаннан күн нұрын төгіп тұр.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

ЕСТЕН КЕТПЕС КҮНДЕР

Көкейден кетпес балғын шақ, балалық бал-дәурен, жастық құмырды бірге жүріп өткерген жан досым – Әуез Бейсебаев...

Әуезім туралы міне, арада ол бақилық болғалы бергі талай жыл өткен тұста оның рухын еске алып, онымен тілдесе отырып қолға қалам ұстау оңай емес екенін енді шындап сезген сықылдымын. Ежелгі Қаратаудың Балабөген өзенінің бойында, Арыстанды – Қарабастың ыстық желіне жүзімізді күйдіріп, шүйгініне аунап, суына шомылып өстік. Әуездің өзі майын тамыза суреттеген туған жер – торғын бесігі – Аққуыс, Сүмбілі, Шыбық бел, Шілтері сай, Шошақтау, Бозбұтақ, Үкітас, Диірментас, Байжансай, Қос тұра, Майбұлақ, Ақтас, тағысын тағылар... Адамның өңі түгілі түсінде де ғажайып сұлу әлем болып көз алдыға елес беретін неткен сұлу да әсем атаулар десеңізші...

Қасиетіңнен айналайын, Бәйдібек бабамыз бен Домалақ аналарымыздың кесенелерін тұрғызып, ел ұланасыр той жасаған анабір жылдары Бексұлтан аға, Сәрсенбі аға, Әшірбек бастаған бір топ жазушы-ғалым ағаларымызбен бірге менің туған өлкеме табан тіредік. Осы сапарда олар Қаратаудың ішіне бүгіп жатқан ғажайып сұлу табиғатын тамашалап, таңдай қаққандары бар. Қаратаудың етегіне таман сілемдерінің бірінде Үлкен Тұра мен Кіші Тұра қосылып жатыр. Екеуі қосылғандықтан оларды жинақы есіммен Қос Тұра деп те атайды. Қос Тұраның бергі жағында бөлшектеңіп жатқан тағы бір кішкене тау бар. Оны Жетім Тұра дейді. Міне, осы үш Тұраның бауырында, осы күнгі Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданындағы “Ақбастау” ұжымдық шаруашылығына қарасты “Тұрақты” ауылына жақын маңайда, Балабөген өзеніне бір шақырымдай жерде Домалақ мама анамыздың жаңадан бой көтерген кесенесі тұр. Осы жайдан жоғарыда, солтүстік-шығыс тарапта, біздің Алмалы (бұрынғы Орловка) ауылынан төрт-бес шақырым жердегі бұрынғы Қарағайлы (қазіргі Бәйдібек) ауылының нақ ортасында жатқан

Бәйдібек бабаға да жаңадан сағана салынған. Одан сәл жоғарыда Құсұя деген жерде Сыланды ана кесенесі жатыр.

Осы сапарда бізбен оңтүстіктің сұлу табиғатын бірге тамашалап жүрген жазушы Әшірбек Көпішев бір сәтке ішкі толғанысын жасыра алмастан:

– Ту, неткен, сұлу көрініс еді... Айнала қоршаған тау, төменде тау бұлағынан бастау алып, Қос Тұраның етегін орап жатқан Үлкен Бөген мен Бала Бөген – қыздың қос бұрымындай екен. Әуез бен екеуіңді арман жетегіне жетелетіп, ару Алматыға қоярда қоймай шығарып салған да, осылар екен-ау, – деп, табиғаттың сұлу көркіне тамсана отырып, тіл қатқаны бар еді.

1969 жылы Алмалы (бұрын орыстар Орловка деп бізге ат беріп кеткен) деп аталатын тау бауырында орналасқан кішкене ауылдағы Қ.И. Сәтпаев атындағы орта мектепті бітірген біздер оқу іздеп Алматыға аттандық. Өмірдің аз ба көп пе, бірқыдыру кезеңін бірге қуанып, бірге мұңайып дегендей өткерген біздер үшін бүгіндері еске алар жәйттер қарап отырсам аз емес екен. Бірақ, соның бәрін тізбектеп ой елегінен өткізер болсам бәлкім, Мұстай Кәрімнің “Көкейден кетпес балғын шағындай” өз алдына ұзақ хикая болып шығуы да мүмкін екен-ау... Сондықтан да, осы бір шағын естелікте жан досым Әуез екеуіміздің өміріміздегі көкейден кетпестей орын тепкен, бұл күндері біздерден ту, алысқа ұстатпай кеткен сағынышты балалық шақтың балғын күндерін ойға түсіргенде бейне бір шым-шымдап жүрегінді тілгілегендей... Олай болса, сол өткен өмір көріністерінің бірлі-жарымына қайта оралмақшымын.

1. Оқуға аттану

Орта мектептің де соңғы сынақтарын тауысып, кәмелетке толғанымызды айғақтайтын КСРО паспортын да қолға түсірдік-ау, әйтеуір. Паспорт демекші, оны жаздырардағы көрген құқайымызды айтсаңшы. Он жыл бойы мектепте “Балғабаев” деген фамилиямен оқыған мен паспорт толтырарда тууы туралы куәлікті іздеп әуре сарсаңға түскеніміз бар. Ал енді ол куәлікті тауып көр. Біраз уақыт Әуез екеуіміз сол куәліктің бар-жоғына да күмән келтірдік. Екеуіміз Алматыға ретін тауып, бірге кетеміз деп алдын-ала келісіп қойғанбыз. Шынымды айтсам, өзім-өз болғалы ондай құжатты біздің үйден көрген емеспін. Көкем біраз күн есіне түсіре алмай жүрді де, бір күні:

– Құдияржан, анау сарайдағы погребінің түбінде баяғыдан Сталиннің, Калининнің томдары тығулы жатушы еді. Солардың

арасына салған секілдімін. Бір болса сол жерден шығуы мүмкін. Өуез екеуің парақтап, асықпай іздеп көріндерші, – деді.

Күні бойы погребті ақтарып жүріп, расында да тауып алдық. Міне қызық, Өуез екеуіміз де аң-таңбыз!.. Метрикені ашып оқысақ, онда менің фамилиям “Ағыбаев” деп көрсетілген. Он жеті жыл Балғабаев болып оқып келген мен үшін бұл онша жағымды жаңалық болмады. Мектепке бергенде әкем мені өзінің майданнан жараланып келген ағасы Балғабайдың атына жаздырған екен. Сондықтан да, одан қалған екі әкпем – Перизат пен Ұлбала мені бауырына басып, өздеріне телуші еді. Ал енді, мына қызықты түсініп көр...

Көкірегі ояу болғанымен, мектептен сауат ашып көрмеген әкем ауылдық кеңестен маған тууы туралы куәлікті толтырғызғанда ондағылар мені бабамның атына жазып жіберген болып шықты. Қараңғылық емес пе, ол кезде құжат дегенге оншалықты мән бере бермегендіктен жоғалып кетпесін деп, Сталиннің қалың томдарының арасына сүңгіте салған да содан он жеті жыл ұмыт болып, бұл мәселеге ешкім де қайтып оралмаған ғой.

“Ағыбаев” деген куәлікті Өуез екеуіміз бір апта бойы жасырып жүрдік. Төлқұжат алатын уақыт та таяп, бір жағынан қысып барады. Ақыры біздің семья үшін (әсіресе, екі әкпем үшін) жағымсыздау болатын бұл жаңалықты Өуез екеуіміз менің Қалыш апам (мені бауырына салып, асырап алған, Балғабай атамның әйелі) жеткіздік-ау. Біздің үйде ол күні көкем мен апамның арасындағы болған өкпе-ренішті баяндап жату артық та болар...

– Бәрі де дұрыс болады, уайымдама. Қалыш апаны да түсінуге болады ғой! Екі айлығыңда бауырына басты, өсірді, қақты-бақты. Енді келіп, сенің бір күнде “Ағыбаев” болып шыға келгенің ол кісінің қабырғасына батады ғой, – деп Өуез мені жұбатты.

Сол бір кеңес заманында құжатты өзгерту оңай іс емес-тін. Әйтеуір, Өуез екеуіміз ауылдың бас жағындағы Диірмен тасқа келіп, сыр бөліскеніміз анық есімде. Табиғаттың өзі қолмен құйғандай етіп қаланған үлкен дөңгелек екі тасты біздің ауылда осылай атайтын. Сол жерде отырып мен Өуезге өзімнің “Диірмен тас” деп аталатын өлеңімді оқыдым. Ол өлең мынау еді:

Ауылымның етегінде
Қарауытқан – “Диірмен тас”.
Махабаттың мекені дер,
Күнде кешке жиылған жас.

Саған ылғи келіп жүріп,
Қыз бен жігіт танысатын.
Айлы түнде ойнап-күліп,
Өзіңменен табысатын.

Жалғыз қайың жайқалатын,
Жапырағымен сені құшып.
Осында кеп айта алатын
Ғашық сырын алып-ұшып.

Түнгі самал беттен өбіп,
Жастар ән сап жарасатын.
Таң шапағын бір-ақ көріп,
Үйді-үйіне тарасатын.

Сендей мекен таба алмаспын,
“Диірмен тас” атың да әсем,
Бар сұлулық жаңылмаспын,
Бір өзіңде жатыр десем.

Сан ғасырдың сырын шертер,
Бізге жеткен үнісің бе?
Махаббаттың мұңын шертер
Ескерткіштің бірісің бе?..

Күн бесін уақыты боп қалыпты. Күзембай жәкем келіп, бізді алдына сап қуып әкетті. (Әуездің әкесін мен “жәке” деп өстім).

– Ойларыңда ештеңе жоқ, бәтшағарлар! Елдің өздеріндей баласы, анау, Шілтері сайдың қамыс-құрағын жайпап, түгендеп жатқаны... Ауыздарыңды осылай ашып жүре бермекпісіңдер. Ең болмаса, белгі сап, “жер менікі” дегендей, иеленіп қоймайсыңдар ма. Сендерді де жігіт дейді, қане, ертеңнен қалмай, шөп орымға шығасыңдар! – деп айғайға салмасын ба.

Жылда Шілтері сайдың кісінің белуарынан келетін құрақ өсетін тоғайына Әуез екеуміз шалғыны қатар салатынбыз. Әркімнің жылдағы өзіне тиесілі жері бар. Ешкім де ен тағып белгілеп бермесе де жылдағы әдетпен ауыл адамдары осылай, шөп ору науқанын бастауға, шүйгінді тоғайды теңдей етіп бөлісуде іштей түсіністік орнаған. Кешке дейін орақ-шалғымызды, шың балға мен төсімізді,

ер-тұрманымызды, ертеңгі тамағымызды әзірлеп, ертесіне Әуез екеуміз бір аптаға Шілтері сайға аттандық.

Бір апта армансыз шалғы тарттық. Жал-жал боп үйіліп жатқан шөпті шөмелелеудің өзі біз үшін оңай емес екенін іштей сеземіз. Бірақ, бәрібір екеумізден басқа ешкім істеп бермейді ғой бұл жұмысты. Әуездің інісі Шырынхан ол кезде қабырғасы ката қоймаған жап-жас. Ал мен болсам үйдің кішісімін. Ағам оқуда. Не керек, бүкіл тоғайды орып тауыстық. Екі үйдің малына бір қысқа жетіп-артылады деп мөлшерледік.

– Шөмеле сап болған соң Алматыға кетеміз. Бітті, шыдамым да таусылды. Егер, қаласаң менімен бірге жүр. Ал, оқығың келмесе осында қаласың. Енді кешіксек, оқу дегенді армандамай-ақ қойсақ болар. Ал, орылып дайын болған шөпті көкем бірдеңе етіп жеткізіп алар. Әйтеуір, әзір болды ғой. Екі үйдің малына емін-еркін жетіп артылады! – дедім мен Әуезге. Екеуміз оңаша отырып, Алматыға дейінгі сапарымыздың қалай болатынын ақылдастық. Бұрын ауылдан қырық қадам ұзап көрмеген баламыз. Жол кіресі деген тағы бар. Оның қанша болатынын да біле бермейміз. Көкелерімізге біздің Алматыға баратынымызды, оқуға түскіміз келетінін айтсақ, онда бұл арманмен біржолға қоштасуымызға тура келеді. Олардың қалауына салсақ, бізді кешіктірмей қалаған “ферманың ақ балтыр қызына” үйлендіріп, бір-бір “Беларусь” пен “ДТ” тракторының руліне отырғызуды әлдеқашан жоспарлап та қойған. Әуез осыларды айтып біраз мұнайды.

– Әуез, осыдан біраз бұрын жиырма теректі сұлатып, көкеме көрсетпестен аршып, кептіріп, Байжансайдың шахтерлеріне екі жүз сомға сатып, тығып тастаған болатынмын. Қош көрсең, екеумізге Мәскеуге барамыз десең де осы ақша жетеді. Кеттік пе?! – деп, кішкене бөсіңкіреп те, бастырмалатып та жібердім. Шындығында, менде жүз жиырма сомдай ғана ақша болатын. Оным – Әуезді илкітіру, өзіммен бірге ілестіре кету үшін жасаған айлаласуым еді. Қателеспеппін. Әуездің көзінен бір үміт ұшқыны жарқ етті...

Рас па!?

– Келістік қой! ҚазГУ-дің журналистика факультетіне құжаттарымызды тапсырамыз. Құдай қаласа түсіп кететінімізге сенемін,- деп бастырмалата жөнелдім. Екеуміз ұзақ әңгімелесіп, ертең-ерте ауылдан аудан орталығына қарай шығатын жалғыз “коробка” автобуска ілігетін боп келістік.

Бесін уақытында артынып-тартынып үйге келдік. Шөпті үйіп

тастағанымызды естіп, көкелеріміз мәз. Айналып-толғанып, барлық дәмдісі мен тәттісін аузымызға тосып-ақ жатыр. Екі үйдің арасы қол созым жер. Үйдегілерге сездірместен ескі чемодандарымызға оны-мұнымызды түгендеп саламыз деп, түн ортасына дейін қыбырлап жүріп алыпмыз. Бұрын алысқа жол шегіп көрді деймісің. Ала жаздай аяқтан тастамай жүрген ескі туфлилерімізді шығарып, трактордың солидол майымен сіндіре майлап, жалтыратып тастадық. Әбден көні қатайып, қыртыс-тыртысы шемен боп қатып қалған ескі аяқ киімдер жұмсарып, көзімізге жанара түскендей көрінді. Жолға керек-ау деген шаруаны түгендеп бітісімен таңғы сағат алтыда, ұйықтап қалмай тұруға келістік.

2. Қара туфли

Шырт ұйқыда жатқан мені поезддың ащы даусы оятты. Біздің шағын көшемен Шолақтаудың өркеш-өркеш биік шыңына қарай бет түзеп, темір жолды үзіп жіберердей алып тепловоз кетіп бара жатыр екен. Түсім екен, шошып ояндым. Кинодан ғана білетін поезддың жүрісі мен ащы үнін түсімде көремін деп ойлаппын ба. Ұшып тұрып сағатқа қарасам таңғы алты бопты. Автобус осы кезде ауылдан жылжып, ауданға бет алады. Сүріне-қабына жолға әзірлеген киімдерімді иығыма ілдім де табалдырықта жатқан шөпке киіп жүрген қонышы кесік резіңке етіктің басын аяғыма сұға сап, Әуездің үйіне құстай ұштым. Жетіп келсем, Әуез де апыл-ғұпыл орнынан тұрып киініп жатыр екен. Таңғы алакеуімде екеуіміз қоңыр чемоданды қысып ұстап, біздің үйге келдік. Жақындағанда байқадық, өмір бойы құсұйқылы апам жарықтық мал қора жақты байқап, сонда жүр екен. Ақырын сездірместен ауыз үйге жасырып қойған чемоданды қолтықтап шықтым да, Әуез екеуіміз төмендегі Жалмырза ағаның үйіне қарай зыттық. Автобус енді ғана қорадан шығып, ауданға жолаушылап бара жатқандар мініп жатыр екен. Бәрі де жүздері таныс, көрші-қолан. Ала көлеңкеде Әуез екеуімізді көріп, таңырқасып жатқандары да жоқ емес.

– Кеше ғана шөпте жүр едіңдер ғой. Неғып, табан астында, сендер, жолға шыға қалдыңдар? Әке-шешелерің біледі ме?! – деп пошташы Айнакүл жеңешем шаужайымыздан жабысып тұрып алмасы бар ма. Әзер дегенде артқы орынға жайғастық-ау. Ауыл мен аудан арасы елу шақырымдай жер. Айтуға аз көрінгенмен таулы аймақта ауылға қатынайтын жалғыз көлік – шағын автобустың мимырт жүрісімен санағанда әжептәуір жер. Екі сағат жарымдай

әр жерге бір тоқтап жүріп аудан орталығы Шаянға да жеттік. Ол жерден Шымкентке қатынап жатқан мәшине көп. Орталық автостансадан чемоданымызды қолтықтап жерге түстік. Түскеніміз бар болсын, ойламаған жәйтке кезіктік. Тастағы ойдым-ойдым боп жатқан асфальт жолдың жиегіне секіріп түскен сәтте, табаныма киыршық тастардың батып-ақ кеткені... Аяғымдағы екеуі де бір аяққа арналған резіңке сүйретпені көріп, зәрем-зәр түбіне кетті. Әуез екеуіміз не ашуланарымызды, не күлерімізді білмейміз. Енді не істедік?.. “Қайран, солидол майын шылқылдатып жаққан қара туфли, бұйырмадың-ау!” деп қатты өкіндік.

– Күдекем, әдейі істеген іс емес, одан да уақытты өткізбестен орталық универмағқа тартайық. Амал жоқ, жаңасын аламыз да, – деді Әуез мені жұбата сөйлеп. “Екі жүз сом пұлымыз бар” деп асығыстықпен айтып салған мен енді, шындап қысылдым. Не де болса тәуекел деп, шындыққа көштім. Қырсық қылғанда, дүкен сөрелеріндегі аяқ киімдердің барлығы аса қымбат боп шықты. Амал жоқ, он жеті сомға қиналасақ та су жаңа әміркен туфли алуға тура келді. Соның жалтыраған түріне қызықтап тұрып қырсық қылғанда аулымыздың өзімізден ересектеу бір жігітіне ұшыраса қалмасымыз бар ма. Менің аяғымдағы әлгінде ғана киіп тұрған резіңке сүйретпеден соң мына судай жаңа әміркен туфлиді маған олқысынды ма, білмеймін ол тиісе кетті:

– Қыз айттырып жүргеннен саусындар ма, өздерің?! – деді бізге миығынан күліп.

- Алматыға оқуға бара жатырмыз!..

Қандай оқуға?! – деп тықақтап қоймады ол.

– Каз ГУ-дің журналистика факультетіне! – деп мен байғұс асығыстық жасаппын.

– Каз ГУ – сендердің не теңің, жылтырайды көтенің!.. – дегені бар емес пе әлгі жігіттің.

Әуез маған қарағанда қайраттылау ғой, ашуға булығып, әлгінің жағасынан ала түскенде, екеуін әзер ажыратып алдым. Ойлап көрсек, бір жағынан, ол жігіттің осылай деуінің де мәнісі бар. Біздің алыс ауылдағы мектептен талай жылдардан бері Алматыға оқу іздеп барғандар ол кезде жоқтың қасы еді. Сол жылы Әуез екеуіміз бірінші болып Алматыға оқуға аттанған екенбіз.

– Алыс жолға шығарда – жаман істі бастамайық!..

Содан, Шымкентке жеткенше үнсіз келдік.

3. “Талпақ танауды” тасыған күндер

Түстің берген аянының бақ пен сор болып келуі – әркімнің өзіне де байланысты деген пікірді ұстанатындар да бар ғой өмірде. Мен өзімді сондайлардың санатына жатқызармын, сірә. Сонау, ауылдан Алматыға аттанатын күні түсімде көрген поездың ащы үні, біздің ауылдың бас жағындағы Шолақтаудың құзар шыңына бет түзеп, темір рельстерді үзіп жіберердей ышқына тартып кетіп бара жатқаны біздің өміріміздің де бұдан былайғы жүріп өткен өткелдеріне сәйкес келуі таңқалдырмай қойған жоқ. Әуез екеуміз де қазақ ауылында орысшаға шорқақтау болып өстік. Шымкенттен біреулердің ақылымен тауар таситын поезға “зайчик” боп отырыппыз. Содан, бірінші Алматыдан түсіп қап, келесі бір поезбен екінші Алматыға “жол шектік”. Сөйтіп жүргенде, темір жолдың бойында кездестірген бір жігіт ағасы біздің бірінші мен екінші Алматыны ажырата алмай жүргенімізді, екі сөтке ұйықтамағанымызды, ауылдан келгенімізді, орысша білмейтінімізді сезіп жаны ашыған болуы керек, өзімен бірге ертіп келіп маневр жасайтын тепловоздың купесіне орналастырғаны бар. Ондағысы – бұл байғұстар, ең болмаса, бір түн болса да ұйқысын қандырып алсын дегені екен. Ол кезде “маневр”, “состав”, “тепловоз” деген сөздерді онша түсініп біле бермейтін біздер оның бұл жасаған жақсылығына керек болса күдіктене қарадық емес пе. Әбден, “Алматыда шпана көп” деп, ауылдан басымызға құйып тастаған ғой. Содан, әлгі кісі ештеңе талап епестен, талай күн ұйқымыз шала боп жүрген біздерге купеге түсімізге кірмеген ашпақ төсекті салып берді де “таңға дейін алаңсыз ұйықтап алындар, інілерім. Өзім кеп оятамын” деп шығып кетті. Бар-жоғы екі-үш сағат көз іліндірсек керек, ояна кетсек, поезд бар жылдамдығымен ызғытып келеді. Батыс пен шығысты түн ішінде айыру мүмкін емес. Тек, екі қапталға қарасаң да қалың ағаштан көз ашпайсың. Ағашы сиректеу таулы аймақтан келген бізге қорынышты да көрінді. Сонда барып білдік, бағанағы ағамыз сырттан тексеріп жүргендер болса біздерді мазаламасын деген болуы керек, купенің есігін тас қып құлыптап жауып кетіпті. Сондағы Әуез екеуміздің “Ой-бай!...Сібірге, не БАМ-ға өтіп кеткен жоқпыз ба?!” деп таңға дейін көз ілмегенімізді айтсайшы. Ол кезде екі Алматының арасы он бес минуттық жол екенін қайдан білейік. Сөйтсек, маневр жасайтын тепловоз екі арада таңға дейін арлы-берлі тынбастан қатынайды еке .

Мұндай ұқсастықты қойыңыз, екеуміз де емтиханнан бір балымыз жетпестен оқуға түсе алмай қалдық. Сонда да, амандығымызды білдіріп, “емтихандар бітісімен” ауылға баратынымызды айтып,

поштамен дембіл-дембіл хат жазып қоямыз. Оқуға іліге алмай қалған өкініш өзекті өртейді. Орталық саябақтарда орындық көрсек енді не істейтінімізді, қандай шешім қабылдау керектігін ойлап, сағаттап отырып, бас қатырамыз. Не керек, ауылға бармайтын болып біржола бекіндік. Оның екі түрлі себебі бар еді. Біріншіден, бара қалсақ, оқу дегеннің ендігі арман болатынын, әкелеріміздің “өзіміз қалаған ауылдың ақ балтыр қызына” үйлендіретіні ап-айқын. Екіншіден, әскер жасына да келіп тұрмыз. Ойласа кеп екі жылды әскерге өткізгенше Теміртаудағы ВТУЗ-ға немесе комсомолдық жолдамамен (сол кезде ондай жолдамалар жиі болатын) Магниткаға баруды ниет қылдық. Құдай көз жасымызды көрді ме, сол жылы күзде жоғарғы оқу орындарында алғаш рет ауыл балаларына арналған дайындық курстары ашыла қалмасы бар ма. Іздегенге сұраған демекші, біздің конкурстан өтпей қалды деген анақтама қағазымыз бар қолымызда. Жолымыз болып күзде КазГУ-дің дайындық курсына ілігіп кеттік. Қуанышымызды тауысып айту мүмкін емес. Жаз бойы ауылдан қашқалақтап, автовокзал, тауар вокзалы, ет комбинаты дейсің бе, табылған жерден жұмыс істеп күн көріп жүрген жайымыз бар еді. Үстіміздегі киімдеріміз де ескіріп бітті. Енді міне, бір сәтте өзі іздеп келген бақытқа кенелдік те қалдық. Сабақ оқи жүріп те өзімізді өзіміз асырай алатынымызға, қарнымыздың аш болмайтынына көзіміз жетті. Қаланың қай бұрышында тиіп-қашып істейтін қандай жұмыстар барын жақсы біліп алдық. Олай болса, бізді ойлап, ендігі жоғалта бастаған әке-шешелерімізге хабар беріп, тірі екенімізді, тіпті аңсаған оқуларымызға түскенімізді жеткізуге асықтық. Әуез екеуіміз бас поштаға барып телеграмма салдық.

Түс ауа Никольский базарының жанында орналасқан №3 жатақханадан орын алайық деп келсек, дәл есіктің алдында студенттерді ден саулығы мен тазалық тексеруден өткізу үшін арнайы жылжымалы санитарлық медициналық автобусты әкеп қойыпты. Қырықшақты студент кезекпен бір-бірлеп тексеруден өтуде екен. Біз де келіп сондарынан тұра қалдық. Шығып жатқандардың әңгімелерінен байқасақ, тек флюорографиядан ғана емес үсті-бастың тазалығына, әсіресе іш киімдердің жиектеріне шұқшыып қатты қарайды екен. Әуез екеуіміз де нендей шешімге келерімізді білместен әбіржіп қалдық. Несін айтасың, біраздан бері ет комбинатының сасық цехтарына бауыр басып алған біздер, дәл қазір іш киімдерімізді ойлайтындай халде емес едік. Кезек жақындап қалған...

– Әуез, кеттік, дүкенге барып, жаңа іш киімдер сатып алайық. Ауыстырмасақ болмас... – деп күмілжи бастадым.

– Құдекем, оныңыз не!... Біз дүкен аралап, ол киімдерді пәтерімізге барып ауыстырып келем дегенше біздің көкеміз жатақханадан орын әзірлеп отырады дейсің бе? Әзірге орын барда қалайда алып қалуымыз керек,- деп Әуез сөзді кесіп тастады. Оның айтып тұрғаны да рас, “аузы күйген үріп ішеді” демекші, әбден оқудың зары сүйегімізгі дейін өтіп кетсе керек.

– Қазір, қара да тұр... мен не істесем, соңымнан жүріп отырыңыз,- деді де ол былайырақ шығып, жұрттан теріс айналды да машинаға бұрылып тез-тез шешіне бастады. Сондайлық көз ілеспес жылдамдықпен қимылдады. Қыздар мен жігіттер біздің не істеп жатқанымызды түсініп үлгермеді десе де болғандай. Іштей ойлауға мұршам келместен мен де ол не істесе соны шеберлікпен орындаған сыңайлымын. Әп-сәтте, көзді ашып жұмғанша трусімізді теріс аударып кидік те, дәрігердің кабинасына кезексіз қойып кеттік. Рентгеннен өтісімен, дәрігерге айтқызып жатқызбастан өзіміз іш киіміміздің ішкі жақтауын аударып көрсеттік. “Неткен, айтқызбай түсінетін, ұғымпаз жігіттер” дегендей, дәрігер екеуімізге де бір қарады да, ризашылықпен басын шұлғып тұрып, анықтамамызға ынта-шынтасымен мөрін басып беріп жатты.

Былай шыға есімді жиып болған соң, Әуезге ренішімді білдірдім.

– Қалың елдің көзінше, тапа тал түсте тыр-жалаңаш шешінгеніміз не!?. – деп.

– Құдеке-ау, мені бір ойланып істеді дейсің бе? Оның үстіне қазір түнгі ауысымға түсеміз. Уақытымыз жоқ. Бізді ет комбинатында күнін көріп жүр деп біреу-міреу мүсіркейді дейсің бе. Құдай қаласа, енді анау талпақ танауларды тасудан біржола құтылармыз. Сосын бір күн бойы моншаға түсіп, иіс-қоңысымызды кетіріп, тап-таза қалпымызда жатақхананың ақ төсегіне топ ете қаламыз. Сонымен, жаңа өмір дегенің басталып та кетпейді ме?! – деп өзіме жымия қарап тұр. Құдайақы, оның сөзіне елтіп-ақ кетіппін.

Расында, оның айтатынындай да бар. Күнде ет комбинатында түнгі сменада жұмыс істейміз. Тау-тау болып жатқан шошқаның бастары екі-үш күн тасылмаса иісі шыға бастайды. Ондайда, үлкен цехтардағы тыныс алатын ауаның өзі май сасиды. Осы “байлықты” келесі қабаттағы өңдеу цехына қол арбамен екеуіміз тасимыз. Зырылдатып ала жөнелгенде, оңай да жұмыс емес. Ауылда өскендіктің, жастықтың арқасы ма мастеріміз де, цех бастығы да орыстар, біздің қажыр-қайратымызға дән риза.

Ақшасын да біздіңше, тәуір қоятын секілді. Соған қызығамыз деп жүріп, таңның қалай ататынын да байқамай қаламыз.

Ет комбинатында өткізген осындай соңғы бір күндер екеуіміздің есімізде мәңгі сақталынып қалып еді. Күндегі әдетше келе сала қол арбамызға жармасқан Әуез екеуімізді “цех бастығы шақырып жатыр” деген соң жетіп келсек:

– Жігіттер, екеуіңнің бір күнге көмектерің керек болып тұр. Мал соятын цехқа адам жетпей жатыр. Жұмысы ауырлау, бірақ ақшасы жаман емес. Барасыңдар ма? – деді.

Ауыр жұмыс десе жанығып тұратын жас кез емес пе. Айтса айтқандай екен, етке семіріліп, дайындап өткізілген, ту саулықтарды жігіттер кезек-кезекпен сирағынан сүйрелеп әкеліп темір шынжырға байлайды да шығыршыққа іліп, транспортермен жоғары жібереді. Қара терге түсіп, дамылсыз жұмыс істегенде он бес минутқа әзер шыдайды. Сосын, үзіліс жасайды. Әсіресе, таң ата жігіттер қатты қалжырайды. Аяқтары тәлтіректеп, қоймен бірге өздері де құлап жағады. Салмағы төрт-бес килодай шығыршыққа елу-алпыс кило келетін қойларды ілгектеп, айналмалы механизммен жоғары жөнелту оңай емес қой.

Әуездің алдында жүріп отырған жігіт нәзік бітімдеу еді. Бір-екі мәрте қоймен бірге құлап та жүрді. Осындай бір сәтте ол шығыршықты транспортерге дұрыс ілмеген боп шықты. Екі метрге дейін жоғары көтерілген ту саулық шығырымен бірге Әуездің үстіне құлап түсті. Көз алдымызда қоймен бірге үш-төрт кило болатын білік темір Әуездің басын осып өтті. Демде, бет жүзін қан жуып кеткенін көрген менің есім шықты. Бәрі де бітті деп ойладым, шынымды айтсам. Жо-оқ, Әуезім, біз жанына жеткенде қыбырлап, орнынан тұрмаққа әрекет жасап жатыр. Жылап жібердім, қорыққаннан ба, бәлкім, қуанғаннан ба, білмеймін. Қиындық пен қуанышты бірге көріп, қара қылды қақ бөлгендей қара нанды бірге бөлісіп жеген бауырдан айырылудан асқан ауыр хал менде жоқ еді. Оның үстіне “ауылдан бірге ертіп әкеліп, айдалада өлтіріп алдым-ау” деген суық ой да бойымды тітіркендіре қарып өткендей. Әп-сәтте жедел жәрдем дегендер топырлай қалды. Басшыларда зәре-құт жоқ... Жедел жәрдем ауруханасында үш-төрт сағат жатып, алған жарақатымыздың аса қауіпті емес екеніне көзіміз жеткен соң екеуіміз далаға шықтық.

Сейфуллин даңғылымен таңғы сағат бесте жаяу жортып келеміз. Осыдан сәл ғана бұрынғы қиындық әп-сәтте ұмыт болғандай... Ауылды, оның әсем табиғаты мен адамдарын сағынғанымызды енді

шындап сезіндік. Әкелеріміз біздің хатымызды алып: “балаларымыз жазушылық оқуға түсіпті” деп қуанғаны сонша, той жасапты. Ең ақыры, күздегі оқу басталғанша беретін аз ғана демалысымызды пайдаланып, жүзімізді көтеріп, ауылға бара алатынымызды ойладық. Бағытымыз – Көктөбенің бауырындағы жалдап алған орыс шалының пәтері. Тек, анда-санда ғана Комсомол көшесінің бойымен Тастак жаққа қатынайтын бірді-екілі таксилердің ғана түңгі тыныштықты бұзған үні болмаса, көше қалың ұйқыда, мүлгіген тыныштық. “Енді көрмегеніміз – ет комбинаты болсын!.. Өткеннің бәрі – бастан-кұлақ садаға!.. Көптен зарығып күткен студенттік өмір, құшағыңды аш, бізге!.. Өмір деген тамаша ғой, бауырлар!..” деп екеуміз Сейфуллин даңғылын бір сәт басымызға көтеріп, айғайлап келеміз...

Бұл – 1971 жылдың жаңбырлы күзі болатын.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз орнына	3
БІРІНШІ БӨЛІМ. ЖАНУАРЛАР МЕН ЖӘНДІКТЕР ӘЛЕМІ	
Көбелектер.....	5
Ақ балық.....	5
Түлкінің түйсігі.....	6
Кірпі.....	7
Ақ тиын.....	8
Қасқыр мен Кірпі (<i>халық ертегісі</i>).....	8
Түлкі мен Құмыра (<i>халық ертегісі</i>).....	9
Тасбақа мен Құрбақа (<i>халық ертегісі</i>).....	9
Қолтырауын.....	10
Әтеш.....	10
Мақтаншақ Маса.....	11
Инелік.....	11
Тырнарлар.....	12
Шегіртке.....	12
Тотықұс.....	13
Асау тай.....	13
Ақ лағым.....	14
Қошақаным.....	15
Керік.....	15
Бөрібасар.....	15
Мойнақ.....	16
Мысығым.....	16
Ботақаным.....	17
Үй жануарларының үні.....	18
Құстар үні.....	18
Балапан.....	19

ЕКІНШІ БӨЛІМ. ҚУЫРШАҚ-АУ, ҚУЫРШАҚ

Қуыршақ-ау, қуыршақ.....	22
Терезе.....	22
Ақылды біздің қыз, Меруерт.....	22
Әжесінің Жанаты.....	23
Оразға.....	23
Әмина.....	23
«Банан апа» мен» Мұрт ата».....	24
Әке мен бала.....	25
Әже мен немере.....	25
Тоғжан.....	26
Айша.....	26
Әнуар.....	27
Кетік.....	27
«Р-ға» тілі келмейді.....	27
Түзелбек.....	28
Бәйшешек.....	28
Үстіндемін өзімнен бір кемеңің.....	29
Тілім менің.....	30
Ана тілім байлығым.....	30
Матрешка биі (<i>орыс өлеңінің ізімен</i>).....	31

Жақсылықты ұқсатып.....	31
Бірінші Май.....	32
Жақсылықты тілеп мың.....	32
Түріннен сенің, айналдым.....	33
Бағдаршам.....	34
Жолаушылар көлігі. Трамвай.....	35
Трамвайдағы кафе.....	35
Поезд.....	35
Метро.....	36
Троллейбус.....	36
Такси.....	37
Ұшақ.....	37
Тікұшақ.....	37
Кеме.....	38
Автобус.....	38
Боранбек.....	38
Жұмбақ-өлеңдер (<i>бақшадағы дақылдар</i>).....	42

ҮШІНШІ БӨЛІМ. МЕН ДЕ САРБАЗ БОЛАМЫН!

Жер шары.....	50
Орындық.....	51
«Бөрілі байрақ» деген не?.....	51
Оригами.....	53
Күнгізбе.....	53
Аспанды бұлт тасалап.....	53
Күнгізбе.....	53
Жыл он екі ай. Наурыз айы.....	54
Көкек айы.....	55
Мамыр айы.....	55
Маусым айы.....	55
Шілде айы.....	55
Тамыз айы.....	56
Қыркүйек айы.....	56
Қазан айы.....	57
Қараша айы.....	57
Желтоқсан айы.....	57
Қаңтар айы.....	58
Ақпан айы.....	58
Мұғалім.....	58
Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам.....	59
«Н»-ды таныық әріп деп.....	60
Отан-Ана.....	61
Қобыз.....	62
Домбыра.....	62
Мен де сарбаз боламын.....	63
Анашым менің.....	65
Інімнің жауабы.....	65
Жұлдыз аттары. Құс жолы.....	66
Темірқазық.....	67
Жетіқарақшы.....	67
Үркер.....	67
Шолпан.....	67

Кемпіркосақ (Э. Авакян).....	68
Бұлт берші, көк аспан (Э. Авакян).....	68
Хайуанаттар паркінде (Э. Авакян).....	68
Көшедегі мүйізтұмсық (Э. Авакян).....	69
Ұлу-әже (Э. Авакян).....	69
Аққұтан (Э. Авакян).....	70
Қарттар үйі (Лара Иванова).....	70
Әже туралы жыр (М. Яснов).....	71
Екі әже (А. Барто).....	71
Соқыртеке.....	72
Итжығыс.....	72
Бағыр пионер.....	73
Сәлімжанның ерлігі.....	76
Өнер күші (қазақ халық ертегілерінен).....	80
Алтын балта (қазақ халық ертегілерінен).....	83
Жолбарыс пен тышқанның достығы жайында (қазақ халық ертегілерінен).....	86
Көктемде.....	88
Ұстазым.....	89
Елтаңба.....	90
Полиция қорғаным.....	91
Апа-ау, сенің арқаң.....	92
Жаман әдет.....	92
Кұлындарым.....	94
Бір үзім нан.....	95
Бауырдың жөні бір басқа.....	95
Мұқағалиға.....	95
Сөз айттың не.....	96
Баға.....	97
Қызыма.....	98
Бақыт жайлы.....	99
Туған елім.....	100
Қазақстан.....	101
Алматым.....	102
Туған жерім.....	102
Туған жермен сырласу (баллада).....	103
Жалғыз түп тұт (баллада).....	105
Сырмақ, қамшы және бөрік туралы баллада.....	110
Ғашық әні (баллада).....	114
ТӨРТІНШІ БӨЛІМ. БАЛАПАҢҒА БАЗАРЛЫҚ	
Айгөлек (әңгіме).....	119
Ана бейігі басында (әңгіме).....	120
Қос жетім (әңгіме).....	126
Қара тоқты (әңгіме).....	135
«Екі жарты – бір бүтін» (әңгіме).....	141
Айшуақ пен Күншуақ (ертегі).....	153
Балаға қандай ат қойып жүрміз? (Эссе).....	160
Жеті атаны қалай таратып жүрміз?.....	165
Тазша бала.....	165
КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН. Естен кетпес күндер.....	172

Құдиярбек АҒЫБАЕВ

АЙНАЛАЙЫН

Балаларға арналған:

- өлеңдер,
- жұмбақтар,
- әңгімелер,
- ертегілер және анимациялық фильмнің сценарийлері

Басуға 07.09.2015 кол қойылды.
Қалыбы 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі: Times New Roman Шартты
баспа табағы 10.0,
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №1023.

«Баспалар үйі» АҚ
Мекенжайы: 050009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй
Телефоны +7 (727) 395-52-02,
электронды пошта: baspalaryu@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

ISBN 978-601-7565-09-1



9 786017 565091



Құдиярбек Молдабайұлы АҒЫБАЕВ

1952 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Бөйдібек ауданының Алмалы ауылында дүниеге келді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің журналистика факультетін бітірген. Республикалық баспасөздерде, көп жылдар бойы Қазақ радиосында редакторлықтан бастап, Бас директорға дейін қызмет атқарған. 1980 жылы көрнекті ақын М. Әлімбаевтың тұсаукесерімен балаларға арналған бір топ өлеңі «Балдырған» журналында жарияланып, оқырман жылы қабылдаған еді. Содан бері оның әңгімелері, өлең-балладалары, очерктері республикалық басылымдарда көрініп, «Біз – октябратпыз», «Жыл он екі ай», «Балалар әні», «Махаббат назы», т.б. оннан астам жинақтарға енді. «Қарлығаштар» (1985 ж.), «Үзілмеген үміт» (2007 ж.) деп аталатын повесі мен әңгімелер жинағы, «Қазақ радиосы – 80» деп аталатын зерттеу кітаптары бар. Оның сценарийлері бойынша «Қазақфильм» киностудиясында анимациялық фильмдер түсірілді.

Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты Қ. Ағыбаев Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының «Кино және телевизия» режиссурасы факультетінде он жылдан астам доцент болып қызмет етті. Қазіргі кезде Қаз ҰУ-нің журналистика факультетінде аға оқытушы.